Жолдаудың басты ерекшелігі – «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты ұзақ мерзімді даму бағдарламасының қисынды жалғасы әрі тактикалық жүзеге асырушылық сипатта болуы. Яғни, Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіруі үшін қандай іс-әрекет жасап, нендей мақсат-міндеттерді жүзеге асыруы қажет деген мәселеге Президентіміздің жаңа Жолдауында егжей-тегжейлі жауап берілген.

Күн сайын қарыштап дамып бара жатқан батыс пен шығыстың алып мемлекеттерінің тәжірибесіне қарасақ, олар ғылымға көңіл бөлу арқылы жан-жақты дамуға қол жеткізіп отырғанын байқаймыз. Мысалы, АҚШ ғылымды дамытуға жыл сайын 400 млрд доллардан астам қаржы жұмсайды, бұл ішкі жалпы өнімінің (ІЖӨ) 2,7% құрайды. Бүкіл әлем бойынша ғылымды дамытуға жұмсалатын қаржының 34% АҚШ үлесінде болса, 26% – Еуроодаққа, 14% – Жапонияға тиесілі екен. Соңғы жылдары Қытай мен Үндістан да ғылымға ІЖӨ 2% бөлігінен астам қаржы бөліп, инновацияға баса назар аудару арқылы дамудың жаңа сатысына көтеріліп отыр. Дамыған елдердің қатарына ену үшін Қазақстан әлемдік үрдістен қалмауы тиіс. Сондықтан, Елбасымыз қазақстандық экономиканың жоғары технологиялық жаңа салаларын құру мен ғылымды қаржыландыруды ІЖӨ 3% кем емес деңгейге дейін арттыру талабын қойып отыр. Бұл өз кезегінде қазақстандық ғалымдардың мүмкіндігін кеңейтіп, жаңа ізденістер жасауына, белсенді шығармашылықпен айналысуына игі ықпал етері сөзсіз. Ендігі мәселе осы бөлінгелі отырған қыруар қаржыны талан-таражға салмай, орын-орнымен жұмсап, ғылыми ортадағы әділ бәсекелестікті дұрыс жолға қою.

Дей тұрғанмен, бұл салада шешімін таппай келе жатқан мәселелер де жетерлік. Әсіресе, Қазақстанның ғылымын дамытуға кері әсерін тигізіп жүрген жағдайлардың қатарында ғылым мен өндірістің арасындағы байланыстың ажырап кетуі қатты байқалады. Ғылыми жаңалықтардың авторлық құқық алуы, қолданысқа енуі, мемлекеттік қолдау табуы, өндіріске жол тартуы сияқты істер қиындық туғызатынын көптеген ғалымдарымыздың аузынан естіп жүрміз. Импакт факторлы шетелдік ғылыми басылымдарға мақала жариялау да отандық ғалымдар үшін өте қиын, қыруар уақыт алатын кедергілері де көп, оған қоса, өз қалтаңнан әжептеуір қаржы-қаражат жұмсауың керек. Турасын айтсақ, қазақстандық ғалымдар шетелдік басылымдарды қаржыландыру үстінде, ал, қазақстандық ғылыми басылымдар өздеріне тиісті үлестен қағылуда. Қазақстандық басылымдарға мақала жариялауға ұмтылатын шетелдік ғалым кемде кем. Қолда бардың қадырын білмей, кіселегінің қолындағы жылтыраққа қызыға бергеннен пайда жоқ. Қазақстанның ғылымын дербес дамытамыз десек, отандық ғалымдарымыз шетелдік басылымдарға тәуелді болмауы керек. Енді саннан сапаға қарай өтетін мезгіл келіп жетті. Бұл да бір шешімі табылмай отырған түйткілді мәселе. Сол сияқты, жоғары оқу орындарын тәмамдайтын түлектеріміздің басым бөлігі өздерінің мамандықтары бойынша жұмыс таппайтынынан да бәріміз хабардармыз. Себебі, өнеркәсіп ошақтары жетіспейді, ауыл шаруашылық саласы да кенжелеп дамуда. Осындай мәселелерге ел болып баса назар аударуымыз қажет.

Ұлт көшбасшысының барша қазақстандықтардың алдына қойып отырған міндеттері тактикалық түрде жүзеге асатыны қуантады, яғни, 2050-ге дейінгі жылдар жеті бесжылдыққа бөлініп, олардың әрқайсысы бір мақсат – дамыған 30 елдің қатарына кіру мәселесін шешеді. Бірінші бесжылдық аясында автомобиль және авиақұрастыру, тепловоз, жолаушылар және жүк вагондары өндірісі жолға қойылмақ. Ал, екінші және одан кейінгі бесжылдықтарда мобильді, мультимедиялық, нано және ғарыштық технологиялар, робот техникасы, гендік инженерия салаларын, болашақтың энергиясын іздеу мен ашудың негізі салынбақ. Бұлардың барлығы ғылыми ауқымы кең іс-әрекет арқылы жүзеге асатынын ескерсек, Қазақстанда инновациялық өндіріс жанданады деген үмітіміз зор. Ғылым мен өндіріс ұштасқанда ғана нағыз ғылыми қамтымды экономикалық базис жасалады. Бұлай болмайынша, Қазақстанды әлемнің дамыған елдерінің қатарынан көре алмаймыз.

Сонымен қатар, Қазақстан өзінің жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орын алатынын ескерсек, отандық агроөнеркәсіп кешенін инновациялық бағытқа түсіру аса маңызды. Кең байтақ қазақ жері ауыл шаруашылығына қолайлы, ата-бабаларымыз ежелден мал шаруашылығына бейімделген. Егін салудан да құр алақан емеспіз. Қазақстандық аграрлық өнімдер өзінің экологиялық тазалағы, сапасы мен құндылығы жағынан әлемдік нарықтан өз орнын ойып тұрып алуға қабілетті. Ауыл шаруашылығын дамытудың мультипликативтік әсері де орасан зор, өзімен іргелес экономика салаларын, өңірлердегі мәдени-рухани

өмірді де қоса дамытады. Ауыл – қазақтың алтын қазынасы һәм дәстүрлі қара тамыры. Елбасымыз айтқандай, «Жасыл» экономикаға көшу жөніндегі қабылданған тұжырымдамаға сәйкес, 2030 жылға қарай егіс алқаптарының 15% суды үнемдеу технологияларына көшірілетін болады. Қазақ елі аграрлық ғылымды дамытып, сынақтық аграрлық-инновациялық кластерлерді құруға барынша күш салуы қажет. Мысалы, табиғаты қатал, жері тастақ Израиль мемлекеті ғылыми инновациялық технологиялар арқылы ауыл шаруашылығын өркендетіп отыр.

Қазақстан үшін өзінің геосаяси жағдайы мен транзиттік әлеуетін ұлттық мүддеге сай пайдалана отырып, еркін сауда мен ашық қарым-қатынасқа негізделетін жан-жақты экономикалық даму анағұрлым тиімді болары даусыз. Сондықтан, Елбасымыз жаңа жолдауында айтқанындай, инфрақұрылымдық ұштаған – агломерацияның, көліктің, энергетиканың қарқынды дамуын қамтамасыз ету күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе. Агломерацияларды, яғни, ірі қалалардың маңын дамытудың экономикалық қана емес, әлеуметтік, мәдени-рухани тұрғыда ұтымды тұстары көп. Әлемдегі ірі қалалардың барлығында өзіндік агломерациялары бар, бұл урбанизация үдерісіне тән ортақ заңдылықтардың бірі.

Батыс пен Шығысты дәнекерлеп, Еуразия төсінде орын тепкен Қазақ елі табиғатынан алып транзиттік дәліз болып табылады. Кең пейіл қазақ ұлтының қонақжай мінезіне де осынау географиялық фактор өзінің игі ықпалын тигізсе керек. Көлік-транзиттік әлеуеті зор мемлекет үшін көлік инфрақұрылымын дамытудың өмірлік маңызы бар. Елбасымыз айтқандай, сапалы заманауи магистральдарсыз дамыған ел болмайды. Бұл бағытта біздің елімізде көптеген жобалар жүзеге асырылуда, олардың дені мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынғаны баршаға мәлім. Бірақ, бұл бағытта да атқарылар қыруар істер жетерлік. Әсіресе, соңғы кездері қара жолдың үстінде ажал құшқан қазақстандықтардың саны артпаса, кемімей отырғаны қатты қынжылтады. Жол-көлік оқиғаларының себептері негізінен автожолдардың тарлығы мен асфальт төсем сапасының нашарлығы, жүргізушілердің жол ережелерін бұзуы, техниканың талапқа сай болмауы т.б. Қазақстан үкіметі шетелдерден әкелінетін автокөліктерге Евро-4 стандартына сай болуы тиіс деген талап қояды. Ал ол автокөліктер жүретін жолдар мен тұтынатын жанар-жағар майларды, оларға көрсетілетін сервистік қызметтерді Евро-4 стандартына шынайы сәйкестендіру Қазақстанда қашан жүзеге аспақ? Бұл да ойланатын мәселе, себебі, айнадай даңғыл жолдар елдің даму деңгейін айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Жолдауда көтеріліп отырған тағы бір маңызды міндет – экологиялық таза өндіріс пен балама энергия көздеріне қарай ойысу. Бұл мәселелер заманауи ғылыми дамудың басым бағытына айналып отыр, сол үшін отандық ғылымның дамуы да осы бағытқа қарай өрбуі тиіс. Астанада өтеді деп жоспарланған Дүниежүзілік ЭКСПО-2017 көрмесіне дайындық аясында Назарбаев университетінің қолдауымен болашақтың энергиясын іздеу және жасау жөніндегі озық әлемдік тәжірибені зерделеу мен енгізу орталығы құрылмақ.

Сонымен қатар, Елбасы жолдауында қазақстандықтарды көптен бері толғандырып жүрген тағы бір өзекті мәселенің мәні ашылды. Ол – отандық ядролық энергетиканы дамыту. Энергетикалық тапшылық қатты сезіліп отырған бүгінгі әлемде арзан атом энергиясына деген қажеттілік күн өткен сайын өсе түсуде, болашақта бейбіт атом энергиясына басымдық берілетіні айқын болып отыр. Ал, Қазақстан – уран өндіруде әлемдік көшбасшы, уран кенінің көлемі бойынша Австралиядан кейінгі екінші орынды иемденеді. Елбасы жолдауында Қазақстан атом электр стансасын салып, уран өндірісін дамытатын айтты. Бұл сала да білім мен ғылымды қатты қажетсінеді, сәйкесінше, атом энергетикасын дамыту отандық ғылымның джамуына жаңаша серпін береді деп күтілуде. Ендігі мақсат осы бағыттағы ғылыми ізденістерді белсенді жүргізу, салалық мамандарды кәсіби даярлауды дұрыс жолға қою.

Бүгінгі таңда еліміз әлемдік білім беру кеңістігіне тереңдеп енді, дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесінде қолданылатын стандарттар мен ұстанымдар қолданысқа енген. Бен істің арасында алшақтық болмауы үшін қазақстандық білім берудің барлық буынын сапалық жақсартуға күш салуымыз қажет. Сондықтан, отандық педагогтар қауымын ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Білім беру, тәрбие, өндіріс, ғылым, шығармашылық бір-бірімен өріле отырып, кешенді жүруіне қол жеткізу биік мақсатымыз. Осының арқасында жақын арада елімізде дуальдік, техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесі қалыптасатын болады. Сондай-ақ, президенттік тапсырмаға сәйкес, жастардың техникалық білім алуын мемлекеттік кепілдендіруге көшіретін болдық. Қазақтың бір мақалы «Ел боламын десең, бесіңді түзе» дейді. Көреген саясаткер ретінде Елбасымыз жаңа жолдауында 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамтуды жоспарлап отыр. Бұл да стратегиялық маңызы зор жоспар. Адами капиталды дамытуға салынған қаржы-қаражат пен ерік-жігер ерқашан өзін-өзі толығымен ақтайды. Бала тәрбиесі ертеңгі күнге жасалған ең қымбат инвестиция.

Ал орта білім жүйесінде болса, қазақстандық жалпы білім беру мектептерін Назарбаев зияткерлік

мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу межесіне қол жеткізсек, онда еліміздің орта білім беру жүйесі әлемдік стандарттарға сәйкестенеді деген сөз. Мектеп түлектері болашақта қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеретін болады. Оларды оқыту оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеруге бағытталмақ. Нәтижесінде ой-өрісі кең, ізденімпаз, шығармашылыққа жаны жақын азамат қалыптасады. Мұндай азаматы бар Қазақстанның болашағы кемел боларына сенім мол.

Алайда, қазіргі таңдағы отандық орта мектептердің шешілмей жатқан проблемалары көп. Біраз аймақтарда мектептер жетіспейді, үш ауысыммен оқып жатқан қара домалақтар баршылық. Елбасымыз жолдауында осындай келеңсіздіктерді жою туралы арнайы тапсырма беріліп, таяудағы 3 жыл ішінде, 2017 жылға дейін орын жетіспеушілігін жойып, қажетті жерлерде елдегі барлық мектепті екі ауысыммен оқытуға көшірілетін болды.

Енді Елбасы Жолдауындағы көтерілген жоғары білім беру мәселелеріне тоқталар болсақ. Бұған дейін Білім және ғылым министрі А.Сарінжіпов жоғары оқу орындарына дербестік берудің ықтималдығы туралы сұхбат берген еді. Елбасы жолдауында бұл мәселенің ақ-қарасы ашылды, еліміздің жетекші университеттерін академиялық және басқарушылық автономияға біртіндеп көшіру жоспарлы түрде іске асатыны анық болды. Шетелдің жоғары оқу орындарында бұл мәселе шешеімін тауып қойған және өзінің тиімділігін дәлелдеп үлгерген. Сондай озық тәжірибелерді жоғары білім беру саласына ендіруді қуана құптаймыз.

Биылғы Жолдау әрбір қазақстандықтың алдына осындай асқақ мақсаттарды қойып отыр. Қазақстан сияқты «Мәңгілік ел» құру үшін асқар таудай асқақ мақсат болуы шарт. «Мәңгілік ел» ел халқын биік белестерді бағындыруға жұмылдыратын жалпыұлттық идеяға айналып отыр. «Мәңгілік ел» – Қазақстандағы демократиялық құрылыс ауқымында билік үшін күресетін барша саяси күштерді ұйыстыратын ортақ тұғырнама. «Мәңгілік ел» – барша қазақстандықтардың бойына азаматтық патриоттық сезім ұялататын мемлекеттік идеология. «Мәңгілік ел» – елдігімізді баянды ететін стратегия, оның өзегі – мемлекеттік тіл, қазақ тілі.

Әлемге үлгіге айналған «Мәңгілік ел» идеалды идеядан өмірлік шынайылыққа айналуы үшін Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев қажыр-қайратын аяған жоқ, қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтауды ешқашан да күн тәртібінен түсірген емес. Қазақстан халқы Ассамблеясы сияқты бірегей ұйым құрып, бейбіт өмір сүрудің теңдесі жоқ үлгісін төрткүл әлемге паш етті. Ассамблея аясында күрдтердің де ұлттық-мәдени орталығы қызмет етеді, Елбасы мен Қазақ елі тарапынан күрдтерге ана тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін дамытуға барлық мүмкіндіктер жасалған. Елбасымыздың әрбір жолдауы – еліміздің алға қарай дамытудың бағдары болса, «Қазақстан-2050» стратегиясы – «Мәңгілік Елге» бастайтын ұлы жолымыз.

УДК 327 (574)

## **«МӘНГІЛІК ЕЛ» - ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ ҰЛЫ ЖОЛЫ**

**Т.Ә. Нұрпейіс** – тарих ғылымдарының кандидаты

Бұл мақалада автор Тәуелсіз Қазақстанның жиырма жылдығындағы Тұңғыш Президент – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттік және саяси-қоғамдық қызметі туралы жазады. Автор жаңа біртұтас қалыптасқан қоғам – «Мәңгілік Ел» құру жөнінде өзіндік ұлттық даму стратегиясы бар жаңа демократиялық, қарқынды дамып келе жатқан Тәуелсіз Қазақстанды құруда Н.Ә. Назарбаевтың еш өлшенбейтін қосқан үлесін белгілейді.

**Тірек сөздер:** Тұңғыш Президент-Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев, «Қазақстан-2050» стратегиясы, «Мәңгілік Ел» құру идеясы, жаңа саяси бағыт, Қазақстан халқы Ассамблеясы

В данной статье автор пишет о государственной и общественно-политической деятельности Первого Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева за последнее десятилетие Независимого Казахстана. Автор отмечает неоценимую заслугу Н.А. Назарбаева в деле построения молодого, демократического, динамично развивающегося государства, имеющая свою национальную стратегию развития – построения нового монолитного, крепко сплоченного общества – «Мәңгілік ел».

**Ключевые слова:** Первый Президент – Лидер нации Н.А. Назарбаев, Стратегия «Казахстан-2050», идея построения «Мәңгілік Ел», новое политическое направление развития, Ассамблея народа Казахстана

In this article, the author writes about public and political activities of the First President of the Republic of Kazakhstan – Leader of the Nation Nursultan Nazarbayev during the last decade of independent Kazakhstan. The author notes the invaluable merit of Nursultan Nazarbayev in building a young, democratic, dynamic nation has its national development strategy – building a new monolithic, tightly cohesive society – "Mangilik el".

**Keywords:** the First President – Leader of the Nation Nursultan Nazarbayev, Strategy "Kazakhstan-2050", the idea of building a "Mangilik El", the new political direction of the development Assembly of People of Kazakhstan



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты үстіміздегі жылғы Жолдауын Қазақстан халқы асқан қуаныш сезіммен, зор ықыласпен қарсы алды. Еліміздің тарихында өте үлкен саяси оқиға болып отырған бұл Жолдау Елбасы көрсеткен барлық шаралардың өте маңыздылығымен ерекшеленіп тұруында. Аталған шараларды халқының жүзеге асыратынына кәміл сенген кемеңгер Елбасы биылғы он сегізінші Жолдаудың алтын діңгегі, темір қазығы етіп «Мәңгілік Ел» болу стратегиясын ұсынып отыр. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүрген 22 жыл ішінде қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағынан тұрақты түрде қарқынды дамып келе жатқан ел екенін бүкіл әлем мойындады. Мұндай аса үлкен жетістерге жету тек алдына ұлы мақсаттар қоя білген ғасырлар тоғысындағы Ұлы саясаткер Елбасының ақылы мен терең білімінің, кемеңгер басшылығының арқасында ғана жүзеге асырылды.

1997 жылдың аяғында, барыс жылының қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2030 жылға дейінгі еліміздің даму бағдарламасын қабылдаса, араға 15 жыл салып 2012 жылдың аяғында қалыптасқан мемлекеттің Қазақстан-2050 Стратегиялық бағдарламасын жариялады. Әркімді заман билеп арпалысып, айқасып жатқан кезеңде бар сезімді ақылға суартып, өткен дәуір мен жаңа кезеңді салыстырып, саралап жол сілтейтін, осындай аласапыран уақытта халықтың арман-мұратын, қажыр-қайратын жасампаз арнаға қарай бұру Елбасымыздың алдында тұрған алыстан болжаған аса маңызды міндеті іспеттес. XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» деп айтпақшы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы ұсынған Стратегия, болашаққа бағдарламалары анық.

Тіпті, әлем тарихына ой жүгіртіп, парактап көрсек Юлий Цезарь, Александр Македонский, Петр реформалары, Наполеонның қайта жаңғыртуы, Ататүріктің «Түрік экономикасы», Вашингтонның республикалық басқаруға көшуі, Дэн Цю Пиннің «Қытайша социализмі» экономикасы дамымай, ұлттық өндірісі тұралаған мемлекеттерді әлем сахнасына қайта шығарған тура жол, сарабал саяси шешімдер болып саналады. Ал біздің Елбасының «Қазақстан-2030» және «Қазақстан-2050» Стратегиялары сол ұлылықтардың бүгінгі заңды жалғасы іспеттес. Елбасы осыдан 15 жыл бұрын: «2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады», – деген еді. Бүгінгі күні осы меже орындалды. «Қазақстан-2030» тоталитарлық жүйенің санаға сіңірген, қорқыныш ұялатқан қанды тегеурінінен елді аман алып, уақыт талабына орай өркениетті өмірдің заңдылықтарына сай ұлт тәрбиелеу, тұрмыс, экономика, мәдениет, өнердегі өресін өсіруге бағытталса, «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекетті одан әрі жетілдіріп, әлемнің көшбасшы елдерімен иық тірестіре алатындай жағдайда өмір сүретін болашақ ұрпаққа арналған бағдарлама, және 2012 жылғы желтоқсан айындағы он жетінші Жолдаудың стратегиялық мақсаты мен оның саясаты ең бірінші кезекте жастарға арналған еді. «Қазақстан-2050» Стратегиясында Елбасы қалыптасқан мемлекет алдына алдағы жылдарға қатысты нақты міндеттерді қойып, бұл міндеттердің орындалуы үшін нақты тапсырмалар берді. Оның ішінде Мемлекет басшысы айтқан 2050 жылға қарай Қазақстанның әлемдегі бәсекеге аса қабілетті 30 елдің қатарына кіруін айырқша айту керек. Осы ретте Елбасының Жолдауда атап көрсетілген негізгі тапсырмаларды жүзеге асырудың жолдарын қарастыру әрбір ұжым үшін үлкен міндет. Шындығында, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы «Қазақстан-2050» Стратегиясы – келешегіміздің кемел де кемеңгер жоспары болып табылады. Президенттің жыл сайынғы жолдаулары бір-бірімен тығыз байланыста әрі әрбір жолдаудың өзіндік ерекшелігі бар екендігі заңдылыққа айналған. Осы тұрғыдан алғанда бйылғы жаңа Жолдаудың кейбір ерекшеліктеріне көңіл аудармауға болмайды. Ендеше Жолдауды оқығаннан кейінгі көңілге жақын қонып, көкірекке әсер еткен кейбір сондай мәселелердің бірнешеуіне тоқталайық.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Стратегия – күннен-күнге, жылдан-жылға елімізді, қазақстандықтардың өмірін жарқын ете түсетін нақты практикалық істер бағдарламасы. Бірақ нарықтық жағдайда аспаннан нәпақа күтпей, тиімді еңбектену керектігін әркім-ақ түсінуі тиіс. Мемлекеттің міндеті – осыған барлық жағдайды жасау. Мен әлемнің озық елдері арасындағы Отанымыздың лайықты болашағы ғана қазақстандықтарды мәңгілікке біріктіретініне сенемін» деп атап өткеніндей, қазақстандықтар да Елбасының зор сенімін ақтау үшін жан аянбай еңбектенетінін ерекше мақтаныш сезіммен білдіруде. Бүкіл қазақстандықтардың жүрегіне жол тапқан жыл сайынғы жолдаулармен тығыз байланыстағы жаңашыл, тұжырымды Жолдау болды. Бұл байланыстардың барлығы да еліміздің 2050 жылға дейінгі даму Стратегиясына, Қазақстанның жаңа саяси бағытына келіп тоғысқандай. Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру екендігін жариялаған Президентіміз халық көкейіндегі мәселелерді тап басып, алдағы міндеттерді көрегендікпен айқындап, келешегіміздің кемел көкжиегін көрсетті. Сонымен қатар, Елбасы көпшіліктің көкейінде, бірақ, қоя алмай жүрген сұрақтардың бірқатарына жауап берді де.

Мысалы, Қазақстанның мәңгілік тәуелсіз ел болып қалуының бағдарламасын айқындап, осы мақсатқа жету үшін бір жағадан баас, бір жеңнен қол шығарып, жұдырықша жұмылып қимылдаудың стратегиясын жасап берді. Бұл мақсатқа жету үшін өте ауыр жолдардан өтуіміз керек екенін басып айтты. «Біз 2050-дің мақсатына қарай күрделі жаһандық бәсекелестік жағдайында ілгерілейміз. Алдағы онжылдықтарда біз қазірдің өзінде біліп отырған сын-қатерлер, жаһандық нарық пен әлемдік саясаттағы болжаусыз жағдайлар, жаңа дағдарыстар аз кездеспейді. ХХІ ғасырда «жеңіл-желпі жүріп өту» деген болмайды» – деп қадап айтқан Елбасының сөзі үлкен қуаныш пен қатар пәрменді жауапкершілікті де жүктері анық. Бұл Жолдауда қазақ ұғымына азаматтық ұғым ретінде қарауға бет бұру керек екені байқалды. Жалпы, «біз кіміз, қайда барамыз және 2050 жылға қарай қайда болғымыз келеді?» – деген сауалдардың нақты жауабы.

Жолдауда 1997 жылы жарияланған «Қазақстан-2030» бағдарламасының, «Қазақстан-2050» Стратегияларының негізгі қорытындылары шығарылды. Егемендіктің арқасында ынтымағымыз бен бірлігіміз жарасып, керегесі кең елге айналды. Тұрақтылық пен келісім салтанат құрған тәуелсіз Қазақ елінің бағындырмайтын қамалы, алмайтын асуы жоқ екені белгілі болды. Қазақстан халқы Ассамблеясы – еліміздегі қоғамдық тұрақтылықты, ұлтаралық бірлік пен келісімді нығайтушы күш болумен бірге, татулықтың ерекше үлгісі мен рәмізіне айналып отыр. Елбасының сөзімен айтқанда «тыныштықтың арқасында қазіргідей мақтанатын халге жеттік». Бірлік бар жерде тірлік бар деп дана халқымыз бекер айтпаған. Тек ауызбіршілік пен ынтымақ жарасым тапқан елде ғана берекелі тірлік орнайды. Бұл тұрғыда Қазақстан тұңғыш Президентіміз, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында азуын айға білеген алпауыт елдерге Бейбітшілік пен Келісімнің салтанатты үлгісін көрсетіп келеді. Ата-бабамыз армандаған Тәуелсіздігіміз бүгінде толыққанды нық орнығып, қазіргі таңда қазақ елін бүкіл әлем таныды. Қазақстанның бүгінгі бет-бейнесі, экономикасы мен халқының әл-ауқатының артуы елімізде жүргізіліп отырған саясаттың нақты нәтижесі екендігі сөзсіз.

Егемендік алғалы бері Елбасы көпжақты мемлекетаралық қарым-қатынастарға айрықша мән беріп, саяси, әскери және сауда-экономикалық әріптестікті дамытуға әрі интеграциялық бастамаларды іске асыруға және, ең бастысы, жаһандық және аймақтық қауіпсіздіктің тұрақтылығына кепіл болып отырған Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕКЫҰ), Еуропа Одағы (ЕО), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Кеден Одағы (КО), Еуразиялық Экономикалық Қауымдастық (ЕурАзЭК) және Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ), Ұжымдық Қауіпсіздік Шарт Ұйымы (ҰҚШҰ), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) сынды ірі халықаралық ұйымдармен өте тығыз байланыс орнатты. Мысалы, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) әлемнің 34 елі мүше екенін айта келе Президентіміз: «Мен Қазақстанда ЭЫДҰ-ның бірқатар қағидаттары мен стандарттарын енгізуді міндет қойдым» деп атап өтті. Бүгінгі таңда Қазақстан жоғарыда аталған абыройлы халықаралық форумдардың толыққанды мүшесі ғана емес, өзінің ұтымды бастамаларымен олардың жұмысын жандандыруға да барынша атсалысып келеді. Және олардың кейбіріне төрағалық жасап та үлгерді. «Қазақстан-2030» Стратегиясы ұзақ мерзімді жоспарлаудың ең сәтті шыққан үлгісі болды. Себебі, бұл жоспар Еліміздің стратегиялық саясатының өзегіне айналған Елбасының жыл сайын халыққа арнайтын Жолдауларының да іргетасы. Бүгінде мемлекеттің басқару жүйесі толықтай өзгеруде, басқарудың жаңа институттары өмірге келді. Мемлекеттік емес ұйымдар мен азаматтық қоғам да өркен жайды. Саяси реформалар да сәтті өтіп, билік бұтақтары да орнықты. Өмірге көп партиялы Парламент келді. Бүгінгі күні біздің әрқайсымыз «2030 Стратегиясы іске асты, заманауи Қазақстан орнықты, Қазақстан-2050 Стратегиясының міндеттері орындалуда» – деп айта аламыз. Бұл бірлік, табандылық, қажырлы еңбектің заңды нәтижесі.

Еліміз қазір тұрақты даму жолына бағыт алды, ел экономикасы көтеріліп, халықтың әл-ауқаты жақсарды. Ұлттығымыздың ұлы шаңырағы Астананың қарыштап дамуы, өркендеуі Қазақстанның мәртебесін асқататып отыр, елорда – ел өркендеуінің негізі, саяси тұрақтылықтың, экономикалық өрістеудің орталығына айналды. Осыған қоса, дүние жүзі дін басшыларының басын біріктіріп, татулықтың символына айналған Дәстүрлі діндер съезі адамзаттың өзекті мәселелерін шешудегі діни конфессиялардың рөлін айқындап, халықтардың өзара үйлесімді дамуына септігін тигізуде. ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесін өткізу мен ЕКЫҰ Саммитін ұйымдастыру да – ел алдындағы жауапты үлкен іс, әрі Астананың мол мүмкіндігінің тағы бір көрінісі. Елордамыз – Астананың күн санап көркейіп, өсіп, сәулеттенуі – бәріміздің мерейіміз. Шынында Астанадай асқақ еліміздің жүрегі болмаса, дәл мұндай әлемдік маңызды міндеттер жүктелмеген болар еді. Бұл біздің еліміз Қазақстанға деген құрмет, Елбасымыздың әлем алдындағы асқақ абырой-беделі. Осы реттен келгенде, Елбасы Жолдауындағы негізгі бағыттар әрқайсымызға үлкен міндеттер жүктейді. Бұл 2050 жылға дейінгі кезеңді қамтыған Жолдаудың әрбір бағытында айтылған тапсырмаларды орындау – әрбір Қазақстан азаматының міндеті.

Елбасы атап өткендей, «біз бүгін – өзіндік бет-бейнесі бар, өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік ұстанымы бар табысты мемлекетпіз». Дегенмен де, еліміз нарықтық экономикаға, азаматтық және құқықтық қоғамға бет бұрғанымен, тіпті белгілі дәрежеде табысқа жетіп жатқанымызбен әлемдік бәсекелестікке төтеп беру оңай шаруа емес. Осы тұрғыдан келгенде ұлы мұрат пен елдік мүддені көздеген маңызды Жолдаудың қазақстандықтарды алыс болашаққа бастайтыны ақиқат. Түгел қамтитын экономикалық прагматизм саясаты негізінде бүгінгі таңдағы көзқарастар мен ұстанымдарды түбегейлі өзгертуіміз керек. Онда жаңа кадр саясаты, бюджет, салық, ақша-кредит саясатында Ұлттық Банк пен Үкімет жұмысының ең өзектілері болуға тиіс. Табиғи ресурстарды басқарудың түбегейлі жаңа жобасын енгізу, шикізат тұтынуындағы технологияны өзгерту, Ұлттық қор арқылы үшінші индустриалдық революцияның нәтижесінде пайда болтын секторларды ескере отырып, болашақтың экономикасын дамытуды ынталандыру, энергияның баламалы түрлерін өндіруді дамыту Стратегиясын жасау керек. Отандық тауарлар бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Біз сонда ғана болашаққа нық сеніммен қарай аламыз, біз жаңаша дами түспекпіз. Және бұл үшін бізде ең бастысы елімізде бейбітшілік пен тұрақтылық бар, Қазақстанның жарқын болашағына қызмет ететін жастарымыз бар.

Еліміз әлеуметтік саяси жағынан кемелденіп, экономикасы өсіп, жылдан-жылға қуаты артып келеді. Ол онымен шектеліп қалмауы керек. Алдыда тұрған, жақында орындалуға тиіс міндеттердің басы ашық көрсетілуі, Қазақстанның үдемелі даму екінін жоғалтпауға сілтеуі бұл Жолдаудың салмағын арттыра түседі. Осы орайда, 2013 жылы құрылған «жасыл көпір» халықаралық ұйымы, Алматының маңында құрылатын төрт серіктес қалада Green4 жобасын іске асыруды бастау ұсынысы, ел дамуының «жасыл» жолына көшуіне Астанадағы ЭКСПО-2017 шындығында үлкен серпіліс берері рас. Жас мемлекетіміздің буындары бекіп, қабырғалары қатайып, өз алдына дербес, тұғырлы ел болуына қазақ халқының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Еліміздің алдында жаңа, өршіл мақсаттар тұр. Олардың ең бастысы – әлемдегі барынша дамыған мемлекеттердің қатарына кіру.

Елімізде жастар арасында жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру Жолдаудың басты тапсырмаларының бірі. Елбасы: «Әсіресе, жастарымызға мынаны айтамын. Бұл Стратегия сіздерге арналған. Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер. Өз жұмыс орындарыңызда отырып, осы жұмысқа әрқайсыңыз атсалысыңыздар. Немқұрайлық танытпаңыздар. Елдің болашағын барша халықпен бірге жасаңыздыр!» деп жастарға ерекше тапсырма берді. Миллиондаған отандастарымызды бір-біріне байлап тұрған, бөлінбес бір Отан, ұлтқа біріктіріп тұрған патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік. Сол үшін ұлтымызды ұйыстырып, бірлігімізді сақтап тұрған патриотизм біз үшін өте маңызды, басты мәселе. Бірақ патриотизм жасанды болмаған жағдайда ғана өз жемісін береді. Патриотизмнің объектісі, қайнар көзі Отан. Ал оның мазмұны табиғаты, оның байлықтары, жері, тарихы, тілі т.б. Сондықтан біздегі патриотизмде ұлттық мазмұн болуы шарт. Бүгінгі күні патриотизм мәселесі жаһандану, интернационализация, мемлекетаралық, аймақтық және әлемдік ықпалдастық жағдайында жаңаша мәнге ие болуда. Шынайы патриотизмді интернационализм мен космополитизмге қарсы қоюға болмайды. Өз халқын басқа ұлттар мен этностарға қарсы қоюға бағытталған патриотизм шынайы емес, ол ұлтшылдыққа және шовинизмге ұласып кетуі оңай. Ал, ұлттық және ұлттық-мемлекеттік нигилизмге негізделген интернационализм мен космополитизм жалпыадамзаттық мүдделер мен құндылықтарға қайшы келеді. «Өз Отанына салқын адам бүкіл адамзатқа да опа бермейді» – деген кезінде орыстың ұлы ағартушысы Н.Г. Чернышевский. Елдік мұрат жолындағы ұлы ерлік әрқашан аталаларымыздың бойынан табылған. Мысалыға, елімізде өмір сүріп жатқан өзге диаспоралар Абылайхан, Бөгенбай, Қабанбайды, Ахмет, Әлихан, Мұстафаны Отанын қорғаған батырлар ретінде тануы және өз қаһармандары ретінде қабылдаулары керек. Себебі өзге диаспоралар өмір сүріп жатқан Отан үшін құрбан болғандар, олардың да батырлары болып қабылдануы қалыпты жағдай. Өйткені оларға Отан болған жер үшін, өмір сүрулеріне жасалған жағдай үшін құрбан болғандарға құрмет көрсетуі азаматтық парызы. Сол себепті Қазақстанда мекендеген барлық ұлттарды Елбасы ортақ бір мүддені жүзеге асырып, елдегі татулық пен ынтымақтастықты аялап сақтауға шақырады.

Патриотизмді халықтың табиғатына жақын, өмір сүру салтымен ұштастырғанда ғана ол сіңімді әрі әсері мол болады. Бұл Отанның иесі қазақ деген халық кеше ғана пайда болған жоқ. Халқымыздың ғасырлардан бергі тарихы, қалыптасқан салт-санасы бар. Патриотизм сонымен үйлескенде ғана Қазақстан жетістікке жетеді. Жастар шындығында ескі жүйе қирап жатқан кезде саяси әлеуметтік экономикалық реформалар тұсында өскен жаңа ұрпақ. Олардың ең үлкені отыздан сәл асқан Тәуелсіздіктің бастапқы кезінде өз білімі мен дарынына қарамастан керексіз болып енді қалыптасқан мемлекет тұсында зор мүмкіндіктерді түсінуі тиіс. Ал тәуелсіздіктің құрдастары ХХІ ғасырдағы мемлекетіміздің болашағын анықтайтын ұрпақ. Ата-бабамыздың патриоттық даңқы ешқашан өлмейді. Біз тек ата-бабамыздан қан арқылы беріліп келе жатқан патриоттық рухымызды қайта оятып, асқақтата алсақ болғаны. Шын мәнінде

әлем патриотизмді бізден үйренуі керек деп ойлаймыз. Оған сандаған мысалдар келтіруге болады. Елбасының сөзімен айтқанда «Бабалардың ерлігі, буынның ерен істері және жас ұрпақ жасампаздығы арасындағы сабақтастық болса ғана біз «Мәңгілік Ел боламыз». Осы жаңа Қазақстандық патриотизмнің негізінде осы стратегиялық мақсат ұлттық идеяға ұласуы тиіс. Бұл идея жүзінде қалып қоймай ақиқатқа да айналуы тиіс. Нағыз патриот болу үшін әр қазақстандық тіл мен тарихты терең білуі керек. Өйткені бұл екі егіз ұғым халықты биікке алып ұшатын құстың қос қанаты секілді қасиетті дүниелер. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» – деп қадап айтуында үлкен көрегендік пен зор мағына бар.

Биылғы жылғы Елбасы Жолдауы көңілге үлкен сенім ұялатқан, болашағы айқын барлық буын өкілдерінің басын біріктіретін, ұрпақтар сабақтастығына үндейтін тарихи мәні зор құжат. «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Егеменді дамудың 22 жылында барша Қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі» – деді Елбасы. Осы тұрғыда этрустықтар өркениеті туралы еске түсіруге болады. Б.з.д I мыңжылдықта Орталық және Солтүстік Италияда олар римдіктерге дейін қала-мемлекеттері федерациясын құрып, сәулет өнерін дамытты. Этрустықтар рим цифрын жасады, латын әліпбиінің шығуына да осы этрустықтардың қосқан үлесі бар. Латын әліпбиінің Европаның басым бөлігі мен әлемнің көп елдерінде тарауына ықпал етті. Осы этрустықтардың ықпалымен әлем мәдениеті мен өркениетінің астанасына айналған Рим қаласы өмірге келді. Б.э.д II мыңжылдықтың орта шенінде Рим республикасы Жерорта теңізіндегі ең мықты мемлекетке айналып, эллиндік әлемнің мәдени орталығына айналады. Нәтижесінде Ежелгі Грециядағы эллиндік кезеңде Египетті Рим жұтып қойды. Сонықтанда біздер мынау бәсекелестік заманында соған төтеп бере алатындай этрустықтар сияқты ұлттық салт-дәстүріміздің негізінде мәдениеті дамыған ұлы елге айналуымыз керек. «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеніне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық» – деген Президентіміздің оптимистік рухтағы сөздері бәрімізге үлкен серпін берді. Сондықтанда бұл Жолдаудағы Мәңгілік Ел болу идеясының орны мен ролі ерекше.

Мәңгілік Ел болу үшін оның іргетасы ұзақ уақыттан бері тыңғылықты қаланып, өлшенбес еңбек етілгендігін естен шығармауымыз керек. Осы тұста Елбасының «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» – атты бағдарламалық мақаласы мен 2013 жылы 5 қыркүйекте тікелей эфирде Астанадағы Назарбаев Университетінің қабырғасында «Қазақстан білім қоғамы жолында» – деген тақырып бойынша өзінің интерактивті дәрісінде отандық білім беру мен ғылымның даму жолын тағы да бір саралап оның басты бағыттарын белгілеп берген, қойылған талаптардың іске асуы да осы Жолдаудың аясында қаралуы тиіс. Елбасының «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен де, оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек. «Қазақстан - 2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, қадірлі халқым!» – деуі бекер емес. Елбасы білім қоғамына жетудің ең тиімді жолы еңбектену, ащы тердің өзіндік құны, әсіресе, бәсеке ғасырында өте жоғары екенін жастарға барынша мұқият түсіндірді. Жастайынан қызыл оттың алдында құрыш қайнатып шыныққан адамның сөзі құрғақ ақыл емес екені белгілі.

Ұзақ мерзімге арналған көп нысаналы бұл құжат Үкіметтің осы уақытқа дейін сатылап іске асырып келе жатқан сондай-ақ болашақта іске асыратын қоғамның барлық салаларын қамтитын бағдарламаларына негіз болмақ. Мәңгілік Ел болудың жаңа межесін белгілеген бұл құжат келешегіміздің кемелдігіне көз жеткізгендей әрі түпкі төркіні де Қазақ елін дамыған үстіне дамыта түсіру, қарапайым халықтың әлауқатын мейлінше арттырып, жаңа дамыған қоғам құру екені мәлім.

Ғасырдан ғасырға созылған тәуелсіздік үшін күрескен халқымыздың, Абылайдай данышпан қайраткерлеріміздің аңсаған асыл армандары тек XX ғасырдың соңына қарай, қазақ халқының маңдайына біткен ақылды да білімді, ержүрек ұрпақтарының арқасында жүзеге асырылды.

Халық тағдыры таразыға түскен шақта елді ешқандай шығынсыз, соғыс қырғынына ұшыратпай аман сақтап қалу, бұрынғы қылышынан қан тамған Кеңестер Одағы мен Коммунистік партияның бұғауынан босату, тәуелсіздікке қол жеткізу сияқты ең қасиетті мәселелер күн тәртібінде тұрды. Бұндай киелі істі орындау қарын қамын емес, халық қамын ойлайтын ерлердің басын біріктіре алатын шебер ұйымдасты-

рушы, аса көреген саясаткер, ақылды да білімді, асқан парасатты адамның ғана қолынан келетін еді. Ондай адам көп қиындық көрген халқымыздың бағына орай Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болатын.

Қазіргі замандағы Қазақстанның басқа көптеген елдерден артықшылығы – кемел ойлы, кемеңгер басшымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Біздің қазіргі таңда телегей табыстарға жетіп жатуымыздың ең басты себебі – Ел басында ғасырлар тоғысындағы аса көрнекті саясаткер, көреген басшы Н.Ә. Назарбаевтың тұруы деп зор сеніммен айтуға болады. Қазақстан халқының «Мәңгілік Ел» болуға деген үлкен сенімі мен еңбектегі ерлігі, қажымас қайраты мен өмірдегі табандылығы әлемдегі дамыған елдердің алдыңғы қатарынан өзінің орнын ойып алуға әбден лайықты екенін дәлелдейді.

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың жүргізіп отырған сындарлы саясатының арқасында Қазақстан күннен-күнге өмірдің барлық саласы бойынша жедел қарқынмен даму үстінде. Елбасының халықаралық көлемдегі беделінің, дипломатиялық істердегі көрегендігі мен зор қабілетінің арқасында Қазақстанды қазіргі таңда барлық ірі мемлекеттер мойындап, тығыз саяси, сауда-экономикалық және мәдени қарым-қатынастар орнатты.

Елбасының әділдігінің, ақыл-парасатының зор, ой-танымының кемел екендігінің, ғылым мен білімді терең меңгергенінің өзі талай қиындықты басынан кешірген халқымызға құт-бақыт, дәулет алып келетін, Жүсіп Баласағұни бабамыз айтқандай, әділ заң орнататын, кедей халықты бай ететін, халық санын көбейтетін көрнекті тұлға екенін көрсетеді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың алыстан толғап, алдағыны болжайтын ақыл-ойы алғыр, келешекті көре білетін парасат-пайымы шалқар, өз заманының заңғар тұлғасы екенін айдай әлем мойындап отыр. Мысалы, саясат майталманы, әйгілі «темір-леди» Маргарет Тэтчердің «Қазақстан басшысы – әлемдегі ең үздік бес-алты қайраткердің бірі» деп бағалауы тегіннен тегін емес. Мұндай бағаны Ресейдің, Қытайдың, АҚШ-тың, Германияның, Түркияның және басқа да әлемнің ең ірі мемлекеттерінің бірінші басшыларының ауыздарынан естіп, Елбасымыздың әлемдік деңгейдегі аса ірі саяси тұлға екеніне куә болып жүрміз.

Әрине, осындай жүрекжарды пікірлер Елбасының басшылығымен Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатта аз уақытта жеткен мол жетістіктеріне берілген әділ баға деп түсінген дұрыс.

Қазақстанның бүгінгідей биікке көтеріліп, бүкіләлемдік беделге ие болуы оңайлықпен келген жоқ. Бұл жолда ең алдымен Елбасымыз түн ұйқысын төрт бөліп, терең толғанды, тебірене ойланды, тер төгіп, еңбек етті. Оның үлкен жүректі абзал азамат, халқының аманатын қайыспай көтеретін нар тұлға, жаңа тұрпатты мемлекет қайраткері ретінде еліміздің игілігіне сіңірген ерен еңбегі әмбеге аян.

Еліміздің елең-алаңында, тәуелсіздігіміздің алғашқы кезеңінде Қазақстанның келешегі мен өміршеңдігіне күмән келтіргендер аз болған жоқ. Алайда ел басшысы ішкі тұрақтылықты, ұлтаралық татулықты сақтаудың тетігін тауып, қазақ халқының ұлттық өрлеуіне жол ашып берді. Осы арнада нарықтық экономиканы өрістетіп, демократиялық қоғам құруға бағытталған реформаларды батыл жүргізіп, дәуір талабына сай қарыштап ілгері басуға жағдай туғызды. Соның арқасында еліміз өз өңірінің ең өркенді мемлекеті ретінде дүниежүзілік аренадан лайықты орын алып отыр. Қазақ ұлты осындай мемлекеттікке айбарлы Абылай заманынан-ақ лайық еді ғой. Ал тәуелсіздік ұлттығымызды ұлықтап, өзімізді-өзіміз танып білуге, қадір-қасиетімізді құрметтеп, жалтақсыз жарқын өмір сүруге, еркіндіктің нұр шапағынан нәр алып, ертеңімізге еңселене қарауға үйретті. Сайып келгенде, бұл есімдері ғасырлар қойнауына сіңіп, тарих сабағына айналған Абылай сынды ата-бабаларымыздың арман аңсары болған тәуелсіздік емес пе! Ата-бабаларымыз аңсаған сол тәуелсіздіктің көк байрағын көкке көтеріп, еркін еліміздің аспанында асқақтата желбірету біздің ұрпаққа бұйырған екен. Бұл ұрпақтың көшбасында елі үшін еңіреп туған асыл азамат, заманының да, қоғамының да ту ұстаушысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев келеді!

Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің студенттері мен ұстаздар қауымы Қазақстан республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауын аса зор ынта-ықыласпен, қоғамда терең өзгерістер әкелетін жақсылыққа толы хабар ретінде қарсы алды. Университеттің барлық институттары мен факультеттерінде, кафедралары мен басқармаларында, ғылыми-зерттеу орталықтарында, студенттер дәрісханаларында Елбасы Жолдауы қызу талқыланып, онда көрсетілген талаптар мен міндеттерді жүзеге асырудың жолдары қарастырылуда. Жолдауда көрсетілген іс-шараларды орындау үшін белсенді түрде үгіт-насихат жұмыстары күннен-күнге қарқын алууда.

Әсіресе, Президентіміздің білім беру мен ғылым саласына байланысты Жолдауда айтқандарын терең талдап, Елбасының ұстаздар қауымы мен оқушы жастарға деген әкелік қамқорлығына шынайы ризашылықтарын білдіруде.

Елбасымыздың Жолдауы – Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуының

барлық қырларына терең талдау жасайтын аса маңызды тарихи құжат. Біздің бәріміз талай рет жүгінетін, шешуі қиын санқилы сұрақтардың айқын жауаптарын таба алатын, жарқын болашақтың сара жолын көрсетіп беретін маңызды құжат.

Біздің университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студент жастары Елбасы Жолдауындағы барлық міндеттері мен талаптарын орындап, Қазақстанның әлемдегі дамыған 30 елдің қатарынан көрінуіне бар күштерін салатынына уәде береді.

1 *Дағдарыстан жаңару мен дамуға. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы // Ақиқат журналы. - №4, 2009.*

2 *Назарбаев Н.А. Казахстан-2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояние всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана. – Алматы, 1997.*

3 *Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050». Новый экономический курс состоявшегося государства» «14 декабря 2012 г.)*

4 *«Ана тілі» газеті, 2005, шілденің 7-13-і.*

5 *Н.Ә. Назарбаев, Тарих толқынында. - 273-б.*

6 *«Егемен Қазақстан» 1998. 16 қаңтар. Газет ішіндегі кітап.*

7 *«Егемен Қазақстан», 13.10.2004.*

8 *ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы - А., 2005, - 12-13 беттер.*

9 *Назарбаев Н.Ә. Абылай аңсаған азаттық. «Егемен Қазақстан», 2013 жыл, 02 қазан.*

10 *Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы // Ақиқат журналы. - №2, 2014. – 9-13 беттер.*

УДК 327 (574)

## **ДИПЛОМАТИЯ И ДИПЛОМАТИЧЕСКАЯ СЛУЖБА В ИМПЕРИИ ЧИНГИСХАНА И ЕГО ПОТОМКОВ**

**М.К. Сембинов – профессор КазНПУ им. Абая**

Мақалада Шыңғысхан империясында және оның тікелей мұрагерлері билеген тұсында дипломатияның және дипломатиялық қызметтің даму мәселелері қарастырылады. Көп жылдар бойы тарихнама Шыңғысханның және оның ұрпақтарының империясындағы мемлекеттік аппараттың ұйымдастыру жұмысына аз көңіл аударды. Осыған орай, монғол империясында сол заманға сай келетін билік институттары жоқ болды деген дұрыс емес пікір қалыптасты. Осы мақала Ұлы далада өмір сүрген мемлекеттер жайлы қалыптасқан көзқарасты өзгертуге бағытталған

**Тірек сөздер:** Шыңғысхан империясы, дипломатия, дипломатиялық қызмет, мемлекеттік аппараты ұйымдастыру, «Отырар айпаты», монғол пайзасы, Ұлы Жібек жолы

В статье рассматривается формирование и развитие дипломатии и дипломатической службы в империи Чингисхана и его прямых потомков. В течение долгого времени историки уделяли мало внимания описанию организации государственного аппарата в империи Чингисхана и его потомков. В связи с этим, существует общее мнение, что в Монгольской империи практически отсутствовали современные институты власти. Это само по себе вызывает вопросы о полезности монгольского государства. Это неправда. Эта статья предназначена, чтобы изменить представление о необычном положении кочевников Великой степи.

**Ключевые слова:** империя Чингисхана, дипломатия, дипломатическая служба, организация государственного аппарата, Отрарская трагедия, монгольская пайцза, Великий Шелковый путь

The article examines the formation and development of diplomacy and diplomatic service in the empire of Genghis Khan and his direct descendants. For a long time historians paid little attention to the description of the organization of the state apparatus in the empire of Genghis Khan and his descendants. In this regard, there is a general view that the Mongol empire virtually absent at the time the modern institutions of government. That in itself raises questions about the usefulness of the Mongolian state. That is untrue. This article is intended to change the view of the ordinary states of nomads of the Great Steppe.

**Keywords:** empire of Genghis Khan, diplomacy, diplomatic service, the organization of the state apparatus, Otrar tragedy Mongolian patsza, The Great Silk Way

Современные политические процессы в Центральной Азии связанные с образованием новых независимых государств и становлением их государственности предполагает обращение к прошлому, которое само по себе открывает много интересных фактов и пластов культурного и политического наследия. Много вопросов возникает в связи с самим феноменом государственности у кочевников, которые рушат те стереотипы и штампы культурно-исторических парадигм принятых на сегодня большинством специалистов. Не углубляясь в данную тему можно просто сказать что, к примеру, государственность Саков или

причерноморских Скифов просто не вмещается в то «прокрустово ложе» понятия государственности, которое принято на сегодня.

В данной статье хотелось бы обратить внимание на такую специфическую деятельность как дипломатическая служба. Многие источники говорят о том, что дипломатия, как и дипломатическая служба, была одной из приоритетных направлений деятельности кочевых государств на различных этапах их политического развития.

Вообще завязка большинства военных походов Чингисхана имело дипломатическую предысторию. Чингисхан, создав монгольское единое государство, оказался, как бы правителем самой боеспособной армии, но само положение Монголии не давало ему возможность контролировать торговые караваны Великого шелкового пути. К тому времени шелк и другие ткани составляющие основу торговли уже не шли только из Китая многие ценные ткани производились в самой Средней Азии в частности Зарбафт (Парча), зинданачи (хлопчатобумажная набивная цветная ткань), Карбас (белая ткань х/б). Интересен один из исторических эпизодов описанных Рашид-эд-Дином. Если говорить о самом Великом шелковом пути то можно сказать, в период раннего средневековья это был широкий спектр взаимовыгодных торговых потоков не только с Востока на Запад, но и в обратном направлении, как и с юга на север, и в обратном направлении. Предметами этой торговли были рубины Бадахшана, драгоценные камни (лазурит, жемчуг, другие драгоценные камни с территории Афганистана и Индостана), золото, серебро, текинские лошади с территории Средней Азии, дорогая пушнина из Сибири.

Рашид ат Дин описывает подробно, как складывался конфликт между Чингизханом и Мухамедом Хорезмшахом. «Трое купцов, прознав о том, что в Монголии находящейся в стороне от торговых путей они найдут большой спрос своим товарам прибыли туда с караваном товаров. Их быстро доставили к Чингисхану который, будучи человеком, в высшей степени справедливым, отобрал товар у купца который заломил баснословную цену своим товарам, двум другим купцам которые отказались назначать цену своему товару и видимо испугавшись, говорили что принесли эти товары в дар великому хану, он приказал обласкать их и после привести к нему того купца который заломил ему высокую цену и приказал всем им щедро заплатить за их товары. Купцы были очень довольны таким приемом и в следующий раз привезли новые товары. Именно с ними Чингисхан приказал отправить посольство к Мухаммеду Хорезмшаху по два человека каждому своему царевичу и военачальнику с товарами прежде всего с серебряными и золотыми балышами (слитками), что бы те прибыв в государство Хорезмшахов купили по больше тканей и других товаров. В личном письме он предложил Мухаммеду начать обширную торговлю и в частности писал следующее: «Обширность пространства вашего государства и проникновенная сила ваших приказов ясна и знати и черни в большей части земли. Для меня же вы дорогой сын и лучший из мусульман. Теперь, когда пределы близкие к нам очищены от врагов и полностью завоеваны и покорены и с обеих сторон определены соседские права, – разум и благородство требуют, чтобы с обеих сторон был бы проторен путь согласованности, и мы взяли бы на себя обязательства помощи и поддержки друг друга в бедственных событиях и содержали бы в безопасности дороги от гибельных происшествий, дабы купцы, от многократных посещений, которых зависит благосостояние мира, передвигались бы со спокойной душой. Тогда вследствие согласия, исчезнут поводы для беспокойства и пресечется поддержка разлада и непокорности...» [1].

Как видим из этого отрывка Чингисхан не имел каких либо злых намерений относительно государства Хорезмшахов. Его обращение к Мухаммеду как отца к сыну не несло какой-либо оскорбительный характер, а скорее подчеркивало благожелательность, так как Чингисхан был старше Мухаммеда примерно на двадцать лет. Вообще когда описывают личные качества Чингисхана забывают о его благородстве как главном и определяющем качестве, его стремлении к справедливости. Человек который в раннем детстве потерял отца из за подлого предательства близких бросивших семью его отца Есугей-баготура на верную смерть. В юности после опять же подлого предательства, попав в рабство к Тайчиутам, Темучин два года ходил с колодкой на шее. И все это из-за подлости и предательства окружающих его людей. Именно это надо учитывать, оценивая события известные как «Отрарская трагедия».

Мирное посольство Чингисхана с караваном товаров, золота и серебра, принадлежавших его близким родственникам и военачальникам при прибытии в Отрар было вероломно истреблено (более 500 человек) по приказу Каир-хана родственника Мухаммед-шаха, что само по себе было тяжчайшим преступлением в отношениях между государствами даже в то время. Отношения к послам у монголов всегда было особым. К примеру, вот что пишется об этом в Мэн-да бэй-лу ("Полное описание монголо-татар"). Послы у них называются *сюань-чай*. Когда [послы] приезжают от императора или из ставки го-вана, в округах и уездах, а также в ставках начальников, управляющих войсками, через которые проезжают [эти послы],

все приходят выразить [им] почтение. Не спрашивая, высок или низок чин [посла], его встречают в домах с церемониями для равных, он проходит через [парадную] дверь с трезубцами и садятся в окружных или областных управах. Правители лично преклоняют колени [перед послом], для встречи [его] выезжают в предместье и устраивают на ночлег в резиденциях правителей или управах. Провожают и встречают его за предместьем с барабанами, трубами, знаменами и флагами, певичками и музыкой.

Экономикалық әлеуметтанудың пайда болуы ғылымның дамуында айтарлықтай маңызды рөл атқарады [1]. Осы тұрғыдан алғанда мынандай негізгі алғы шарттар болды: оның біріншісіне экономика ғылымдары төңірегінде адамдардың шоғырланды және осы ғылым шеңберінде жасалған тұжырымдамалар жатты; екіншісіне, жалпы әлеуметтану шеңберіне ықпалдасқан әлеуметтану категориялары сайды; үшіншісіне, 50 жылдардың ортасында айтарлықтай кеңінен дамыған нақты (салалық) әлеуметтану жатты. Өз кезегінде батыстың экономикалық ғылымында әлеуметтану бағыты болып институционалдық бағыт қалыптасты. Оның көрнекті өкілдері М.Вебер, Дж.Гэлбрэйт, Т.Веблен, Д.Коммоно және т.б. болды. Ол "таза экономизмді" позитивті сынау барысында дүниеге келді. Осы бағыттың шеңберінде зерттеу жұмысындағы басты назар қоғамның экономикасына, қоғамның әлеуметтік құрылымына, әлеуметтік мүдделердің қақтығысына, биліктің шоғырлануына, әлеуметтік топтардың жанжалдарына, үстемдік ету мен қысым көрсетуге, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының рөліне және т.с.с. мәселелерге ауды. Әлеуметтанушылар экономиканы ауқымы аса кең институционалды саланың құрамдас бөлігі ретінде түсіндірді. Бұл жерде уәждер мен құндылықтардың бағыттары, экономикалық құрылымдардың өзгерістерінің ықпалымен болатын экономикалық агенттердің мінез-құлқының сипаты, оның мәдени ортада қалыптасу фактісі қарастырылды. Әңгіме экономикалық және экономикалық емес салалардың бір-бірімен өзара ықпалы туралы болып отыр. Ол осы салалар арасындағы байланыстардан әлеуметтанулық мазмұнды, атап айтқанда, уәждемені, нормаларды, құндылықтарды көруге мүмкіндік беретін "әлеуметтанулық өзгерістер" (құралдар) көмегімен зерттеледі. Мысалы, Дж.Смелзер экономикалық әлеуметтану бұл жалпы есептеу жүйесінің қосымшасы, өзгергіш әлеуметтанудың шектелген материалдық ресурстарды өндіру, бөлу, айырбастау және тұтынудан тұратын әр түрлі қызмет кешенін зерттеуге қатысы бар, яғни, біріншіден, экономикалық қызметтің қалайша алуан түрі рөлге және қауымдастыққа құрлымданғанын, олардың заңдастырылуы үшін қандай құндылықтар қызмет ететінін құралдар бойынша қандай рөлдер мен санкциялар оларды реттеуде жүзеге асатынын, және бұл өзгермелілер қалайша өзара әрекетке түсетінін зерттейді. Екіншіден, әлеуметтанудың есеп беру жүйесі қоғамдық өмірдің экономикалық және экономикалық емес салаларының өзара байланысын, өзара себептілігін талдауда қолданылады. Әлеуметтанулық өзгермелер осындай екі жақты құрылымда және екі ситуацияда: олардың арасында қарама-қайшылық бар кезде қалайша көрінетініне көңіл аударылады.

Осылайша экономикалық-әлеуметтанулық амал шеңберінде экономикалық өмір әлеуметтік институттар, әлеуметтік ұйымдар, әлеуметтік құрылым, әлеуметтік топ, әлеуметтік престиж, құндылықты бағытбағдар, мүдде, мотивация, мәртебе, жоспар және т.б. категориялар арқылы зерттеледі. Соның арқасында экономикалық-әлеуметтанушы "жергілікті" экономикалық талдауда жарамайтын болып қалған экономикалық дамудың механизмдерін көре алады, бірде-бір білім саласында қарастырылмайтын экономикадағы көптеген байланыстарды сезінеді.

Экономизмді сынау жөнінде Дж.Смелзер былай деп жазды: "баға мен өндіруге ондаған-экономикалық, құқықтық, діни өзгермелер ықпал етеді. Егер зерттеушінің алдында экономикалық өмірді толықтай

көру міндетті турса, онда осы алуан түрлі өзгешілердің көпшілігін экономикалық моделге кіргізу қажет болар еді. Экономист қалайша дүниенің эмпирикалық күрделілігімен күресе алады? Әдеттегі тәсіл мынаған саяды. Экономикалық емес өзгермелер сұраныс пен ұсыныс жағдайына ықпал етседе талдау мақсатында олардың өзгермейтіндігі жөнінде жорамалдаудан шығу керек. Осындай оңайлату жасау арқылы экономистер экономикалық мәселелерді теориялық шешудің мүмкіндіктерін табады."

Жалпы экономикалық әлеуметтану әлеуметтік өзгерістер мен әлеуметтік динамикаға баса назар аударады, сондықтан әлеуметтік құрылымда жүріп жатқан өзгерістерді талдауға, экономикалық өсуге ықпал ететін өзгерістерді талдауға; экономикалық өсуді алып жүретін әлеуметтік үрдістерді (еңбек сипатындағы өзгерістер, оның техникалық базасы, кадрлар құрамы және т.б.) талдауға көңіл қояды. Осының негізінде жалпы қоғамды қамтитын әлеуметтік өзгерістер ерекшеленеді. Сонымен бірге экономикалық әлеуметтану, пәні "екіншілік" (әлеуметтанудың жеке салаларына қатысы бойынша) сипаттағы, бұрын пайда болған ғылыми бағыттарды қайталамай, өзінің жеке профилін табуға болады, сондай-ақ, зерттелетін үрдістерді тереңірек талдау үшін табанды, бірдей және қатаң амал қажет, ол бір жағынан зерттеудің объектісін ерекшелеу үшін, екінші жағынан-оны зерттеудің методологиясынан бөліп көрсету үшін қажет. Сонымен экономикалық әлеуметтанудың объектісіне әлеуметтік үрдіс ретіндегі экономиканың дамуы немесе "таза түріндегі" экономиканың дамуға адами ресурстардың ықпалын белгілеуге мүмкіндік беретін құбылыстардың жиынтығы жатады. Басқаша сөзбен айтқанда, экономикалық әлеуметтанудың объектісі дегеніміз қоғамдық өмірдің экономикалық және әлеуметтік салаларының көп өлшемді өзара байланысы. Объектіні талдау методологиясын нақтылау үшін ең алдымен бастапқы ұғымдардың мазмұнын анықтау керек – экономикалық сала (қоғамдық экономика) және әлеуметтік сала (әлеуметтік қатынастар).

Экономикалық сала – бұл адамдардың өмір тіршілігіне қажетті материалдық игіліктер мен қызмет көрсетуді өндіруге, бөлуге, айырбастауға және тұтынуға жауапты қоғамның біртұтасқан жүйешелері. Ол көптеген жекелеген күрделі жүйелерден құрылады. Мысалы, мемлекеттік, кооперативтік, индивидуалдық және т.с.с. өндіріс секторларынан; салалық, сала аралық, аумақтық және т.б. өндірістік кешендерден; заңды, жартылай заңды немесе заңдастырылмаған экономикалық қатынастардың типтерінен және т.с.с. түзіледі. Экономикалық сала қоғамның біртұтас құрылымдық-функционалдық жүйешесі ретінде осындай ұқсас негізде бөлінген саясат, білім, тұрмыстық қызмет көрсету, коммуникативтік және басқа да қызмет салаларымен өзара әрекетке түседі. Әлеуметтік сала – бұл әлеуметтік теңсіздіктердің жүйесі. Осыған сәйкес адам ресурстарын адами белсендіктің көрінісі: қызметі, топтардың мінез-құлқы мен өзара әрекеті деп түсіну қажет. Сонымен бірге салыстырмалы түрде қоғамдық өмірдің өз алдына дербес саласының барлығы туралы дәстүрлі түсінікті сақтаған жағдайда экономикалық пен әлеуметтік өзара қатынасын талдау мүмкін емес. Мұндай салаларды ерекше бөліп көрсету олардың қоғамдық функцияларын зерттеуге, қоғамға құрылымдық-функционалдық талдау жасауға тырысуды білдіреді. Бірақ бұл жерде екі жағдай мойындалмайды. Біріншіден, экономикалық сала ішінде әлеуметтік сипаты бар (мысалы, жұмысшы күшінің тұрақсыздығы, қызметкерлердің өндіріске бейімделуі, табысты бөлу және т.б.) көптеген үдерістер жүреді. Екіншіден, көптеген экономикалық үдерістердің әлеуметтік саланың ең өзегіне (еңбекке ақы төлеу жүйесінің өзгеруі, жеке тұтыну, еңбек жағдайы және т.б.) түсетіндігін жоққа шығару. Салалардың өзара қиылысатыны туралы түсінікке арқа сүйеп, әлеуметтік және экономикалық байланысты талдау мүмкін емес. Бұл жағдайда қалай болу керек? Әңгіме әлеуметтік саланың қоғамның жүйешесі еместігінде болып отыр, ол экономикалық саламен, бұл әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайы бар әлеуметтік топтардың арасындағы тек қатынастар саласы ғана. Түсінігіміздегі әлеуметтік саланың экономикамен байланысы қандай? Біріншіден, нақты топтардың қоғамда алатын орны негізінен экономикалық қатынастар жүйесімен анықталады. Сонымен бірге, экономикалық әлеуметтануда әңгіме болып отырған сол топтар тек әлеуметтік салада ғана емес, экономикалық қатынастар жүйесінде ұқсас орнымен сипатталатын индивидтердің жиынтығы. Екіншіден, әлеуметтік сала экономиканың өмір сүруі мен дамуына кері әсер етеді. Бұл әсер әлеуметтік-экономикалық үдерістердің қозғаушы күштері – әлеуметтік-экономикалық топтардың белсенділігі арқылы жүзеге асады. Әлеуметтік үдерістер – бұл әлеуметтік объектілердің уақытта өзгеруі, олардың жағдайының ауысуы кезінде пайда болатын заңдылықтар. Бұл қоғамның қайсы-бір жүйешесінде бақыланатын біртекті өзгерістер сериясы. Экономикалық әлеуметтану міндеттеріне орай қолданысты айтқанда, ең алдымен экономика адам ресурстарының ықпалымен жүретін өзгерістер ретінде әлеуметтік-экономикалық үдерістер туралы айту керек. Яғни әлеуметтік-экономикалық үдерістер – бұл экономикалық пен әлеуметтіктің қорытпасы. Өз кезегінде ол адам факторының экономикалық дамуға ықпалының нәтижесі.

Адам факторы – бұл экономика мен қоғамның әлеуметтік саласының арасындағы өзара байланыс

жүйесінің өзегі. Әлеуметтік-экономикалық топтардың қызметі мен мінез-құлқында қалыптасатын топтардың өзара әрекеті өзек болып табылады.

Экономикалық әлеуметтану экономикалық қатынастар жүйесіне қосылғандарды және өзара әрекет етуші топтарды зерттейді, сондықтан оның объектісіне әлеуметтік үрдіс ретінде ерекшелікті көзқараспен қарастырылатын экономика жатады [2]. Бұл үдерістің мәні топаралық өзара әрекеттің ықпалымен экономиканың өмір сүру сипатына өзгерістерді құрайды. Өз кезегінде экономика саласындағы топтардың өзара әрекеті олардың жүзеге асыратын қызметіне және мінез-құлқына негізделеді, сондай-ақ топтар ішіндегі жүйелерге және сыртқы реттеушілікке негізделеді.

Топтар ішін реттеу жүйесі туралы айтқанда, экономикалық және әлеуметтік салаларда топтардың алатын әлеуметтік орны оларда белгілі бір қажеттілікті, мүдделерді және бағыт-бағдарды қалаптарстырады. Қажеттіліктер мен мүдделерді қанағаттандыруға ұмтылу топтың қызметін және мінез-құлық бағытын туындатады. Топтардың осы бағыттарды жүзеге асыруы, экономика саласында белгілі бір орын алатын топтар аралық өзара әрекеттердің жүйесін қалыптастырады.

Сыртқы реттеу жүйесіне келсек, экономиканы басқару жүйесі құқықтық, шаруашылық, мемлекеттік және т.б. оның басты буыны болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда қоғамның мәдениеті де маңызды реттеуші болып саналады. Жүйені суреттеу, сипаттау экономиканы қоғамның бүкіл басқада жүйешелерімен байланыстырады. Бұл байланыс әлеуметтік-экономикалық топтарды құрайтын индивидтердің басқада көптеген "экономикалық емес" әлеуметтік құрылымдарға бір мезетте қосылуының арқасында пайда болады. Экономика саласындағы қызмет пен мінез-құлық – бұл олардың өмір салтының бір ғана аспектісі. Әлеуметтік-экономикалық мүдделер және қажеттіліктер – бұл қоғамдық сананың бір ғана аспектісі. Экономиканы басқару жүйесі – бұл жүйешелердің бір жағы: саясат саласы, қоғамды басқару саласы, өндіріс, идеология, мәдениет саласы. Бұл экономика саласында бір өлшемді "экономикалық индивидтер" емес, керісінше қоғамның көптеген басқада жүйешелерінде өмір сүретін және оларда басқа, экономикалық емес рөлдерді атқаратын көп өлшемді тұлғалардың өзара әрекетке түсетінін білдіреді. Мысалы, кәсіпорын қызметкерлері (әртүрлі меншік формасындағы) – бұл бір мезгілде саясат субъектілері (мемлекет азаматтары, қайсыбір саяси ұйымдардың мүшесі және т.б.), мәдениетті алып жүрушілер, белгілі бір аймақтың тұрғындары, отбасы мүшелері және т.с.с.

Осылайша экономикадағы адамдардың белсенділігінің сипаты олардың әлеуметтік сапаларына тәуелді. Өйткені олар экономикамен қатар қоғамдық өмірдің басқа да салаларында – саясатта, құқықта, мәдениетте, идеологияда, отбасында қалыптасады, сондай-ақ олардың осы салаларда алатын орнына байланысты болады. Яғни әлеуметтік үдеріс ретінде экономиканың дамуын түсіндіру бұл даму қоғамдық өмірдің басқа салаларынан оқшауландырмай, бөлектендірмей, олармен тығыз байланыста қарастырылады. Бұл байланыс тек экономикаға қосылып қоймай, бір мезгілде қоғамның басқада салаларына қосылған әлеуметтік-экономикалық топтар арқылы жүзеге асады. Қоғамның барлық саласына және ондағы жүретін бүкіл үдерістерге саяси, заңды, социотехникалық және басқада – ұйымдасқан топтар экономика мен қоғамның басқа салалары арасында "байланыс арнасы" болады. Мысалы, "билік топтары" арқылы экономикаға саяси факторлар ықпал етеді, отбасы арқылы демографиялық, ұлттық топтар арқылы мәдениеттану, өндірістік ұжымдар арқылы әлеуметтік-психологиялық және т.с.с. факторлар әсер етеді.

Экономиканың өмір сүруінің әлеуметтік аспектісін зерттеу, оның дамуын әлеуметтік үдеріс ретінде қарастыру практика үшін өте маңызды, өйткені мұнда өндірістік тиімділігін арттырудың жеткіліксіз қолданылып жүрген үлкен резервтері қосылған.

Сонымен бірге, экономикалық әлеуметтануды ғылым етіп жасау үшін оның тек объектісін сипаттаумен шектеліп қалуға болмайды. Осы объект жөнінде құрылымдық түсінікте аса маңызды. Методологиялық болып, оны қалыптастырудың құралдары бойынша, ішінде экономика мен адам ресурстары арасында белгілі бір байланыс, экономиканы дамытудың әлеуметтік механизмі немесе әлеуметтік-экономикалық жүйе ұғымы қызмет етеді. Экономика дамуының әлеуметтік механизмі (ЭДӘМ) – бұл әр елдің тарихи қалыптасқан мәдениет типтері, экономика басқару жүйесі және халықтың әлеуметтік құрылым жүйесін реттейтін өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну саласындағы әлеуметтік-экономикалық топтардың өзара әрекетінің тұрақты жүйесі. Экономиканың әлеуметтік механизмдері әлеуметтік-экономикалық үдерістерді реттейді және өндіргіш күштердің деңгейіне сәйкес өндіріс қатынастарының динамикасын қолдайды. Сөйтіп, ол еңбек және материалдық ресурстарды, интенсивті ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық прогресс жетістіктерін тиімді пайдалануға әлеуметтік жағдай жасады.

Экономика дамуының әлеуметтік механизмінің субъективті сипаты бар: әлеуметтік-экономикалық топтардың қызметі мен мінез-құлық өмір сүруінің формасы қызметін атқарады. Топтардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктері мен мүдделері, олардың экономика саласындағы мінез-құлқын реттейтін,

оның қозғаушы күші болып табылады. Экономиканың әлеуметтік механизмі өзіне, біріншіден, эволюциялық жолмен қалыптасқан адам ресурстарының әлеуметтік құрылымын қосқан; екіншіден, үлкен инерциялық мәдени белгілерді меңгерген экономикалық танымды қосқан. Бұл механизм – дамыған вертикалды және горизонталды байланыстарға ие болған күрделі әлеуметтік жүйе.

Экономиканың әлеуметтік механизмін талдай отырып, онда мынандай ірі топтарды бөліп көрсетуге болады:

1) Экономиканы басқару. Бұл жерде экономиканы дамытатын қатардағы субъектілердің басқару органдарынан алатын "әмір" түсініледі.

2) Халықтың әлеуметтік құрылымы. Бұл жерде әңгіме халықтың қоғамда өзінің алатын орнымен ерекшеленетін әлеуметтік-экономикалық топтарға жіктелуі туралы болып отыр. "Ереже" мұнда топтар мәртебесінің игіліктерді өндіруші ретіндегі және осы игіліктерді бөлу және тұтыну қатынастарының субъектілері ретіндегі екі жағын көрсететін сипаттама сияқты қарастырылады.

3) Әлеуметтік топтардың мәдениеті. Ол өзгеретін қажеттіліктер мен мүдделер негізіне алынған әлеуметтік құндылықтармен және нормалармен байланысқан.

4) Әлеуметтік топтардың қызметі және мінез-құлқы. Әңгіме әлеуметтік белсенділіктің екі түрі туралы болып отыр. Олар регламенттену дәрежесі бойынша және жеке бастың реттегіштерінің рөлі бойынша ерекшеленеді.

5) Экономикалық дамудың нәтижелері немесе экономика дамуының нәтижелері.

Негізгі идея, экономика дамуының әлеуметтік механизмі туралы түсінікке негізделген, экономикалық дамудың нәтижесі басқару органдарының (1 блок) тікелей әрекетінің салдары еместігінде, керісінше әлеуметтік топтардың белсендігі (4 блок) арқылы іске асады. Бұл белсенділік, өз кезінде реттеушілердің үш түріне байланысты: басқарушылық (1 блок), мәртебелік (2 блок) және мәдени (3 блок). Әрбір реттегіштің ықпалы ерекшелікті. Мысалы, басқару жүйесі заңдар, қаулылар, бұйрықтар көмегімен жүргізіледі. Әлеуметтік құрылым топтың сол қоғамда қол жеткізетін мәртебелері арқылы әрекет етеді. Мәдениет адамдардың санасында орнығып қалған мінез-құлық образ – схемалары, стереотиптері, эталондары (әдеттер, салттар, дәстүрлер) арқылы әрекет етеді. Реттегіштердің бүкіл осы түрлері экономикалық қызметтің және экономикалық мінез-құлықтың (4 блок) субъектісі – адаммен өлшенеді. Реттегіштің әр түрінің қалай әрекет етуі, олардың үйлесімдігі мен келісімдігіне (немесе қарама-қайшылықтарына), адамдардың белсенділік дәрежесіне, демек экономиканың дамуына олардың қосар үлесіне байласты болады.

Осылайша, экономикалық әлеуметтану объектісі екі деңгейлі. Бір жағынан ол экономикалық және әлеуметтік саланы қамтиды, бұлар өздеріндегі адам ресурстары арқылы өзара байланысқан. Екінші жағынан осы салалар ішінде жүретін үрдіс қатаң құрылымдық заңдылықтырға бағынады, бұл оны реттеу механизмі туралы айтуға мүмкіндік береді. Сондықтан, әлеуметтік үдеріс ретінде экономиканың дамуы туралы және оны реттейтін механизм туралы түсінік объектінің екі жағы, бұларды экономикалық әлеуметтану зерттеуі тиіс.

Экономика дамуының әлеуметтік механизмі туралы айтқанда өзара экономика мен әлеуметтік құрылымның өзара әрекеті мәселесінде қарастыру қажет. Әлеуметтік құрылым-жалпы әлеуметтік динамиканың басты реттеушісі, экономика дамуын қосып айтқанда. Бұл табиғи нәрсе, өйткені әлеуметтік құрылым өзі әртүрлі топтарға ұйымдасқан және экономикалық қатынастар жүйесінде әлеуметтік рөлдер атқаратын адамдар: экономика талап ететін бұлар жетекшілер, басқарушылар, инженер-техникалық қызметкерлер, әр түрлі мамандықтағы жұмысшылар рөлі.

Экономика дамуындағы әлеуметтік құрылымның рөлін зерттегенде мынаған көңіл аудару қажет: бұл құрылым неге (экономикалық өмірдің қай саласына, қандай экономикалық үдеріске) ықпал етеді, не арқылы (қандай арналар, механизмдер арқылы) бұл ықпалдар жүзеге асады: бұл ықпал қандай, экономикада қоғамның әлеуметтік құрылымы ықпал етуімен қандай өзгерістер туындайды.

Экономикаға қатысты әлеуметтік құрылымның функциялары туралы мәселе негізгі мәселе болып табылады [3].

Бірінші функция – бөлу және қайта бөлу міндеті: экономиканың әртүрлі саласының айтарлықтай тиімді және келісімді өмір сүруін қамтамасыз ететін қоғамдық еңбек бөлінісі формаларын қолдау және дамыту.

Бұл функцияны атқаруды нақты бағалау шаруашылық пен отбасылық экономиканың функционалдық орындары туралы статистикалық мәліметтерді талап етеді: әртүрлі кәсіби топтардың және жұмыс істейтіндердің саны. Өзара байланыс, мамандану және ықпалдасу шаруашылық саласының ішінде өмір сүретін кадрлар қызметі арқылы іске асады. Қоғамдық еңбек бөлісін және ықпалдастық байланыстарды қолдау үшін еңбек ресурстарының белгілі бір кәсіби, салалық және мамандық құрамын, оларды әртүрлі жұмыс орындарының арасына бөлу талап етіледі.

Екінші функция - ынталандырушы: еңбекке ынталандыруды қалыптастру, қолдау және күшейту; олар арқылы – меншіктің әртүрлі формаларында жұмыс істейтін барлық аймақтар мен бағыттардағы кадрлардың еңбек әлеуетін жүзеге асыруды қамтамасыз ету; осы негізде экономиканың дамуына барлық әлеуметтік топтардың еңбек үлесін арттыру.

Үшінші функция – ықпалдасу: экономикалық қатынастар жүйесінде әртүрлі орын алған топтардың мүдделерінің салыстырмалы түрдегі тепе-теңдігін қамтамасыз ету.

Төртінші функция – инновациялық міндет: ғылыми-техникалық прогресстың (ҒТП) талап еткен қарқыны мен сапасын қамтамасыз ету; өндіріс пен еңбекті ұйымдастру формаларын жаңалау, ынталандырудың жаңа жүйесін енгізу және т.б. Бұның бәрі өндіріс субъектілерінің жаңашылдыққа қалай қарайтындығына, оларда өндіріске ғылым жетістіктерін енгізу мақсаты дамыған ба, олардың арасында ойлап тапқыштар мен өнертапқыштар бар ма, бар болса қанша және т.б. байланысты болады. Қызметкерлердің жаңашылдыққа қатысы - бұл әлеуметтік құрылымның инновациялық дәрежесінің көрсеткіші. Ол азды-көпті жаңашылдыққа бағытталуы мүмкін, ҒТП ықпал етуіде немесе баяулатуы да ықтимал, және экономикалық қатынастар прогресінде әсер етуі мүмкін. Яғни инновациялық функция арқылы әлеуметтік құрылым экономика дамуының сипатын, оның динамикасын немесе, керісінше, тоқырауын анықтайды. Әлеуметтік құрылымның экономика дамуындағы негізгі функциялары осылар.

Ал ықпал ету арналарына келсек, ондай арналар өте көп. Бұл кадрларды іріктеу және орналастыру механизмі; қызметкерлердің барлық категорияларының әлеуметтік және еңбек мобилдігі; қалыптасқан жоғары көру жүйесі - тұрғын мекен-жайы, мамандығы, жұмыс түрлері және т.б. Егерде жинақтап айтатын болсақ, онда экономикаға ықпал ететін әлеуметтік құрылымның басты арнасы – ол экономикалық қатынастар жүйесіндегі әлеуметтік топтардың мінез-құлқы.

Қалай болса да әлеуметтік құрылымның барлық функциялары адам белсенділігіне ықпал ететін формалармен, олардың үйлесімділігімен және тиімділігімен байланысты. Өз кезегінде адам белсенділігі – әлеуметтік өзгерістердің негізгі қозғаушысы. Сондықтан экономикалық әлеуметтану тұрғысынан жүйенің нақты жағдайын – "экономиканы – әлеуметтік институттарды – қызметкерлерді" бағалау немесе адамға, оның белсенділігіне экономика мен әлеуметтік институттардың реттеушілік ықпалын есепке алуға ұмтылу аса маңызды.

Әлеуметтік институттарға келсек, әдетте олай деп қоғамның әлеуметтік құрылымына сәйкес келетін мекемелердің жиынтығын, әлеуметтік мінез-құлық пен әрекеттің формаларының тұрақтылығын анықтайтын әлеуметтік нормалар мен мәдениет үлгілерінің жиынтығын айтады. Мұндай институттар қоғамдық өмірге тәртіп енгізеді, оның тұрақтылығын және ұдайы өнуін қамтамасыз етеді. Олардың ең маңыздысы (экономика үшін): қызмет пен мінез-құлықтың субъектісі болып табылатын қызметкерлердің белгілі бір әлеуметтік типін қалыптастыру.

Қызметкерлердің әлеуметтік типі – экономикалық санада көрінетін яғни экономикалық мінез-құлықты реттейтін әлеуметтік заңдардың, уәждемелердің және бағыт - бағдарлардың кешенінде көрінетін таралған және белгіленген сапалар жиынтығы. Қалыптасқан қызметкер типі туралы және оның негізгі белгілері жөніндегі білім аса маңызды. Адамдардың белсенділігін қоғамдағы, соның ішінде экономикадағы өзгерістердің нақты қайнар көздері болып саналады. Егерде белсенділік іске аспаса, онда әлеуметтік өзгерістерде өте баяу жүретін болады. Сондықтан қызметкер типінің қандай факторлардың ықпалымен қалыптасатынын білу қажет. Бұл үдеріске қандай әлеуметтік институттар ықпал етеді? Олардың негізгілеріне мыналар жатады: өскелең ұрақтардың әлеуметтенуін қамтамасыз ететін отбасы және білім; оның бойында бар сапаларды қорғау үшін қалыптасқан қызметкер типін өзгертетін саясат пен ғылым жатады. Бұл институттар өзара байланысқан (мысалы, саясат жеке меншіктің қатынастарды дамыту үшін оған сәйкес заңды қабылдауды талап етеді) және олардың жиынтығы қызметкерлер сапаларының қалыптасуына, қайта өнуіне және өзгеруіне ықпал етеді. Бұл институттардың жұмысына қызметкерлердің қаншалықты тәртіптілігі, жауапкершіліктігі, инновациялығы, бастамашылығы, еңбекте барынша нәтижеге қол жеткізуге немесе өз күшін үнемдеуге бағыт-бағдар ұстауы тәуелді болады.

Қызметкерге қалыптастырушы ықпалды экономикалық институттарда, ең алдымен басқару жүйесі жасайды. Алайда адамдар экономика саласына қалыптасқан күйінде келеді, ол адамдарды кейін тек "қайта жасайды". Сондықтан басты назар әлеуметтік институттардың қалыптастырушы ықпалына, олардың қызметкерге тигізер әсеріне аударылады.

Әлеуметтік институттар қызметкерде белгілі бір сапаларды қалайша қалыптастырады? Бұл барлық әлеуметтік институттарда құрылған әлеуметтік таңдау және әлеуметтік бақылау механизмдерінің әрекеті арқасында жүреді. Әлгі механизмдер тек белгілі бір сапалармен адамдардың әлеуметтік статусын арттыруды қамтамасыз етеді, олардың белсенділігі үшін қолайлы жағдай жасайды, әлеуметтік бәсекелестікте табысты қамтамасыз етеді және адамдардың сапаны талап етпейтін қызметін басып тастайды.

Әлеуметтік институттардың экономикаға ықпалын мынандай жалпы схемамен суреттеуге болады.

1. Әлеуметтік институттар экономикалық қызметтің субъектілері болып табылатын қызметкерлердің әртүрлі топтарында белгілі бір сапаларды қалыптастырады.

2. Қызметкер бойында қалыптасқан сапалар оның экономика саласындағы белсенділігінің сипатын (мазмұны, интенсивтілігі және т.б.) анықтайды. Мысалы, еңбекші қызметкер қалыптасса, өзінің күшін үнемдеуге бағыт-бағдар ұстаған, онда ол интенсивтілік деңгейі төмен еңбекке ұмтылады (тіптен бұл оның табысын төмендетуге әкеп соқсада), өндірістен тыс салада (демалу, көңіл көтеру және т.с.с.) өзін-өзі көрсетеді, жаңаны кіргізуден қашатын болады.

3. Белсенділіктің қайсыбір деңгейі мен сипаты, қызметкерлер көрсететін, өндірісті жетілдірудің негізіне, қайнар көзіне айналады. Сонымен қатар, егерде қызметкерлерде еңбекте инновациялық және барынша нәтижеге қол жеткізуге тырысу сияқты сапалар жеткілікті дамымаған болса, онда олар технологиялық жаңашылықты және еңбекті ұйымдастырудың және еңбек ақы төлеудің жаңа формаларын енгізу жолына кедергі келтіруі мүмкін. Бұл жағдайда өндірістегі өзгеріс қарқыны айтарлықтай үлкен болмайды.

4. Әлеуметтік институттар экономиканың қалыптасуына ықпал еткенімен, оған белгілі бір сапалары бар қызметкерді "жеткізіп", олардың өздері де экономиканың белгілі бір ықпалында болады. Бұл институттар экономиканың қажетті сапалары бар қызметкердің "әлеуметтік тапсырысын" орындаушы іспетті. Осы "тапсырыстың" негізінде керекті сапалары бар қызметкерлерді "өндіруді" қамтамасыз ететін қажетті әлеуметтік институттар қалыптасады. Әлеуметтік институттар мен экономиканың өзара әрекеті – жоспарланбайтын үдеріс, ол табиғи – тарихи (стихиялық, спонтанды) тұрғыда жүреді. Олар бір-біріне ұзақ уақыт жанасудың барысында құрылады. Экономикалық, әлеуметтік институттардың және өзгерістер қабілетін иемденген қызметкер типінің арасына сәйкес келетін органикалық өзара байланыстың болуы әлеуметтік өзгерістер механизмінің өзегін білдіретін, оларды жинақтай келіп, тұтас жүйені құрауға себепші болады. Осылайша әртүрлі механизмдер (яғни әртүрлі институттардың қызметкерлер типінің және экономиканың үйлесуі) әртүрлі даму әлеуетін иеленеді. Кейбіреулері ұзақ кезеңдер бойы өзгермейді, ал басқалары динамикалық дамуда болады. "Әлеуметтік институттар – қызметкер типі – экономика" жүйесіндегі өзгерістер қарқыны, даму жылдамдығы немен анықталады? Әлеуметтік институттар (идеология, мәдениет мораль және т.б.) – өзгеріс механизміндегі аса консервативтік элемент. Әртүрлі институттар өзгерісті жүзеге асырудың әртүрлі жағдайларын қамтамасыз етеді. Мысалы, бір мәдениеттің шеңберінде жаңашылдарды қолдау және жаңа идеяларды жүзеге асыру үшін оларды қажетті ресурстармен қамтамасыз ету норма болып саналады. Екінші мәдениеттің шеңберінде бәрін бір стандарттың астында теңестіру және жаңаға, дәстүрлі емес идеяларға және оларды алып жүрушілердің көптеген бастамаларын "өшіретін" келеңсіз қатынасы норма болуы мүмкін.

Сонымен қатар әлеуметтік институттар, ең консервативтік элемент бола отырып, өзгеріс қарқынына ықпал етуімен бірге, ол әлеуметтік динамиканың варианттарының арасындағы негізгі айырмашылықтарды анықтайтын қоғамның маңызды элементі қызметінде атқарады. Қоғам дамуының көптеген варианттарын теориялық тұрғыдан көзге елестетуге болады. Идлеалды типтер әдісі (М.Вебер жасаған методология туралы әңгіме) құбылыстың мәнді жақтарын бөліп көрсетуге бағыт-бағдар ұстанған, қоғамның нөмірленген варианттарын (модельдерін) қарастыруға мүмкіндік береді. Оларды шартты түрде директивті-орталықтандырылған және өзін-өзі басқарушы деп атауға болады. Өзін-өзі басқарушы қоғам, нарықтық экономиканың болуын ойластырған, адамдардың мінез-құлқын реттеуге, директивке сүйенбейді, керісінше нақты белгіленген құқықтық нормалар жағдайында мінез-құлық бағытын өз бетінше таңдап алатын ішкі дүниесіне арқа сүйейді. Әңгіме әлеуметтік жүйесі күрделі қоғамның өзін-өзі реттейтін тиімді және оптималды, нәзік және сенімді жүйелерін, механизмдерін меңгеруі туралы болып отыр. Тауарлы өндіріс экономиканың өзін-өзі басқару құралы болып табылады. Нарыққа келетін болсақ, ол объективті экономикалық және әлеуметтік ақиқат ретінде тарихи қалыптасады. Ол қоғамда бірге дамиды және өркениеттелінеді. Өмірдегі қажеттіліктерді және оларды қанағаттандыруды реттеудің механизмдерін анықтау табиғи нәрсе. Тауар-нарықтық экономиканың өркениеттік құбылысы ретінде сапалы өнім өндіруге бағышталуын, өндіріс қызметінің нәтижелеріне мүдделігін, тұрақты және қызу қызмет пен белсенділік импульсын біртұтас механизмге біріктіреді.

Шындығында өзін-өзі басқаратын қоғам шеңберінде экономика тұрақтылығын сақтап, динамикалық даму үшін қызметкерлерден инновациялықты, еңбекте барынша нәтижеге қол жеткізуге бағыт-бағдар ұстауды және т.б. талап етеді.

Мұндай сапалары бар қызметкерді келесі қағидаттарға бағынған институттар жүйесі ғана қалыптастыра алады. Нарықтық экономикадағы негізгі сипаттар: әлеуметтік институттардың (саясат, мораль, құқық, мәдениет, білім, ғылым, отбасы) құрылу қағидаттары; де -орталықтану және автономия; ұйымдық форма-



лардың алуан түрлігі, әлеуметтік кепілдік "оптиуми", абсолюттік нормалардың "болуы". Директивті-орталықтанған экономиканың негізі сипаттары: әлеуметтік институттардың (саясат, мораль, құқық, мәдениет, білім, ғылым, отбасы) құрылу қағидаттары; орталықтану және идеология мен саясатқа тәуелділік; ұйымдық формалардың біркелкілігін; әлеуметтік кепілдіктің кең жүйесінің болуы; әлеуметтік нормалардың салыстырмалы сипаты.

Нарықтық экономика қызметкерлерден талап ететін сапалар: индивидуалдық жауапкершілікке бағыт-бағдар ұстау; белсенділік, іскерлік; еңбекке шығармашылықпен қарау қатынасы; инновациялық, рационализм, біліктілігін арттыруға ұмытылу, еңбекте барынша жетістікке жетуге бағыт-бағдар ұстау; ұқыптылық, іскерлік міндет [4]. Директивті-орталықтандырылған экономиканың қызметкерлерден талап ететін сапалары: ұжымдық жауапкершілікке бағыт-бағдар ұстау; орындағыштық, еңбекке құралдық қатынас; консерватизм, дәстүршілдік, белгілі статусты қамтамасыз ететін формалді білім алуға ұмтылу; еңбектегі жетістіктеріне нұқсан келседе қол жеткен статусын қолдауға тырысу; құқықтық сананың әлсіздігі.

Осылайша, бір жағынан, экономикалық және әлеуметтік өмірдің алуан түрлі формаларының артуы, екінші жағынан азаматтардың шынайы экономикалық бостандықтарының кеңейуі өзін-өзі басқаратын (нарықтың) қоғамның негізгі айырмашылықты белгілері болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда бостандық ұғымы қоғамдық болмыстық мәнін синтезделген түрде сипаттайды, тарихи қажеттіліктен шыға отырып индивидуумның эмансипация дәрежесін анықтайды. Егерде бұл мәселеге кеңінен қарайтын болсақ, онда өркениеттің бәрі бір-бірінен ең алдымен тұлға бостандығы дәрежесімен ерекшелетінін айтуымыз керек. Ал адамның еркіндігінің дәрежесінің өзі оның құқы мен міндеттерінің ара қатынасынан көрінеді.

Азаматтық емес қоғамда құқық пен міндеттердің арақатынасы соншалықты шиеленісті, онда адам негізінен міндеттерді ғана иеленеді. Тек қана азаматтық қоғамда адамның еркіндігінің барлық түрлері мен формаларының жүзеге асуы мүмкін үшін мінсіз жағдайлар жасалады. Азаматтық қоғамда мемлекет азаматтардың өз қалауы бойынша өз меншігін иеленуге, пайдалануға және жұмсауына құқықты жариялап қоймайды, оған кепілдік береді және қорғайды: адам еркін болып туады және бұл еркіндік экономикаға да тарайды. Экономикалық бостандыққа арқа сүйеген шаруашылық жүйесі – нарықтық экономиканың нағыз өзі. Ал азаматтық қоғам – бұл нарықтық экономиканың нормалды жұмыс істеуі үшін жағдай. Өз кезегінде адамның заңды құқы, материалдық негізі жоқ, еркіндігі фикцияға айналды. Сондықтан нарықтық экономика шаруашылық еркіндігінің негізі, азаматтардың бостандығының негізі – жеке меншікті ұдайы өндіріп тұрады.

Демек азаматтық қоғам – бұл тек жағдай ғана емес, экономикалық негізге сүйенген нарықтық қатынастарды ұдайы өндірудің нәтижесі.

Фридрих Хайек (нарық жүйесінің теоретиктерінің бірі) қарастырылып отырған мәселеге тікелей қатысы бар ой айтқан еді, рынок – бұл механизм, оның көмегімен нарық өндіріліп жатқан және өндіріске енді тартылайын деп жатқан ресурстың қоғамдық пайдалылығын және құндылығын анықтай алады. Бұл пікірді кезінде К.Маркста айтқан болатын. Ол "Капитал" атты шығарма-сында құн қоғамдық қажетті еңбекті бейнелеуші ретінде тек еркін рынокта ғана көрінеді және оны рыноктың айырбасқа, сатқанға дейін анықтауға болмайды деп атап көрсеткен еді. Алайда кейін К.Маркс өзінің осы қортындыларынан бас тартып, социализм жағдайында орталық-жоспарлаушы органдар өнімнің бағасын сатқанға дейін және өндірілгенге дейін белгілей алады деп тұжырым жасады.

Нарықтың емес теориямен қатар шаруашылық практикасы Ф.Хайекке жоспарлы жүйенің кемістігін ұжымдық ақыл-парасатқа сенімділікке жатқанын көрсетуге және адамдардың ерексіз, лажсыз шешімдері өзін-өзі реттейтін үрдісті біртұтас жоспар бойынша бір орталықтан экономиканы саналы басқаруға айырбастайды. Мұндай экономиканың орталықтанған жүйесі жеке бас мүддесінен қоғамдық мүддені жоғары қояды. Ұлы жетістіктерде алдымен адамның экономикалық бостандығы, кейін басқада еркіндіктері шектеледі. Мысалы, еркін саудада тиым салу формасындағы экономикалық бостандықты жою саяси және азаматтық еркіндікті шектеуге әкеп соқтырады. Бұдан кейін ол қоғамдық моральда бекіді. Егерде жоғарғы мақсат – бұл қоғамдық болса, онда жеке бастың мақсатын құрбан ету адамгершілікке сиымды. Басқада барлық экономикалық бостандықтың дамуы үшін қажетті жағдай ретінде еркін сауда – бұл экономистер мен бухгалтерлердің мүддесін білдіретін тек шаруашылық мәселе ғана емес.

Қоғамда еркін сауданың болуына немесе болмауына саяси биліктің құрылымы ғана тәуелді емес, елдегі әрбір адамның жеке басының бостандығы тәуелді.

Сонымен бірге нарықтың өзін-өзі реттейтіндігін асыра сілтеп бағалауға да болмайды. Өйткені нарық адам (мемлекет) араласпай жұмыс істейтін, экономиканы автоматты реттеуші емес. Әртүрлі тауарлардың рыногі жасалса (халық тұтынатын, баспана, жұмысшы күні, капитал, жер, құнды қағаз) және соған сәйкес

нарық инфрақұрылымы элементтері жасалса, онда рыноктың өзін-өзі реттеу механизмдері әрекет ете бастайды деген пікір бар.

Мемлекеттік реттеудің көптеген формалары дамыған капиталистік елдерде әрекет ететін механизмдермен таныс адамдардың бірден көзіне түседі. Міне сондықтан нарықтық экономикадағы мемлекеттің маңызды рөлін жоққа шығаруға болмайды.

Нарықтық механизм құрылымдық қайта құрулар үшін жағдайлар қалыптастыруға және өндірісті қоғамдық қажеттілікке икемдеуге тиіс. Ең жақсы формадағы еркін сауда, сондай-ақ салық салу жүйесі материалдық өндіріс саласында капитал салуға аса пайдалы етуге тиіс, көбінесе бұл айналым саласында жүреді, соңғыны зерттеушілердің бәрі бірдей оң жағдайға жатқыза бермейді. Бұл жағдайда нарық механизмдері өндірістік қызмет үшін пайдалы жағдай қалыптастыратын болады.

Нарыққа жасалған әлеуметтік-экономикалық талдау оның қалыптасуының күрделі де көп жақты үдеріс екенін көрсетеді. Ең басты қиыншылық нарықтық элементтерді нарықтық емес құрылымдарға енгізуде болып отыр. Бұл тұрғыда бір өлшемді пайымдауға қандайда бір жол бермеу керек. Әлеуметтік-экономикалық талдау көп өлшемдікке бағыт-бағдар ұстауы тиіс.

Экономика саласындағы әлеуметтік қатынастар танымы мынандай жалпы әлеуметтанулық заңдарға арқа сүйейді: әлеуметтік тұтастық заңы, даму заңы, құрылым заңы, қоғамдық қажеттіліктер мен адамдар қызметінің өзара байланыс заңы, материалдық өндіріс пен қоғамның өзара байланыс заңы.

Әлеуметтік тұтастық заңы бойынша қоғам әлеуметтік жүйенің біртұтас организмі болып саналады. Оның біртұтастығын оның барлық салаларының (экономика, саясат, рухани, әлеуметтік) бір-бірімен байланысы көрсетеді. Қоғамның қайсыбір саласында өзгеріс болатын болса, ол әлеуметтік қатынастардың басқа бір саласын өзгеріске түсіреді. Сондықтан қоғамның қайсыбір бөлігінде болған кезкелген өзгерістерді қоғамның басқа салаларына тигізетін олардың мүмкін салаларын өзара байланыста және өзара әрекетте тығыз қарастыру қажет.

Даму заңында қоғам жүйе ретінде тікелей дамуда болады. Бұл үдерістің қозғаушы күштері мен мүдделілері бар, өз ерекшеліктеріне орай нақты кезеңдері бар. Кезкелген құбылыстың немесе оқиғаның қоғам өмірінде өзінің эволюциясы және әлеуметтік түп-тамыры болады. Сондықтан нақты тарих кезеңдегі әлеуметтік объектінің даму ерекшеліктерін зерттегенде өткен кезеңдегі оның дамуының әлеуметтік нәтижелерін есепке алу керек, қоғам өмір сүруінің бұрынғы тәжірибесімен қазіргі әлеуметтік шынайылықтың арасында байланыс орнату қажет.

Құрылым заңына сәйкес қоғам біркелкі болып табылмайды, бірақ ол өзара байланысқан және өзара әрекет ететін институттардан, топтардан, қауымдардан және олардың арасындағы қарым-қатынастардан тұрады. Қоғамдағы әртүрлі топтардың, әлеуметтік топтардың және жіктердің өкілдерінің еңбек сипаты, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орны, әлеуметтік мүдделері, құндылықтары, мінез-құлық нормалары мен үлгісі әртүрлі.

Экономика саласындағы әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарға талдау жасағанда құрылым заңы қоғамның сол кезеңдегі дамуына орай қалыптасқан әлеуметтік құрылымның ерекшеліктерін, меншік институтының ауысуынан және укладтан туындаған әлеуметтік құрылымдағы деформацияны еске ұстауды талап етеді.

Әлеуметтік құрылымдағы деформация халықтың, әртүрлі әлеуметтік топтардың жіктелісіне және поляризацияны әкеледі. Олардың экономикалық үдерістер мен құбылыстарға, реформаларға және олардың салдарларына, қатынасына қарай, өндірістік қызметке қатысуына, қоғамның әлеуметтік құрылымындағы еңбек және мінез-құлық уәждемесіне сай олар айтарлықтай айрықшаланады.

Қоғамдық қажеттіліктер мен қызметтің өзара байланыс заңы. Адамдардың әлеуметтік қажеттіліктері олардың қызметін анықтайды және интенсифтендіреді. Өз кезегінде әлеуметтіктің өзі, еңбек әрекеті кез келген қоғамда қоғам мүшелерінің қажеттіліктерін қанағаттандырудың іргелі базалық қызметін атқарады. Қоғам мүшелерінің әлеуметтік қызметінің үздіксіз өзара байланысы және олардың қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру қоғам өмір сүруінің объективті заңы болып табылады.

Материалдық өндіріс пен өзара байланыс заңына сәйкес материалдық өндіріс қоғамның өмір сүруі мен дамуының негізі болып табылады. Оның өзгеруі мен дамуы қоғамның күйіне тікелей әсер етеді, оның әлеуметтік-экономикалық базасын және қоғамның барлық әлеуметтік таптарының, топтарының және жіктерінің әлеуметтік даму мүмкіндіктерін анықтайды.

Мысал ретінде нарықтық қайта құрулар кезеңіндегі Қазақстан қоғамының дамуын келтірсекте жеткілікті. Нарықтық экономикаға тездетіп өту материалдық өндірісті шұғыл қысқартуға әкеп соқты. Экономиканың нақты секторларының дамуын қамтамасыз еткен жүздеген өндіріс кәсіпорындары жабылып қалды. Экономиканың нақты секторы шұғыл қысқарды. Өнеркәсіп өндірісі өндірістік емес секторлар, қаржы-

банк секторы, шикізат рыногы, тауар және қаржылық қызмет көрсету салалары ығыстыра бастады. Қазақстан қоғамының бүкіл әлеуметтік құрылымы өзгерді, халықтың әлеуметтік-психологиялық көңіл-күйі өзгерді, қоғамда әлеуметтік атеизм деңгейі шұғыл төмендеді.

Экономикалық әлеуметтану жалпы әлеуметтанулық заңдарды экономикалық заңдардың әрекетімен тығыз байланыста зерттейді (бәсеке, еңбек бөлінісі, еңбек өзгермелігі, сұраныс пен ұсыныс).

Бәсеке заңы. Бәсеке – бұл тек өзінің маркасына тұтынушылардың көңілін аударту мақсатында біркелкі тауарлар шығаратын кәсіпорындар арасындағы бәсекелестік, бақталастық [5]. Нарықтық экономиканың маңызды механизмінің бірі ретінде бәсекелестік өндірісте экономикалық тиімділікке және барынша пайда табу үшін қажетті жағдайларды жасайды. Экономикалық қызмет субъектілерінің этикалық нормаларын есепке алуға негізделген бәсекелестік-қабілеттілік және ұқыптылық бәсекенің әлеуметтік көрсеткіштері болып табылады.

Еңбек бөлінісі заңы. Қоғамдық өндіріс динамикасы еңбектің әр түрге бөліну үрдісімен тығыз байланысты (ой және дене еңбегі, өнеркәсіптік және аграрлық, басқарушы және атқарушы еңбек). Еңбек бөлінісі қоғамды алуан түрлі әлеуметтік топтарға, таптарға бөлінуге әкеледі.

Нарықтық экономиканың дамуына байланысты қазіргі өндірісте оның ғылым іспетті компонентінің маңызы шұғыл артады. Сондықтан білім жүйесінің дамуына еңбек бөлінісі мейлінше тәуелді болып отыр. Қоғамдық еңбек бөлінісінің салдары, атап айтқанда Қазақстанда орта тапты қалыптастыру үдерісі, оның құрылымына әртүрлі еңбек әрекетінің өкілдерінің кіріктенуі, білікті мамандардың әлеуметтік-кәсіби жіктерінің ықпалдасуы әлеуметтану талдауының маңызды мәселесі болып табылады.

Өзгермелі еңбек заңы. 18-19 ғасырларда өнеркәсіптік революция техникалық прогрес пен оны өндіріске енгізуден еңбек түрінің тәуелділігін арттырды.

Өндіріс дамуының динамикасы қызметкер функцияларының динамикасын, жұмыс түрін ауыстыруды талап етті. Еңбектің өзгеруі қызметкердің профилін кеңейтеді, адамның қабілетін және кәсіби дағдыларын дамытады.

Кәсіпорын немесе компания өндіріс үрдісінің және жұмыс берушінің мүддесінен шыға отырып, әмбебап жұмысшы күшін қалыптастыру үшін қызметкерлерін бірнеше рет алмастыруы мүмкін. Қызметтің бір түрінің екіншісіне өзгеруі адамның мұндай өтуге қабілетінің болуына байланысты. Бірнеше мамандықты меңгеру жалдамалы қызметкерлердің диапазонын кеңейтеді және оның еңбек рыногінде бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Сұраныс заңында өнімнің өтім көлемі мен бағасының арасында өзара кері байланыс орнаған. Осы заң бойынша тауар бағасы сұраныс көлемінің басты факторы болып табылады. Тауардың нарықтық бағасы неғұрлым төмен болса, соғұрлым оған деген сұраныс көп болады, тұтынушылар сатып алатын тауарлардың көлемі де көбейеді.

Керекті қажеттіліктердің мөлшері және оларды қанағаттандырудың тәсілдері қоғам дамуының нақты әлеуметтік-экономикалық, тарихи жағдайлармен анықталумен қатар ол қоғамның мәдениетімен де анықталады. Қоғамның, таптардың, әлеуметтік топтардың және индивидтердің жете түсінген қажеттіліктері олардың әлеуметтік мүдделері ретінде көрінеді.

Ұсыныс заңы. Бұл заң ұсыныс пен бағаның арасындағы тіке байланысты бейнелейді. Экономистердің ұстанымдарына сәйкес, баға неғұрлым жоғары болса, сатуға ұсынылатын тауардың көлемі және өндірушінің пайдасы соғұрлым көп болады. Төменгі баға өндіріс шығынын жаба алмайды және оның ойсырау тәуекелін күшейтеді. Сондықтан бағаның өсуіне орай өндірушілердің саны да артады, ал бағаны төмендету тауарлар мен қызмет көрсету рыногінде өндірушілердің санын қысқартуға әкеледі.

Халықтың қоғамдағы баға саясатына қатынасы, оның әртүрлі әлеуметтік топтардың өмір деңгейіне ықпалы; тұтыну мінез-құлқының заңдары мен эволюциясы; тұтыну мінез-құлқының және ағымның экономикалық стратификациясына сұраныс пен ұсыныстың әсері әлеуметтану зерттеуінің пәні болып табылады.

Нарықтық экономиканың нақты кезеңде дамуында сұраныс пен ұсыныс заңдары әрекетінің әлеуметтік салдарларын әлеуметтанулық талдауда тұтынушылардың әлеуметтік мүдделерінің және талғамдарының, ұлттық ерекшеліктерінің, ділінің және мәдениет деңгейінің ықпалына үлкен маңыз беріледі.

1 Новейший социологический словарь. - Минск, 2010. - С. 1077-1079.

2 Абсаттаров Р.Б., Мен Д.В., Соловьева И.А. Экономическая социология // Вестник КазНПУ. Серия социологические и политические науки. 2009. №1. - С. 88-90.

3 Карпыков А.П. Социальная структура общества. - Казань, 2010. - С. 112.

4 Қалдыбаева Т.Ж. Искерліктің әлеуметтік мәдениеті. - Өскемен, 2010. - 38-46, 56-71, 79-90 б.б.

5 Лоусен Т., Гэррод Д. Социология. А-Я. - М., 2000. - С. 57.

## СОЦИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА ПО ПОСЛАНИЮ ПРЕЗИДЕНТА РК НАРОДУ КАЗАХСТАНА "КАЗАХСТАНСКИЙ ПУТЬ-2050: ЕДИНАЯ ЦЕЛЬ, ЕДИНЫЕ ИНТЕРЕСЫ, ЕДИНОЕ БУДУЩЕЕ"

Г.Е. Канафина – ст. преподаватель кафедры международных отношений

Мақалада Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында әрбір қазақстандықтың өміріндегі Қазақстанның әлеуметтік саясатын оңалту мәселесінің маңыздылығы қарастырды. Автор, бұл мәселеге байланысты, әрбір қазақстандық азаматына мемлекет қандай әлеуметтік көмек көрсетеді туралы сөз қозғады.

**Тірек сөздер:** «Қазақстан-2050» стратегиясы, әлеуметтік саясат, әлеуметтік кепілдіктер, әлеуметтік жауапкершілік, әлеуметтік саясаттың тиімді қағидалары, халықты әлеуметтік қорғау, ана мен баланы қорғау

Новые принципы социальной политики – социальные гарантии и личной ответственности, изложены в новом Послании Президента Нурсултана Назарбаева народу Казахстана. Основная цель Послания – социальное обеспечение и благосостояние наших граждан. Это лучшая гарантия стабильности в обществе.

В нашем обществе, растет запрос на новые и более эффективные принципы социальной политики, которая может справиться с вызовами времени. Как показывает мировой опыт, идеальной и универсальной модели социальной политики нет. А также нет ни одного общества, где все граждане были бы удовлетворены нынешней социальной системы.

**Ключевые слова:** «Стратегия Казахстан-2050», социальная политика, социальные гарантии, социальная ответственность, эффективные принципы социальной политики, социальная защита населения, охрана материнства и детства

New principles of social policy - social guarantees and personal responsibility are set out in the new Message of President Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan. The main objective of the Message - social security and welfare of our citizens. This is the best guarantee of stability in society.

In our society, growing request for an updated and more effective social policies that can cope with the challenges of the time. As international experience shows, the ideal and universal social policy model no. As well as no society where all citizens would be satisfied with the current social system.

**Keywords:** "Strategy Kazakhstan-2050": "social policy, social protection, social responsibility, effective social policies, social protection, protection of motherhood and childhood

Новые принципы социальной политики – социальные гарантии и личная ответственность изложены в новом Послании Президента РК Н.А. Назарбаева к народу Казахстана.

Главная цель Послания – социальная безопасность и благополучие наших граждан. Это лучшая гарантия стабильности в обществе.

В нашем обществе растет запрос на обновленную и более эффективную социальную политику, способную справиться с вызовами времени.

Как показывает мировой опыт, идеальной и универсальной модели социальной политики нет. Также как и нет ни одного общества, где все граждане были бы удовлетворены существующей социальной системой.

Решать вопросы социальной безопасности и благополучия граждан – это трудная и очень серьезная задача, которая касается каждого казахстанца. Поэтому здесь должны быть тщательно взвешенные подходы.

Собственное видение принципов, которых государство должно придерживаться и с учетом которых может осуществлять корректировку наших подходов к вопросам социальной справедливости и социального обеспечения.

Новые принципы социальной политики

Во-первых, государство, особенно в условиях глобального кризиса, должно гарантировать гражданам минимальный социальный стандарт.

Главная задача – не допустить роста бедности.

Бедность не должна стать социальной перспективой ни для одного казахстанца.

Мы должны установить для наших граждан минимальные социальные стандарты и гарантии, которые должны прямо зависеть от роста экономики и бюджета.

Сюда должны включаться:

Прежде всего расширение списка потребностей индивида и включение в него статей на образование и

здравоохранение (в том числе для безработных и нетрудоспособных с целью их большей социализации), здоровое питание и здоровый образ жизни, удовлетворение интеллектуальных и информационных запросов и т.д.

Расчет стоимости потребностей индивида по реальным ценам (следовательно, необходимо совершенствование статистики в стране).

Поэтапное качественное повышение стандартов качества жизни, увязанное с ростом экономики.

Соблюдение этих стандартов должно определять **объемы бюджетного финансирования** всей социальной сферы. Это повысит **прозрачность** бюджетных процессов и усилит **адресность** выделяемых нами средств. Поручаю Правительству разработать соответствующий закон.

Во-вторых, государство должно **оказывать социальную поддержку только тем группам**, которые в этом нуждаются.

Что для этого нужно сделать?

Государство будет нести полную ответственность за **адресную поддержку социально уязвимых слоев общества** – пенсионеров, инвалидов, нетрудоспособных, больных детей и др.

Необходимо постоянно совершенствовать систему социального и пенсионного обеспечения, всемерно защищать **материнство и детство**.

У нас должны быть четкие **программы обучения и переподготовки безработных**, увязанные с потребностями рынка труда. Государство должно оказывать социальную поддержку безработным при условии, что человек, попавший в эту категорию, осваивает новую профессию и идет переучиваться.

Важно создать условия, при которых работодатели будут активно привлекать к работе социально уязвимые слои населения, обеспечив их заработной платой. Прежде всего это касается **людей с ограниченными возможностями**. Так поступают в развитых странах мира. Мы должны создавать условия для их полноценной трудовой деятельности. Государственные пособия должны получать только те, кто реально не может работать. Те компании и корпорации, которые берут на работу инвалидов и создают им условия, должны поощряться.

В-третьих, мы должны сосредоточиться на решении проблем социальных дисбалансов в развитии регионов.

Сейчас слабое экономическое развитие ряда регионов ведет к тому, что не обеспечивается занятость. Происходит поляризация уровня доходов населения.

1. Прежде всего необходимо усилить **координацию работы госорганов в области регионального развития**.

Задача – синхронизировать выполнение всех государственных и отраслевых программ с решением приоритетных задач развития регионов.

Правительству необходимо уже в первой половине 2013 года определить и тарифицировать перечень необходимых и перспективных проектов в регионах.

2. За прошедший год мы начали реализацию **программы развития моногородов**. Направлены значительные ресурсы на создание новых рабочих мест, решение социальных вопросов населения, совершенствование работы предприятий.

Будут повышаться качество управления на местах. Эта работа находится на личном контроле Президента.

Вместе с тем нам нужны **новые эффективные механизмы выравнивания социально-экономических условий** в регионах.

Президент поручает Правительству совместно с акимами областей в **2013** году принять программу по **развитию малых городов**. Она должна стать долгосрочной, создав целый ряд индустриальных проектов на их базе. Их задача – содействовать выстраиванию системы отраслевой специализации регионов, стать индустриально-производственными городами-спутниками крупных агломераций и в конечном итоге повысить уровень жизни местного населения и обеспечить работой сельскую молодежь.

3. Нам в целом необходимо принять меры по **комплексному решению проблем миграции**, которые влияют на рынки труда в регионах страны.

Необходимо усилить контроль за миграционными потоками из сопредельных государств.

В настоящее время деятельность религиозных организаций в стране регулируется рядом законодательных актов: Конституцией РК, Гражданским Кодексом РК, Законами РК «О религиозной деятельности и религиозных объединениях», «Об образовании», «О средствах массовой информации» и т.д.

Контроль за соблюдением законодательства о свободе вероисповедания и деятельности религиозных объединений возложен на органы исполнительной власти (в частности, Министерство юстиции, Комитет национальной безопасности, Министерство внутренних дел, Министерство информации, Министерство образования и науки), согласно их компетенции, установленной законодательством.



В условиях приобщения к общемировому культурному пространству после почти векового перерыва народы Республики Казахстан демонстрируют удивительную степень веротерпимости. Об этом свидетельствует и необычайный рост многоконфессиональности.

Президент Республики Казахстан Н.Назарбаев неоднократно подчеркивал, что «Казахстан, как светское государство, придерживается принципа невмешательства государства в дела религии и, соответственно, невмешательства религий в процесс прямого правления государством» [1, С. 97]. В соответствии с Конституцией 1995 г. Республика Казахстан является светским государством. Конституция не уделяет много внимания вопросам религии, упоминая о ней лишь в нескольких статьях. Статья 22 устанавливает, что каждый имеет право на свободу совести [2, С.8]. В статье 5 запрещается деятельность политических партий на религиозной основе и содержится положение о том, что деятельность иностранных религиозных объединений на территории республики, а также назначение иностранными религиозными центрами руководителей религиозных объединений осуществляется по согласованию с соответствующими государственными органами [3, С. 4-5].

Закрепленное в законодательстве отделение религиозных объединений от государства, равенство религий перед законом, создание на практике широчайших возможностей для удовлетворения религиозных потребностей верующих различных исповеданий, недопущение любых форм дискриминации граждан в зависимости от их отношения к религии позволили на практике осуществить свободу вероисповедания, что обеспечило поддержку абсолютного большинства верующих политики государства на обеспечение в обществе гражданского мира и согласия.

Наиболее важными в этой сфере являются положения о недопущении ограничения прав граждан в зависимости от их отношения к религии, возбуждения вражды и ненависти на религиозной почве, пресечение любых попыток оскорбления религиозных чувств верующих, какую бы религию они ни исповедовали, а также осквернения почитаемых последователями той или иной религии предметов, зданий, изображений и мест.

Государственно-религиозные отношения в Казахстане развиваются в рамках общемирового процесса, однако, несмотря на это, они имеют свои особенности, связанные как с историческим прошлым нашей страны, так и проводимой в условиях суверенного развития внутренней политикой. Опыт развития отношений между государством и религиозными организациями в Казахстане, как и в любой другой стране, имеет свою специфику, одна из которых заключается в том, что развитых обособленных религиозных общностей на географическом пространстве, занимаемом сегодня республикой, долгое время просто не существовало.

За долгие годы истории казахского народа, ему пришлось на себе испытать много трудностей и бедствии к достижению своей независимости и свободы.

С обретением Казахстаном своей Независимости начался новый отчет возрождения духовно-нравственных ценностей всего населения Казахстана.

И за годы независимости в Казахстане был накоплен значительный опыт в организации плодотворного сотрудничества всех конфессий в деле поддержания стабильности общественных отношений. Уникальным опытом в этой сфере была именно роль государства как инициатора различных форм религиозного диалога.

Сегодня, очевидно, что корни многих важных общественных и политических проблем жизнедеятельности общества лежат в сфере духовности, когда разногласия между людьми, возникающие на почве различий в их духовном мировоззрении, накладываются на политические, национальные, экономические и социальные противоречия. Наша республика много-конфессиональна, как и многие страны мира, однако многоконфесс-иональность Казахстана имеет ряд специфических причин. Среди них можно выделить следующие: 1) уважительное отношение казахского народа к обычаям и верованиям других народов республики; 2) отсутствие религиозного фанатизма у большинства мусульман республики; 3) специфика исторического формирования населения Казахстана, особенно в последние сто лет, обусловившая его многонациональную структуру; 4) стремление наций и народностей республики сохранить свою национальную самобытность, придерживаясь традиционной для них религиозной обрядности.

Многообразии этнических и конфессиональных групп с их традициями и ценностями, особое геополитическое расположение Казахстана требовали создания и укрепления механизмов противодействия реальным угрозам общественной безопасности, общественного порядка, физического и нравственного здоровья граждан. Поэтому норма нового закона о прохождении государственной регистрации религиозных объединений является необходимым механизмом регулирования данной сферы. Процедура перерегистрации религиозных объединений, получила высокую оценку общественности и позитивную реакцию со

стороны основных религиозных объединений и стала доказательством важности систематизации и оптимального структурирования конфессионального пространства в стране.

Религия испокон веков выполняет миссию по сохранению духовного наследия, нравственных ценностей, традиций и обычаев народа. Не случайно, в Законе «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» подчеркивается, что Республика Казахстан «признает историческую роль ислама ханафитского направления и православного христианства в развитии культуры и духовной жизни народа, уважает другие религии, сочетающиеся с духовным наследием народа Казахстана».

Кроме того, в Законе сказано, что Республика Казахстан «подтверждает право каждого на свободу совести», «уважает другие религии, признает важность межконфессионального согласия».

Признание особой исторической роли ислама и православия на территории Казахстана связано с тем, что преобладающее население Казахстана, примерно 95% верующих страны, традиционно исповедует ислам ханифитского мазхаба (далее – ислам) и православие (из них около 70% – мусульмане, около 30% – православные), рассмотрение взаимоотношения между этими двумя крупными религиями – главный ключ к пониманию происходящих процессов.

Прежде всего, необходимо отметить, что в результате многовекового сосуществования ислама и православия в Казахстане сложился определенный религиозный баланс интересов и религиозное равновесие, в рамках которого каждая из двух вышеуказанных религий сформировала свою нишу, наладив межконфессиональный диалог и каналы социального взаимодействия. Этим балансом интересов многие годы было обусловлено стабильность и толерантность всей религиозной сферы жизни казахстанского общества.

Разумеется, появлению данного феномена способствовал целый ряд факторов исторического, культурного и социально-политического характера. Это и этно-историческая, культурно-ментальная общность тюрко-славянских народов в обширной лесостепной зоне Евразии, с тесными и довольно активными межкультурными контактами на протяжении достаточно длительного по историческим меркам времени. Это и общность догмы мусульман и православных в отношении определения места и роли религии в жизни государства, когда главный, конфликтный вопрос о соотношении светской модели правления к религиозной, как правило, не входил в повестку дня и, тем более не становился причиной противостояния между традиционным духовенством и существующей властью. Причем, в последнем случае, если говорить более детально, ислам, в учении ханифитской школы права и православие – как в плане религиозных канонов, так и с учетом существующих общественно-политических реалий, являют собой пример наиболее уживчивого религиозного восприятия, особенностью которых является их умеренная консервативность и способностью находить компромисс с государством, что способствуют формированию среди их последователей положительного восприятия существующей модели светского правления. Поэтому в отличие от различных пришлых и, как правило, фундаменталистско настроенных исламских, христианских, а также несколько экзотических восточных религиозных течений, они, как правило, не представляют из себя какую либо угрозу, ни в отношениях с друг другом, ни в отношении к другим религиям, ни в отношениях общества и государства.

Пожалуй, этим обстоятельством можно объяснить тот факт, что начавшийся после обретения Республикой Казахстан независимости процесс возрождения религиозного сознания и религиозной самоидентификации населения, в начале 1990-х годов, развивался без острого соперничества и конфронтации. Более того, возросший интерес населения к религии стало восприниматься как часть общего, более комплексного процесса его этнокультурной самоидентификации, выраженный в возврате к религиозным истокам этничности, возрождении этнической самобытности, культуры и традиций.

Президент Н.А. Назарбаев отметил, что «учитывая глобальные тренды, мы должны найти эффективную модель взаимодействия государства, общества и религии. Наш исторический выбор – это светское государство и общество. Но светское – не означает атеистическое. Светское – это прогрессивное, миролюбивое, толерантное, открытое. Мы поддерживаем традиционные религии, но категорически отрицаем любой экстремизм. Я убежден: молодежь надо оградить от радикальных религиозных течений, чуждых для нас. Наша Великая Степь тысячи лет была толерантной. При этом, я хочу подчеркнуть, что толерантность – это не вседозволенность, как думают некоторые. Толерантность – это нравственная норма нашего общества, которую мы будем укреплять и оберегать и воспитывать во всех поколениях».

Казахстан сегодня является признанным в глобальном масштабе центром межкультурного и межконфессионального диалога. Наша молодая столица Астана принимала участников четырех съездов лидеров мировых и традиционных религий. Казахстан стал надежным мостом для диалога и взаимодействия Востока и Запада, ислама и христианства.

Проведение форумов религиозных лидеров, мероприятий в рамках председательства Казахстана в ОБСЕ и ОИС, конференций по толерантности является доказательством, что собственная уникальная модель общества межэтнического и межконфессионального согласия, созданная в Казахстане, оказалось востребованной на глобальном уровне. Съезд лидеров мировых и традиционных религий, созданный по инициативе Первого Президента Казахстана Н.А. Назарбаева, стал органичной и действенной частью глобального диалога между религиями современного мира. Он играет значимую роль, способствуя росту взаимопонимания между духовными лидерами, религиями и народами.

Все религии несут в себе высокие гуманистические и нравственные ценности. Проведение Съездов лидеров мировых и традиционных религий способствует продвижению глобального диалога между религиями и культурами, углублению и упрочению взаимного понимания и уважения между религиозными общинами, развитию культуры толерантности и взаимоуважения, сотрудничеству и взаимодействию со всеми между-народными организациями и структурами, нацеленными на продвижение диалога между религиями, культурами и цивилизациями.

Несомненно, современная казахстанская политика в отношении религии направлена на укрепление межцивилизационного и межконфессионального диалога. Реальные шаги государства уже сделаны в этом направлении. Среди них ключевым является «Стратегический план развития нашей страны до 2020 года». В нем особое внимание уделяется укреплению межцивилизационного и межконфессионального диалога. Наша модель толерантности получила широкое международное признание. И благодатная казахстанская земля является родным домом для представителей многих национальностей и вероисповеданий. Верующие свободно посещают мечеть, храм, синагогу и католический костел. Мы понимаем, что именно межэтническое и межконфессиональное согласие является важнейшим условием успешного проведения масштабных реформ в политической, экономической и социальной сферах. Между представителями различных религий и конфессий в стране сформированы благоприятные условия сосуществования и эффективного взаимодействия. Рука об руку мусульмане, христиане и представители других вероучений созидают наш общий многоконфессиональный и многонациональный дом.

Межконфессиональные отношения в Казахстане являются примером для многих государств мира. В целом, религия становится необходимым и, безусловно, позитивным фактором развития общества и государства. Сегодня складывающаяся ситуация требует выработки таких мировоззренческих установок, которые могли бы сформировать у населения устойчивый иммунитет к инородным псевдорелигиозным идеологическим «инъекциям». Принципами противодействия идеологии радикальных и экстремистских течений являются соблюдение конституционного приоритета общественного согласия и стабильности, укрепление межконфессионального и межэтнического согласия, реализация права на свободу вероисповедания граждан, признание того факта, что в религии экстремизма нет.

Наша страна на протяжении более 20 лет независимости сталкивалась с огромным количеством самых серьезных угроз и вызовов, однако сумела преодолеть их, двигаясь по своему уникальному Казахстанскому пути. На базе этих традиций, благодаря инициативе Главы государства, Казахстан закономерно стал центром в деле воплощения идей толерантности, веротерпимости.

*1 Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. - Алматы: Атамұра, 2003. - 240 с.*

*2 Конституция Республики Казахстан. - Алматы: Юридическая литература, 2002. - 39 с.*

*3 Там же.*

УДК 327: 341.43

## **ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕГІ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫ МӘСЕЛЕСІ**

**Т.Е. Жабелова** – *саяси ғылымдар кандидаты*

Мақалада құқықтық мемлекетте адамның құқықтарын қорғау мәселесі қарастырылады. Өзін демократиялық және құқықтық мемлекет болып есептейтін әрбір мемлекетте – адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселесі ішкі және сыртқы саясатты жүргізудің ең басты іргетасы мен тірегі болады. Біздің республикамыздың дүниежүзілік қауымдастықтың алдында барлық халықаралық-құқықтық келісімдерді қабылдауы Қазақстанда азаматтың құқықтары мен бас бостандықтарын қорғаудың халықаралық-құқықтық базасы құрылғаны жайлы дәлелдейді.

**Тірек сөздер:** адамның құқықтары мен бас бостандықтары, демократиялық және құқықтық мемлекет, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясат, дүниежүзілік қауымдастық, халықаралық-құқықтық келісімдер, халықаралық-құқықтық базасы

В статье рассматриваются проблемы защиты прав человека в правовом государстве. В любом государстве, считающего себя демократическим и правовым государством – вопросы защиты прав и свобод человека являются

краеугольным камнем и стержнем проведения внутренней и внешней политики. В Казахстане создана международно-правовая база защиты прав и свобод гражданина и человека, что подтверждается принятием нашей республикой всех международно-правовых соглашений и обязательств перед мировым сообществом.

**Ключевые слова:** права и свободы человека, демократическое и правовое государство, внутренняя и внешняя политика государства, мировое сообщество, международно-правовые соглашения, международно-правовая база

The article deals with human rights issues in a legal state. In any country which considers itself a democratic and legal state – the protection of human rights and freedoms are the cornerstone and the core of domestic and foreign policy. Kazakhstan has created international legal framework to protect the rights and freedoms of man and citizen, as evidenced by the adoption of our republic all international legal agreements and commitments to the international community.

**Keywords:** human rights and freedoms, democratic and legal state, internal and external policy of the state, the international community, the international legal agreements, the international legal framework

Демократиялық құқықты мемлекеттің қалыптасуындағы шешуші басымдық – адам құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы. Өркениетті, демократиялық елдерде бұл мәселе бірінші кезекте тұрады. 1948 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған “Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында” барлық нәсілдер мен халықтардың теңдігі әрбір адамның қоғам мүшесі ретінде теңдігіне негізделді. Әлем мойындаған бұл құжат бойынша “әрбір адамның өмір сүруге, бостандыққа және жеке басының қауіпсіздігіне құқы бар”, сонымен қатар “барлық адамдар заң алдында тең, оларды алаламай, заңмен тең дәрежеде қорғайды” [1] – деп көрсетілген.

Дүниежүзі мемлекеттерін құқықтық қоғам құруға бастайтын негізгі құжат болып табылатын “Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында” жеке адам бостандықтары мен құқықтарының ерекше маңызға ие болуы дамыған елдер конституцияларында да өз көрінісін тапты. Мысалы, 1949 жылы қабылдаған Герман Федеративтік Республикасының Негізгі Заңында “Адамның қадір-қасиеті мызғымайды. Мемлекеттік билік оны құрметтеуге және қорғауға міндетті”, “әркім өзінің жеке басының бостандықтарын дамытуға құқылы”, “жеке бастың бостандығына қол сұғылмайды. Бұл құқыққа араласу тек заң арқылы ғана жүзеге асады”, “барлық адамдар заң алдында бірдей. Еркектер мен әйелдер тең құқылы”-деген жеке адамды заңмен қорғайтын нақты конституциялық нормалар бар. Ал 1978 жылы қабылданған Италия Конституциясында “Әр адамның өз бостандығы мен қауіпсіздігіне құқы бар”, “адамның ары, жан-ұялық және жеке құпиясы қорғалуына кепілдік беріледі”, “адамның өз пікірін, идеясын еркін айту құқына негізделген сөз бостандығы”, “әдеби, көркем, ғылыми және техникалық шығармашылық бостандықтары” берілген. Парламентарлық монархия болып есептелетін Испания королдігінде Германиядағы сияқты әлеуметтік, құқықтық, демократиялық мемлекет құру саяси міндет ретінде қойылды. Бұл елдегі ең жоғарғы құндылықтар ретінде бостандық, әділет, теңдік және саяси плюрализм қарастырылады. Ұлттық, мемлекеттік егеменділіктің түп тамыры ретінде Германияда неміс халқы, Испанияда испан халқы есептеледі.

1787 жылы қабылдаған Америка Құрама Штаттарының Конституциясын адамзат тарихында құқықтық мемлекет құруға бетбұрыс жасаған тарихи құжат ретінде бағалауға болады. АҚШ Конституциясына 1791 жылы енгізілген алғашқы 10 толықтыруларды “Құқықтар туралы Билл” деп атады. Бұл толықтырулар Америка азаматтарына конституцияның бастапқы мәтінінде болмаған дін, сөз, баспасөз, жиналыс, үкіметке петициялар мен өтініштер айту бостандықтарын берді. Халықтың жеке басының, тұрғын үйінің, қағаздары мен заттарының күзетілуі құқы бейсауыт тінту және қамауға алумен бұзылмауға тиісті. Қандай да болмасын қылмыстың жазасын штаттың алқа билері сотта жалпы заңдарға сәйкес кесе алады.

Ресей Федерациясының 1993 жылы қабылдаған Конституциясында да құқықтық мемлекет құру негізі саяси міндет ретінде көрсетілді. Бұл құжатта да жеке адамның бостандықтары мен қадір-қасиетін қамтамасыз ету құқықтық мемлекетке көшудің негізгі бағыты ретінде қарастырылады. Ресей Федерациясындағы билік пен егеменділіктің қайнар көзі – көпұлтты халық. “Адам, оның құқы мен бостандықтары – ең жоғарғы құндылық. Адам мен азаматтың құқықтарын мойындау, орындау және қорғау – мемлекеттің міндеті”. Сонымен бірге “Ресей Федерациясы әлеуметтік мемлекет ретінде әрбір адамның еркін дамуын және дұрыс өмірін қамтамасыз ететін” саясат жүргізіледі.

Француз Республикасының Конституциясы 1958 жылы қабылданды. Бұл құжатта да “адамдар шығу тегіне, нәсіліне, дініне қарамастан, заң алдында тең”. “Ұлт және тұлға мен оның жанұясына даму үшін қажетті жағдай жасайды”. “Республикада 1789 жылғы” Құқықтар Декларациясына сәйкес адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары қорғалады”.

Францияда құқықтық мемлекет қалыптастырудың басты бағыттарының бірі ретінде еркек пен әйел теңдігі жарияланады. Сөз, пікір, идея бостандығы үшін жазаға тарту болмайды. Зайырлы, демократиялық, әлеуметтік мемлекет ретінде Францияда барлық діндер қадірленеді. Француз Республикасында саяси жүйенің шешуші буыны ретінде президенттік билікке ерекше маңыз беріледі.

Азия континентінде құқықтық мемлекет құруда айтарлықтай табыстарға қол жеткізген ел – Жапония. 1947 жылы қабылдаған Жапония Конституциясында 3-ші тарау халықтың құқықтары мен міндеттеріне арналған. “Барлық адамдар жеке тұлға ретінде құрметтелуге тиіс”. “Барлық адамдар заң алдында тең және саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелер бойынша нәсіл, дін, жыныс, әлеуметтік жағдайы мен тегіне қатысты кемсітушілікке ұшырамайды”. “Барлық билік органдары бүкіл қоғамға қызмет етеді”. “Халық билік органдарын сайлайды және оларды орнынан тайдыра алады”.

Жапонияда ой, ар, дін бостандықтарына ерекше көңіл бөлінеді. Адамдардың еркін пікірін айту, жиналыстарға қатысу, өз құпияларын сақтау құқықтарына мемлекет кепілдік береді.

1988 қабылдаған Бразилия Федеративтік Республикасының Конституциясында да азаматтық пен жеке адамның қадір-қасиетін қорғау құқықтық мемлекетке тән белгілер ретінде қарастырылады. Бұл елде де “барлық азаматтар заң алдында тең. Ешкім заңсыз істерді істеуге тиіс емес және басқалар да оны заңсыз әрекеттер жасауға мәжбүрлей алмайды”. “Дін бостандығына қол сұғылмайды”, “Ешкім өзінің философиялық және саяси сенімдеріне байланысты қудаланбайды”, “Интеллектуалдық, шығармашылық, ғылыми және коммуникативтік қызметтер еркін. Оларды цензурамен, рұқсат берумен шешуге болмайды”.

Дамыған мемлекеттердегі адам мен адамзаттың құқықтарына жасалған шолу бұл елдерде конституционализм бірінші кезекте адам мәселесін назарда ұстауға ұмтылатынын байқаймыз. Мемлекеттің саяси жүйесі, экономикасы және басқа да құрылымдары алдымен адамға және оның бостандықтарына қызмет етуге тиісті. Социалистік қоғамдағы этатистік ойлау жүйесінен дамыған елдер бас тартқан. Оларда адам мемлекетке емес, мемлекет адамға қызмет көрсетуі заңдастырылған. Сондықтан дамыған елдердің конституционализмнің негізі адам мен адамзаттың құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылады. Заңның, мемлекеттік басқару органдарының ел азаматтарына қызмет етуі, басқарушы элитаның халық алдында жауапты болуы сол мемлекеттің құқықтық мемлекетке айналуының кепілі болмақ.

Қазақстанның мақсаты – өркениетті елдер тәжірибесіне сүйене отыра, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын қорғайтын заңды жүйені қалыптастыру. Сондықтан ел Конституциясында осы мәселеге мән берілген. Бұл істе асығыстық пен жасандылық ешқандай пайда әкелмейді. Еліміздің Ата заңын жазған заңгерлердің бірі Ғ.С. Сапарғалиевтің пікірінше, “Конституция “Адам және азамат” деген бөлімінде адамға тумысынан бастап оның өмірінің барлық кезеңдерінде игілігіне пайдалануға қажет құқықтары мен бостандықтарын жариялаған, бекіткен. Ең өркениетті деген елдердің конституцияларымен салыстырып көрсек, олардан кем-кетік қағидаларды табу мүмкін емес. Конституцияның осы бөліміндегі қағидалары жүзеге асырылып отырса, қоғам дамиды, халықтың өмірі көркейеді. Осыған байланысты адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары кеңейіп, кепілдіктері нығаяуы сөзсіз” [2].

Тәжірибе дәлелдегендей, саясат, идеология, яғни ілімдер мен теориялар бір қалыпта тұрмайды, олар толықтырылып, дамып, жаңа проблемаларға кездесіп, өзгеріп отырады. Бұл қағиданы құқықтық мемлекеттің қалыптасуындағы пайда болған жаңа көзқарастар мен теориялар дәлелдей түседі. Адамның құқығы мен бостандығын қорғау мәселесі зерттеу объектісіне әлдеқайда ертеректе айналғанын көреміз. Біз адамның құқығы мен бостандығын қорғау тұжырымының негізін қалаушылар қатарында И.Кант, Ш.Монтескье сияқты зерттеушілерді ерекше көрсеткенді жөн көрдік. Адамзаттың болашағын, И.Кант “бүкіл құқықтық республикалық мемлекеттің бірігуінде” деп санады. Ал, Монтескье ілімі бойынша, республикалық құрылысқа жету, қоғамдағы субъектілердің толық бостандығын алуын білдірмейді. Монтескье пікірінше “бостандыққа және заңдылыққа жету үшін республика болсын, немесе монархия болсын мемлекетте биліктің бөлінуін өткізу” өте қажет екендігін көруге болады.

Жалпы “құқықтық мемлекет” терминін Роберт фон Моль енгізді. XIX ғасырдың II-жартысында немістің заң ғылымында құқықтық мемлекетке байланысты көптеген шығармалар жарық көрді. Германияда, бірте-бірте көп жақтаушыларға ие бола отырып, құқықтық мемлекет тұжырымдары басқа мемлекетте пайда болған теорияларға сіңе бастады. Тұжырымдармен бірге, неміс терминологиясы да осы нысанда пайдаланыла басталды. Мысалы, итальян тіліндегі “құқықтық мемлекет” терминінің пайда болуы Отто Бэр мен Рудольф фон Тейст сияқты зерттеушілер аудармаларымен тығыз байланысты. Ал, Ресейде Германияның университеттерімен ежелгі берік қатынастарда болған ұғымдар аудармасыз қолданыла бастады. Сондықтан кезінде Ресейде құқықтық мемлекетті жақтаушыларды “рехистатистер” (неміс термині) деп атады. Ресей заң ғылымында құқықтық мемлекет мәселелеріне арналған көптеген еңбектер пайда бола бастады. Олардың қатарында Б.Н. Чичерин, П.И. Новгородцев, М.М. Ковалевский, И.И. Коркунов, Б.А. Кистяковский еңбектерінің орны ерекше.

Сонымен бірге аталмыш тақырыпты зерттеуде Қожа Ахмет Яссауи, Ж.Баласағұн, Әл-Фараби, А.Құнанбаев, Шәкәрім сияқты қазақ ойшылдарының да көзқарастары құнды болып табылады.

Отандық зерттеушілер С.З. Зиманов, Қ.С. Сапарғалиев, С.Н. Сәбикенов, А.Ә. Сәбитова еңбектерінде халықаралық адам құқығын қорғау мәселесі қамтылған.

Ал, Қазақстандағы кәсіби парламенттің қалыптасуын зерттеген Ә.Бәкір, Н.Қалиев еңбектерінде парламентаризм мен құқықтық мемлекеттің өзара байланыстылығы атап өтілген.

Сонымен қатар Қазақстанда құқықтық мемлекет қалыптастырудың бағыттары, соның ішінде адам мен азамат құқығы мен бостандықтары отандық зерттеушілер А.Айталы, Т.С. Сәрсенбаев еңбектерінде орын алған.

Осы жоғарыда көрсетілген еңбектерде қалыптастырылған тұжырымдар мен пікірлердің Халықаралық адам құқығын қорғаудың мәселелерін, оның бағыттарын анықтауда маңызы зор болды.

Халықаралық адам құқығын қорғау халықаралық әріптестікті реттейтін принциптер мен ережелер жиынтығынан, халықаралық құқықтың субъектілерінің міндеттері мен құқықтарынан құралған қазіргі халықаралық құқықтың бір саласы.

Бұл саланың негізінде мемлекеттердің нәсіліне, жынысына, тілі мен дініне қарамай барлық тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу міндеттемелері, сондай-ақ, халықаралық құқық субъектілерінің адам құқықын қорғау саласындағы әріптестігін реттейтін міндеттемелері жатады. Бұл принцип құқықтың осы саласының мәнін анықтап, оған тән ерекшеліктерді анықтайды.

Кейде халықаралық құқықта бұл нормалардың мақсаты – қарулы қақтығыстарды ізгілендіру, атап айтқанда, қарулы қақтығыстар кезінде адам құқықын қорғау мәселесіне қосымша немесе ерекше кепілдіктер берілуі ережелерін халықаралық гуманитарлық құқық аясына жатқызады.

Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін реттейтін ережелер бастапқыда Ежелгі Римнің, Ежелгі Грецияның; Англияның феодализм кезінде (1215 ж. Еркіндіктердің Ұлы Хартиясы, 1689 ж. Құқықтар туралы Билль және т.б.); АҚШ-тың (1776 ж. Тәуелсіздік Декларациясы, 1787 ж. АҚШ Конституциясы, 1789 ж. Құқықтар туралы Билль және т.б.); Францияның Ұлы француз революциясының жетістіктері нәтижесіндегі (1789 ж. Адам және құқықтарының Декларациясы) ұлттық заңнамаларында пайда болды. Бұл актілерде бекітілген идеялар мен принциптер адам құқықын қорғау саласындағы халықаралық-құқықтық ережелердің қалыптасуына негіз болды. Егер жоғарыда көрсетілген адам құқықын қорғаудың кезеңдері әр мемлекеттің ішкі ісінде қарастырылса, қазір олар халықаралық әріптестіктің пәніне жатқызылады.

Адам құқықтары мен бостандықтары – жеке тұлғаның әлем қауымдастығы мойындап, халықаралық-құқықтық құжаттарда бекітілген, әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілген, ешкім шек қоймайтын немесе тыйым сала алмайтын құқықтары мен бостандықтары. Адамның қандай да бір игіліктерді иеленуін қамтамасыз ететін, өз еркімен іс-әрекет жасауына мүмкіндік беретін мемлекет пен бұқара арақатынасының негізгі принциптері АҚБ-на жатады. Адамзат қоғамында бұл мәселеге ежелден баса назар аударылған. Мыс., Аристотель адам құқықтарын «табиғи» және «шартты» деп екіге бөледі. Адамның табиғи құқықтарын мемлекет орнатқан шартты құқықтардан жоғары қояды. Орта ғасырда АҚБ жасаған қайырымдылықтар, рақымшылықтар ретінде түсіндірілді. Өндірістік қарым-қатынастардың қарқынды даму сатысында өмір сүрген либерализм өкілдері – Т.Гоббс, Дж.Локк, Ш.Монтескье, Ж.Руссо, И.Кант, Т.Джефферсон, Т.Пейн және т.б. ойшындар АҚБ-на баса назар аударды. Қағидалардың ең маңыздылары ретінде олар адамдардың еркін, қауіпсіз өмір сүруге, жеке меншік иеленуге тең құқықтарының болуын, халық биліктің негізгі иесі екендігін, биліктің тармақталуын, биліктің халық мүддесіне қызмет етуі керектігін атап көрсетті. Жүзеге асырылу ортасына қарай АҚБ азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени болып жіктеледі. Саяси және азаматтық құқықтардың қазіргі тұжырымдары БҰҰ Бас Ассамблеясының Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында (1948 ж., 10 желтоқсан) баяндалған. Қазақстан Республикасының Ата Заңы бойынша: «1.Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі; 2. адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» (12-бап).

Халықаралық адам құқықын қорғау мемлекеттер арасында екі негізгі бағыт бойынша әріптестікті қарастырады: *біріншіден*, адам құқықын қорғау саласында әмбебап және аймақтық халықаралық-құқықтық ережелерді қалыптастыру; *екіншіден*, олардың қалтқысыз орындалуын қамтамасыз ететін арнайы механизмдерді қалыптастыру. Осы саладағы мемлекеттердің әріптестігін үйлестіруде БҰҰ жүйесіндегі ұйымдар мен аймақтық ұйымдардың маңызы зор.

Халықаралық құқықтың басқа салалары сияқты халықаралық адам құқықын қорғау саласы да БҰҰ құрылғалы бері дамудың жаңа сапалы сатысына түсті. БҰҰ Жарғысының 1-бабында БҰҰ басты мақсаттарының бірі ретінде халықаралық экономикалық, мәдени және гуманитарлық мазмұндағы мәселелерді шешу жолындағы әріптестікті дамыту және нәсіліне, жынысына, тілі мен дініндегі айырмашылықтарға қарамай, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеуді алға тартады.

Халықаралық адам құқын қорғау саласындағы 1966 ж. Халықаралық пактілердің және өзге де әмбебап, аймақтық актілердің қабылдануы халықаралық құқықтың негізгі принциптерінің біріне айналған адам құқын құрметтеу принципінің нығайтты.

Халықаралық адам құқын құрметтеу принципінің қалыптасуы және халықаралық-құқықтық актілерде адам құқын қорғау жөніндегі халықаралық стандарттардың нығаюы барысында адам құқықтарын жекелеген санаттарға жіктеу өріс алды.

Алғашқы санаттағыларға 1966 ж. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық пактіде бекітілген **азаматтық** және **саяси** құқықтар жатқызылады. Бұл құқықтар бастапқыда ұлттық құқық нормаларында қарастырылған болатын, олардың халықаралық-құқықтық деңгейде орнығуына Ұлы француз төңкерісі ерекше ықпал етті. Бұл санаттағы құқықтар (өмір сүру құқы, бостандық, жеке қауіпсіздігі, заң алдындағы теңдік, жүріп-тұру еркіндігі) табиғи және әрбір адамға туа бітті берілетін құқықтарға жатқызылады. Мемлекет бұл құқықтарды саяси, экономикалық, әлеуметтік даму деңгейіне қарамай қорғауға міндетті.

Екінші санаттағыларға 1966 ж. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі Халықаралық пактіде бекітілген **экономикалық**, **әлеуметтік** және **мәдени** құқықтарды жатқызады. Бұл санаттағы құқықтар (еңбек ету құқы, еңбекке әділетті әрі қолайлы жағдай туғызу, әлеуметтік қамсыздандыру, демалыс, білім алу) мемлекеттің тарапынан арнайы қолдау көрсетуін талап етеді, әрі экономикалық-әлеуметтік жағдай жасалуына байланысты.

Үшінші санаттағыларға **ұжымдық құқықтар**: халықтар құқы, азшылықтар құқы, даму құқы, халықаралық қауіпсіздік және бейбітшілік, қолайлы қоршаған орта, табиғи ресурстарды еркін пайдалану құқы және т.б. жатқызылады. Бұл құқықтар ұлт-азаттық күрестер нәтижесінде пайда болды және БҰҰ БА қабылдаған 1960 ж. отар елдер мен халықарға тәуелсіздік беру туралы, 1984 ж. Халықардың бейбіт өмір сүру құқы туралы, 1986 ж. Даму құқы туралы, 2007 ж. Ұлттық, этникалық, діни және тілдік азшылықтарға жататын тұлғалар туралы және байырғы халықтардың құқықтары туралы Декларацияларда, 1981 ж. Адам және халықтар құқы туралы Африка хартиясында, еуропалық аймақтық актілерде қарастырылған.

Соңғы кездері халықаралық құқық ғылымында адам құқықтарының төртінші санаты (соматикалық құқықтар – гректік soma – тән) туралы сөз қозғалып жүр. Бұл құқықтың түрлеріне адамды клондау, жынысын өзгерту, жасанды түсік жасату және т.б. жатқызылады.

Адам құқықтарының бұлайша жіктелуін барлық зерттеушілер толық қолдай бермейтінін атап өткен жөн. Олардың пікірінше, барлық құқықтар бөлінбейді, кез-келген құқықтың иесі тек жеке тұлға, ал құқықтарды бөлу тек шартты сипатта, адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық нормаларының қалыптасуының тарихи ерекшеліктерін ғана көрсетеді.

*1 Жалтыға бірдей адам құқығы Декларациясы // БҰҰ БА қабылдаған, 10 желтоқсан, 1948 ж.*

*2 Қазақстан Республикасының конституциясы [Текст]: ғылыми-құқықтық түсініктеме / ред. басқ. Ф.Сапарғалиев; ауд. С.Бақтыгерейұлы. - Алматы: «Жеті жарғы», 1998.*

*3 Қазақстан Республикасының Ата заңы, 1995.*

УДК 323.1:21/29 (574)

## **ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ КЕЙБІР ТҰСТАРЫ**

**М.Дакенов** – *Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры*

Бұл мақалада автор практикалық әлеуметтануда экономикалық мәдениет мәселелерін зерттеу проблемасын қозғайды. Әлеуметтік талдау негізінде автор келесі тұжырымдарға келеді: экономикалық мәдениет көтерілген сайын экономиканың және экономикалық-әлеуметтік қатынастардың сатысы жоғарылай түседі, осы себептен, халықтың экономикалық мәдениетінің едәуір өсуі халықтың әл-ауқаттың көтеруге мүмкіндік жасайды.

**Тірек сөздер:** практикалық әлеуметтану, әлеуметтік механизмдер құрылымы, экономикалық мәдениет, экономика және экономикалық-әлеуметтік қатынастар, құндылықтар, шығармашылық, табыс, тәуекел.

В данной статье автор затрагивает проблему изучения в практической социологии вопросов экономической культуры. На основе социологического анализа, автор приходит к следующему выводу: чем выше экономическая культура, тем выше состояние экономики и экономико-социальных отношений, следовательно заметное улучшение экономической культуры позволит поднять благосостояния населения.

**Ключевые слова:** практическая социология, структура социальных механизмов, экономическая культура, экономика и экономико-социальные отношения, ценности, творчество, экономический риск.

In this article, the author addresses the problem of studying sociology in practical issues of economic culture. On the basis

of sociological analysis, the author comes to the following conclusion: the higher the economic culture, the higher the state of the economy and the economic and social relations, therefore, a marked improvement in economic culture will raise welfare.

**Keywords:** practical sociology, the structure of social arrangements, economic culture, the economy and the economic and social attitudes, valuables, creativity, economic risk.

Экономикалық мәдениетті (әлеуметтік механизмдер құрылымы) экономикалық сананың өзара әрекеті (экономикалық қатынастардың және танымның өмір сүруі және экономикалық заңдардың дамуын көрінісі ретінде) және экономикалық ойлаудың (экономикалық қызметке қосылудың көрінісі ретінде) тәсіл ретінде экономикалық қызметке индивидтердің және әлеуметтік және әлеуметтік топтардың қатысуларын реттейтін және экономикалық мінез-құлықтың қайсыбір түрлерінде олардың өздерін көрсету дәрежесін реттейтін тәсіл ретінде анықталған. Бұл өткен экономикалық тәжірибемен қоғамның әлеуметтік жіктік, әлеуметтік топтың, белгілі бір жағдайында қалыптасқан экономикалық сананы (және оның көріну формасы ретінде экономикалық ойлауды) білдіреді.

Қоғам, әлеуметтік топ, әлеуметтік жік осы жағдайда белгілі бір эконо-микалық қызметте (экономикалық мінез-құлықты) жүзеге асырады.

Өзара әрекеттің осы тәсілі неғұрлым жеті-он болса, соғұрлым эконо-микалық мінез-құлық неғұрлым ұтымды болса, экономикалық мәдениеттің деңгейі: солғұрлым жоғады.

Ондаған жылдар бойы өзгеру қажеттілігін байқамаған енжар дамыма-ған біздің қоғамның сыртынан карағанда экономикалық реформа саясатынан қалыптасқан әлеуметтік стереотиптермен сәйкестендіру экономикалық санасы қарама-қайшылықты, эмоционалды экономиканың ойлауда себепші болды.

Осы себептермен байланысты экономикалық қызмет ұғымдылық сипаттан гөрі көбіне-коп эмоциональдық сипат және психологиялық стресс жағдайында жиі еске асады. Мұндай экономикалық ойлау, өз тарапынан, экономикалық сананы әлеуметтік-экономикалық практикамен айтарлықтай байытуға қабілетсіз.

Икемсіз, әлеуметтік стереотиптерімен байытылған, кеңес экономикасының практикасында болған экономикалық сана мен экономикалық өзара әрекет тәсілі,әзірге жоғарлы деңгейдегі экономикалық мәдениетке қатысты айтарлықтай иллюзия тудырмайды.

Экономикалық сана мен экономикалық ойлаудың өзара байланысы және өзара енуі тәсілінің жетілмеуі салдарынан олардың экономикалық мінез құлыққа, экономикалық қызметке тигізген реттеушілігі жалпы үлкен емес және осы мінез құлықтың көпшілігі мен икемділігіне әлсіз себепші болады.

Экономикалық мәдениеттің түптен келгенде экономикалық мінезді реттейтін механизм ретінде негізгі ерекшеліктерінің сипаты».

Біріншіден, экономикалық мәдениет өзіне тек экономика қажеттінен пайда болатын және оған маңызды ықпал ететін құндылықтарды, қажеттіліктерді, артық көрулердет қосқан» бұл, соның ішінде әлеуметтік санада туындаған әлеуметтік нормалар қоғамның экономикалық санасында өзінің ерекшелікті орнынын алады. Мысалы, өндірістің тиімділігін бағалаудың сандың әдісіне басымдылықпен бағыт-бағдар ұстаған экстенсивті дамыған қол жетім табыстан шыға отырып қалайда болса орындау,» бірде-бір қатардан жоспарды қалаушы болмасын», «әйтеуір қорытындылау», «теңгерімшілік» және т.б жоспарлауды табиғи деп есептейді.

Екіншіден экономикалық мәдениеттің ерекшелігі сондай айқындалып, солар арқылы ол экономикалық сананың және экономикалық ойлаудың өзара байланысын өзара әрекет реттейді. Әңгіме әлеуметтік стереотиптер икемділігі мен мәнерлігі соқыр еліктеу минимумы туралыболып отыр,бұлар экономикалық сана мен экономикалық ойлаудың өзара байланысын қиындатады, оны консервативті жасайды және т.с.с. Экономикалық сана неғұрлым бай және белсенді болса, экономикалық ойлау соғұрлым ұтымды және тапқыр варианты және креативті, экономика ойлау соғұрлым еркін кәсібі болады.

Үшіншіден, экономикалық мәдениеттің ерекшелігі экономикалық сана мен экономикалық ойлаудың байланысын реттеуші ретінде ол басқаларына карағанда адамдардың экономикалық мінез-құлқын басқаруға айтарлықтай үлкен дәрежеде бағыт-бағдар ұстауынан көрінеді. Экономикалық мәдениеттің реттеуші құндылықтары мен нормаларының ұйымдастырушылық бақытты бар және бұқараны қайсыбір әрекетке белсенділігін арттырады яғни олардың экономикалық мінез-құлықын белсендіреді.

Мысалы, саясатың маңызды бұрылыстардың бәрі экономикалық сипатқа сәйкес ұрандарды ұсынумен қоса жүрді.

Ұран мәдениеттің моменті ретінде адамдардың әлеуметтік экономикалық стереотиптерін тудыруға бағытталған, ол неғұрлым адамдардың ұсынылған міндеттерді шешуге күшті уәждесе онда символдарға сенуге қалыптасқан олардың экономикалық ойлауда соғұрлым қарама-қайшылықты және эмоционалды болады.



Мұндай ұрандардың қатарына революцияның бас кезіндегі «коммунизмді оқып-білу», ЖЭС кезінде, «Сауданы үйрен» Индустрияландыру кезіндегі «Қайта құру кезінде техника бәрін шешеді», қайта құру жылдарындағы «Жаңаша жұмыс істеу үшін, жаңаша ойлаудың бастау қажет», өткен кезіндегі «Жаңаша меңгеру» және т.б жатады. Осылайша, біз экономикалық мәдениеттің экономикалық мінез құлықты басқаруға бағыт-бағдар ұстауы индивидтің, топтың, қоғамның, экономикалық дамудың өткен тәжірибесіне орай экономикалық санасы мен экономикалық ойлау үлгісі қалыптасуына байланысты болады.

Экономикалық сана мен экономикалық ойлау арасындағы өзара байланыс тәсілі ретінде экономикалық мәдениетті қарастыру осы тәсілде қаланған реттеушілік мүмкіндіктер туралы байымдауды ұсынылады. Әңгіме оны аса икемді және сезімтал жасау мақсатында жағымды экономикалық ойлауды детерминациялау тұрғысынан және экономикалық сананы практиканың шынайы мазмұнымен қанықтыру тұрғысынан өзара байланысты реттеудің мүмкіндіктері туралы болып отыр.

Қарастырылып отырған құбылыстар арасындағы тіке және кері байланысты жүзеге асырудың осы үрдістері экономикалық мәдениеттің функцияларын атқарудың толықтығына айтарлықтай байланысты.

Ең алдымен, экономикалық мәдениет, жалпы мәдениет сияқты, қоғамның әлеуметтік ес рөлін атқарады, бірақ бүкіл әлеуметтік есін емес, оның экономикалық қатынастардың даму тарихымен байланысқан сегменттің ғана, яғни біз мәдениеттің трансляциялық функциясы туралы айта аламыз. Бұл әлеуметтік экономикалық құндылықтарды, нормаларды, ережелерді, мінез құлық үлгілерді өткеннен бүгінге және бүгіннен болашаққа жеткізеді. Өйткені бүгінге экономикалық сана мен экономиканың ойлаудың мазмұнын құрайтын нормалар мен құндылықтар оның формасының көрінісі ретінде сондай ақ экономикалық мінез құлық олардың өзара әрекетінің нәтижесі ретінде таралады. Экономикалық мәдениет экономика даму субъектілерінің икемді экономикалық мінез құлықтың дамуы үшін қажетті құндылықтар мен нормаларды тандап алады (бракка шығарады, сақтайды жинайды). Осылайша мәдениет селекциялық функция атқарады. Алайда идеологиялық заңдар қоғам дамуының қайсыбір кезегінде осы табиғи үрдісті идеологиялық шеңберді және нормативтерді енгізу жолымен түрін өзгертеді, типтен тоқтатылады. Бұдан экономикалық мәдениеттің инновациялық функция атқаратынын көреміз. Осы функциялардың толықтығы жәнсапалы орындауын экономикалық мәдениеттің реттеушілік мүмкіндігі анықтайды.

Басқарылатын экономикада мәдениеттің инновациялық функциясын атқаруға (нақты айтқанда қайсыбір жаңаны енгізгенде)әкімшілік шектеу қарсы тұра алады.

Мұндай шектеумен күрес жаңашылдар үшін ұзаққа созылуы және олардың қалжыратуы мүмкін,түптің түбінде бұл жігерлі шешімге байланысты болады. Егерде консерватизмнің қайнар көзі экономикалық мінез құлық дәстүрлеріне кететін болса мәселе типтен басқаша болады.

Мұндай жағдайда нақты және бір жолдық шешім жеткіліксіз,тез алға басуы екі талай.

Сонымен қатар дәстүрлі әрекеттерді бағаламау өте қымбатқа түсетінін айту жөн. Мысалы, 1998 ж. Ресей Федерациясында (үкіметтік дағдарыс) болған әлеуметтік механизмдер жұмысы қоғамның экономикалық санасын бірден маңызды де тұрақсыздыққа әкелді. Ресейдің нығаймаған нарықтың экономикасы онда жүріп жатқан үдерістерді өзі жете қойған жоқ еді. Сонымен бірге үкіметтің дәстүрлі (әкімшіл) әрекеттері бірқатар объективтік және субъективтік себептерге орай қолдануға мүмкін болмай қолды, немесе олар күткен тиімділікті бермеді. Нәтижесінде, федералдық билік дағдарысы елді тұтыну және қаржы нарығын дағдарысқа соқтырды.

Сонымен, баланс-әлеуметтік-экономикалық нормалардың жолын ұстау және экономикалық инновацияның қажеттігін мойындау-экономикалық сана мен экономикалық ойлаудың өзара әрекет ету тәсіліне байланысты не ол, не бұл жаққа жылжиды. Егерде оның жолын ұстанушылар басым болса, онда бұл әлеуметтік экономикалық тоқырау қаупын төндіреді және де соған сәйкес экономикалық қызметті тоқырауға әкеледі.

Ол өткенді дәріптеуден оны бүгінгіге қарама-қарсы қоюдан көрінеді. Алайда, сонымен бірге жүйенің тұрақтылығы өміршең емес инновацияларды еліктен өткізудің, оларды перспективалығын сынақтан өткізудің маңызды факторы болып табылады. Сондықтан,жаңашылдыққа табыну дұрыс болмаған болар еді және өмірде бар, мойындалғандардың позитивтік маңызын бағаламауда орынсыз болады.

Отандық экономикада басқару үрдістерінің басым болуы (табиғи тарихи нұқсан) бірегей жағдай жасады және де жасауда.Мысалы, инновация социомәдени және социэкономикалық факторларды есепке алмай көбіне-көп әкімшілік шешімімен енгізіледі. Бұл отандық экономиканың инновациялық функциясын жүзеге асырудың аса спецификациялық ерекшеліктерін тудырады.

Ең алдымен, ол экономиканы басқаратын билік құрылымының өнімдерінің экономикалық ойлау деңгейіне және көбіне көп консервативтік стереотиптерді алып жүрішілер болып табылатын жергілікті басқару субъектілеріне тәуелді болып қалады. Нәтижесінде жаңаша игеру деп аталған мен тек бірғана

элементін іске қосатын» тиімдеп енгізу»; экономикалық жаңалықты жекелеген объектілерде алдын ала апробациядан өтеді де істі сонымен бітіретін» мәңгі эксперимент әдісі»; жаңаша номиналды игерумен және шын пайдаланудың арасында принциптік ошақтың болатын» есеп беру үшін енгізу «әдісі, жаңаның ескімен қатар өмір сүруін» параллелді енгізу» сияқты әдістері кең етек алады.

Сонымен баланс қозғалысының себептері қандай ескіні ұстаушылық па немесе жаңаны қажеттігін жете түсіну жолын қуушылық па?

Біріншіден, бұл экономиканы басқарудың әкімшілік әміршілдік әдістерінің басымдығы.

Екіншіден, бұл әдіске берілген экономикалық сананың және қарама-қайшылықты, эмоционалды экономикалық ойлаудың тиімділігі шамалы тәсілі. Өйткені олар тәуекел мен ойда болмаған қиыншылықтарға жетізделіп табысқа жету мотивайиясын мелеңбеген.

Үшіншіден, қалыптасу үстіндегі экономиканың сұраныстарына жауап бермейтін шаруашылық ділінде әлеуметтік стереотиптердің тамыр жаюы (Бастама жазаланады, бастықтар ғана көргіш және т.б.).

Айтылғандардың келіп отандық экономикалық мәдениеттің инновациялық дәрежесі айтарлықтай төмен деген қортынды шығаруға болады.

Инновациялықтың осы төмендегін көрсететін екі формасы бар: институтционалдық және жеке бастық. Бұның біріншіден ғылым мен техниканың қол жеткен тойыстарына ведомствалық монополизмнен көрінеді, экономикалық ұйымдарының (өндірістік, жабдықтау ісін жүргізуші, сауда және т.б.) еңбек етудің алдағы қатарлы әдістерін игеруге, әлемнің прогрессивті тәжірибесін игеруге, осыған сәйкес қызметкерлердің мамандықтарын қайта қайтаруға әлсіз бағыт-бағдар ұстаудан байқалады.

Екінші, жеке бастық форма экономиканың субъектілерінің инновациялық мінез-құлық масштабтарында, олардың жаңаны жасау мен енгізуге ұстанымдарының даму көлемдеріне өзін білдіреді. Бұл жағдайда экономиканың төмен инновациялығы экономика саласындағы қайта құру қызметі реттейтін құндылықтардың шығармашылық, табыс, тәуекел, бос сөзсіз жетістік дамымай қамғауының бейнелейді.

Ынталандыру, мұндай құндылықтарға нәр беруге қабілетті, әлсіреп қалған. Басқару және инженер-техникалық қызметкерлердің негізгі бөлігі технологиялық, әлеуметтік-экономикалық жаңаны енгізуге бағыт-бағдар ұстамаған.

Экономиканы әкімшілді мен басқару (әлеуметтік-экономикалық негізгі заңдардың деформацияланған әрекеті соның ішінде бәсекелестік заңы), экономикалық сананың қалыптаспауы, оның заңдарды қоғамдық даму мақсаттарында пайдалануға қабілетсіздігі, тоталді басқару практикасына бағындырылған экономикалық ойлаудың қарама-қайшылығы және эмоционалдығы, осының бәрі экономикалық мәдениеттің негізгі функцияларын толыққанды жүзеге асыруды қиындатты-трансляциялық (мұнда идеология мен саясатқа тәуелділік, декларативтік, директивность дамыған), селекциялық (мұнда мәдени бір түрлілік үстемдік етеді), инновациялық (практикада жоққа жеткен). Анықталған қарама-қайшылықтарды шешу көбінесе экономикалық мәдениеттің өмір сүру механизмдерді қаншалықты толық іске қосылуына байланысты.

Осылайша, экономикалық мәдениет өзіндік бір әлеуметтік механизм. Жаһандық көріну мен функционалдық әмбебаптық оның сипатты белгіледі болып табылады. Бұл механизмнің әрекет ету саласы жеке шаруашылық субъектісінің (микро деңгейде) мінез-құлқының нормалары, ережелері және үлгіледі жүйесінен жайылған ұжымдық, қоғамдық өндіріс үрдісіндегі (микродеңгейдегі) тіптен көптеген субъектілердің (әлеуметтік-кәсіби топтар, страт-қабат, топтар, қоғамдар) өзара әрекет саласында.

Микродеңгейде экономикалық мәдениеттің әлеуметтік механизмі, өзінің «құралдармен жабдықталуы» трансляциялық, селекциялық және инновациялық функциялар түрінде, микро ортаның қалыптасқан объективті жағдайынан шыға отырып субъектінің шаруашылықты қамтасыз етеге үндейді. Мұндай түсіндіруге шаруашылықты жеке жүргізетін субъект экономикалық мәдениеттің нақты алып жүрушісі болады. Қоғамдық өндіріс деңгейінде «қоғамдық қажеттіліктерге сәйкес әлеуметтік үрдістерді реттеу біреулерін жеделдету, тежеу немесе басқаларын жеңіп шығу» экономикалық мәдениеттің әлеуметтік механизмінің жоғары міндетті болып табылады.

Қоғамның тірі қалуы және дамуы үшін қоғамның шектелген ресурстарды оптималді пайдалануын қамтамасыз ету макродеңгейдегі экономикалық мазмұны болып табылады.

Қоғамдық өндіріс деңгейінде экономикалық мәдениеттің әлеуметтік механизмі шаруашылық жүргізуші субъектілердің белсенділігінен көрінеді және осы белсенділік жәрдеммен әрекет етеді. Мінез-құлық нормалары, ережелері мен үлгілері көп болған сайын, трансляцияланатын экономикалық мәдениет шаруашылық жүргізуші субъектілердің күткеніне келеді және олардың дүние танымына сәйкес трансляциялық функция соғұрлым толық жүзеге асады. Макродеңгейдегі экономикалық мәдениеттің мазмұнының нақты шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүдделерімен сәйкессіздігін (немесе толық емес сәйкеспеуін) жоюда сұрыптау функциясын дамуының қайнар көздері салынған.

1 Соколова Г.Н. Экономическая социология. – Минск, 1995. - С. 118.

2 Заславская Т.И., Рывкина Р.В. Социология экономической жизни: Очерки теории. – Новосибирск, 1991.

3 Зигерт В., Ланг Л. Руководить без конфликтов. – М., 1990.

4 Маркович Д. Социология труда. – М., Прогресс, 1998.

УДК 327: 341.43

## ҚҰБЫР КӨЛІГІ АРҚЫЛЫ ТАСЫМАЛДАУДЫ ТМД ШЕҢБЕРІНДЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Ж.Т. Сайрамбаева** – *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к.,*  
**Л. Кеншинбаева** – *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық құқық мамандығының магистранты*

Аталмыш мақалада автор ТМД аясында құбырлар арқылы энергиялық қуаттарды тасымалдаудың құқықтық реттеу мәселелерін қарайды. Аталмыш мәселе қазақстандық халықтың көркею мен дамуының, әл-ауқатының өмірлік маңызды жақтарын қозғайды, өйткені бүгінгі таңда тиеді біздің экономика-мыз құбырлар арқылы энергиялық қуаттарды тасымалдаудаға өте тәуелді, ол ҚР экономикасының бірден бір басты негізі болып табылады.

**Тірек сөздер:** энергиялық қуат, құбыр көлігі, мұнай мен газды тасымалдау, экспорттаушы мемлекеттер, энергетикалық қауіпсіздік, инвестициялар, табиғи монополиялар, трансшекаралық магистральды құбыр көлігі

В данной статье автор рассматривает вопросы правового регулирования транспортировки энергоносителей через трубопроводы в пространстве СНГ. Данный вопрос затрагивает жизненно важные стороны процветания и благосостояния казахстанского народа так, как на сегодняшний момент наша экономика очень зависима от энергоносителей, которая составляет одну из главных основ экономики РК.

**Ключевые слова:** энергетическая сила, трубопровод, прогон нефти и газа, страны-экспортеры, энергетическая безопасность, инвестиции, природные монополии, трансграничные магистральные трубопроводы

In this article the author considers the questions of legal regulation of energy transit through pipelines in territory of the CIS. This issue affects the vital side of prosperity and welfare of the Kazakh people as at the moment our economy is very dependent on energy, which is one of the main pillars of the economy of Kazakhstan.

**Keywords:** energy power, pipeline, run oil and gas, country-exporters, energy security, investment, natural monopoly, cross-border pipelines

Құбыр көлігі арқылы тасымалдау кез келген мемлекеттің отын энергетика саласының басты кешені болып табылады. Соңғы жылдары құбыр көлігі арқылы тасымалдау мемлекеттердің экономикасына деген маңызы арта түсті. Бұл – мұнай және газ тасымалының көлемі ұлғайғанның әсерінен бюджетке салықтың түсуі, жаңа жұмыс орындарының ашылуы, аймақтық экономиканың өсуі және т.б. Құбыр көлігі арқылы тасымалдау жүйесі мемлекеттің мұнай, мұнай өнімдерін және газды ішкі және сыртқы нарыққа жеткізуді реттейтүге мүмкіндігі болатын, оның саясатын жүзеге асыратын бірден бір құралы.

КСРО кезінде табиғи газ, мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау бойынша ұзындығы және өнімділігі жағынан бірден-бір магистральды құбыр көлігі жүйесі жасалған болатын. Бұл магистральды құбыр көлігі жүйесі бүкіл әлем бойынша XX ғасырдың ірі инженерлік құрылыстарының бірі болды. Соның ТМД-да жалпы ұзындығы 300 000 км. құрайды [1].

Жоғарыда аталып кеткен ірі инженерлік құрылысы Кеңес одағы кезінде газ, мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдауы жетік түрде ұйымдастырылып және бір бақылаудың астында болды. Ал КСРО ыдырағаннан кейін оның құрамында болған республикалардың тәуелсіз мемлекеттерге бөлініп шығуы шаруашылық байланыстары үлкен мәселеге айналды. Соның әсері энерго-жанар-жағармай кешенінің жұмысына айтарлықтай септігін тигізді. Осылайша жаңа тәуелсіз мемлекеттердің отын энергетикасымен қамтамасыз ету, тасымалдау салаларында реттеу кезінде өзіндік мәселелері пайда болды.

Кеңес одағының құрамында болған бұл елдердің энергетикалық сферадағы экономикалық қызығушылықтары өз алдына тәуелсіз мемлекеттер ретінде сәйкес келе бермеді. Мысалы, Ресей мұнай-газды экспорттаушы есебінде Украинамен транзиттік қызмет көрсетумен есептесу кезінде қиыншылықтар туады. Қазақстан әлемдік нарыққа тікелей шығу жолы болмағандықтан, басқа елдермен жақын көлік-экономикалық байланысын орнату мүмкіндігінен айрылады. Қазақстанның континент ішіндегі географиялық орналасуына байланысты осындай «жабықтылық» мемлекет экономикасына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайды ТМД мемлекеттері жетік түсіне бастады және аталған көлік түрінің тиімділігі күн сайын артып келе жатқандығын мойындады.

ТМД мемлекеттерінің экономикалық қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін стратегиялық тауарларды тасымалдау қатынасын реттеуде мемлекеттер арасында қиындықтар туындады, әсіресе мұнай

құбырын салу және онымен әрі қарай шикізат көздерін тасымалдау барысында. Мұндай мәселелерді шешу үшін ішкі мемлекеттік және халықаралық-құқықтық реттеуді талап етті.

Аталмыш мәселелерді шешу үшін тәуелсіз мемлекеттер «магистралды құбыр көлігі арқылы тасымалдау» сұрағы күн тәртібіндегі ең басты талқылауға айналды.

Ең алдымен мемлекеттер халықаралық деңгейде келісулер жүргізе бастады. Оның бастамасы ретінде 1993 жылы ТМД шеңберінде «Мұнай және газ бойынша» Үкіметаралық Кеңес құрылған болатын. Әзербайжан, Армения, Белоруссия, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан және Украина аймақтық экономикалық ұйым құру туралы келісімге қол қойды.

Бұл ұйымды құруға негіз болған мұнай және газ саласы, сонымен қатар минералды қорларды тасымалдау жүйесін дамыту жағынан институционалды, ғылыми-техникалық және басқа ынтымақтасты кеңейту мақсатында құрылған. Құқықтық, экономикалық және осы саладағы ұйымдық мәселелерді шарттар, бағдарламалар, инвестициялық және техникалық жобалар, хаттамалар және шешімдер негізінде келісілген іс-әрекеттер көбінесе шикізат көзін пайдалану, өндіру және мұнай мен газды тасымалдау кезіндегі тұрақтылықты өзара пайдалық ықпалдасуына жауап береді.

Бұл ұйымның халықаралық құқықтық режимін оның Жарғысы анықтайды. Мұнай және газ бойынша Үкіметаралық Кеңестің басты қызметі өндіру, тасымалдау, қайта өңдеу саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сонымен қатар қатысушылардың құралдарымен мұнай-газ секторына инвестиция құю.

Жарғыда ынтымақтастық басты қағидаларын көрсетіп кеткен: теңдік қағидасы, өзара көмек және бір-біріне шығын келтіретін іс-әрекеттерге жол бермеу. Үкіметаралық Кеңестің құзыреттілігіне кез келген мәселелерді шешу және жарғының негізіндегі жұмыстар, мұнай және газға қатысы бар сұрақтарды немесе оның органының құзыретіне тиесілі шаруаларды шешеді және қарастырады.

Одан кейін 1995 жылдың 3 қараша айында ТМД мемлекеттері Мәскеу қаласында Табиғи газды транзит арқылы өткізу саласында келісілген саясатты жүргізу туралы Келісімге қол қойды. Бұл Келісім 1997 жылы өз күшіне енді [2].

Құбыр көлігі арқылы тасымалдау саласына қатысты 1996 жылдың 12 сәуірде «Мұнай және мұнай өнімдерін магистральды құбыр көлігі арқылы тасымалдау саласындағы келісілген саясатты жүргізу» атты ТМД қатысушылары арасындағы Келісімді атап кетуге болады. Бұл Келісім бойынша қатысушы тараптар мұнай және мұнай өнімдерін магистральды құбыр көлігі арқылы тасымалдауды өз территориясынан еркін транзитті қамтамасыз етулері керек. Мұнай және мұнай өнімдерін магистральды құбыр көлігі арқылы тасымалдау кезінде транзит арқылы өтетін мемлекеттің қажеттілігі үшін қолданылмайды. Мұнай және мұнай өнімдерін магистральды құбыр көлігі арқылы тасымалдау транзиті тараптар арасында екіжақты немесе көпжақты шарттармен, соған қатысты транзит кестесі, өткізу көлемі хаттамаларда көрсетілуі тиіс. Транзит арқылы өтетін мемлекетке тиісінше ақы төленеді. Аталмыш Келісім Белоруссия, Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Украина, Өзбекстан, Армения, Молдова республикалары үшін заңды күшіне ие [3].

Құбыр көлігі арқылы тасымалдау жүйесіне қатысты Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде 2001 жылдың 19 сәуірінде Санкт-Петербург қаласында мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясының XVII пленарлық мәжілісінде «Құбыр көлігі» атты Модельдік Заң (бұдан әрі – Модельдік Заң) қабылдаған болатын [4]. Бұл Модельдік Заң құбыр көлігіне қатысты басты құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық қызметтің негіздерін анықтайды. Магистральды құбыр көлігі мемлекетаралық және мемлекеттің мұнаймен жабдықтау, мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету және газбен жабдықтау жүйесіне жатады.

Модельдік заңның 1-бабында терминдердің мағынасын ашып көрсеткен. Сонымен, Модельдік заң бойынша құбыр көлігі дегеніміз – құбыр арқылы газ тәріздес, сұйық және басқа өнімдерді тасымалдауға арналған көліктің бір түрі. Ал магистральды құбыр көлігі дегеніміз – техникалық сақтауға немесе басқа көлік түріне құюға, тауарды жүк жөнелтушіден нақты белгіленген қабылданып алынатын жерден жүкті қабылдап алушының тауарды нақты белгіленген жерге дейін жеткізуге арналған тасымалдау болып табылатын жер асты, су үсті және жер бетінде құрылыстары бар бірегей өндірістік-технологиялық құбырлардың кешені.

Траншекаралық магистральды құбыр көлігі дегеніміз – екі немесе одан да көп мемлекеттердің территориясы арқылы өтетін магистральды құбыр көлігі. Сонымен қатар бұл заңнама бойынша магистральды құбыр көлігінің операторы ретінде тек лицензиясы ғана бар магистральды құбыр көлігінің иесі немесе арнайы ұйым бола алады. Ол лицензиясын тауарды магистралды құбыр көлігі арқылы тасымалдауды жүзеге асыратын мемлекеттің құзыретті органдарынан алады.

Осы Модельдік заңда құбыр көлігінің түрлеріне қатысты бірнеше анықтамалар берілгендігін байқауға болады. Ал магистральды құбыр көлігінің иесі ретінде келесідей тұлғалар саналады: магистральды құбыр көлігі және (немесе) оның бөлігіне қожалық етуге, пайдалануға құқығы бар және басшылық ете алатын жеке немесе заңды тұлғалар, сонымен қатар мемлекет.

Модельдік заң ережелері мемлекеттің атқарушы органдарының барлық субъектілеріне, жергілікті өзін-өзі басқарушы органдарына, магистральды құбыр көлігінің қожайындарына және операторларына, сонымен қатар, ұйымдастырушылық-құқықтық сипатына және иелік ету түріне қарамастан ұйымдарға, соның ішінде өз қызметін магистральды құбыр көлігін жобалау, салу, тұмшалау, уақытша тоқтату тұру, жүйеге қосу және жөндеу өткізуге бағыттаған, оған қоса магистральды құбыр көлігі арқылы өнімдерді тасымалдаумен айналысатындарға арналған. Дегенмен осы Модельдік Заңның қолдану аясын тиісті мемлекеттің заңнамасымен анықталады.

Осы қатынасқа арналған бірнеше қағидаларда орын тапқан. Мысалы, өнімдерді құбыр көлігі арқылы тасымалдау барысында азаматтар мен мемлекет қауіпсіздігінің басымдылығы; жұмыс істеу барысында экологиялық және өндірістік қауіпсіздіктерінің сақталуы; құбыр көлігі арқылы тасымалдау барысындағы қатысушы тараптардың мүдделерінің сақталуы және т.б.

Тасымалдауға тиесілі магистральды құбыр көлігінің операторлары және құбыр көлігі жүйесі қожасының операторлары арасындағы тарифтерді мемлекеттің құзыретті органдарымен бірге келісілген оларға бекітілген арнайы есеп-айырысу әдістеріне сүйеніп бекітіледі. Тарифтер кемсітушілік негізде болмау керек. Тасымалдау үшін қажетті шығындар және магистральды құбыр көлігі арқылы тасымалдауды жүзеге асыратын операторларға пайда әкелу негізін ескере отырып, белгіленеді.

Өнімді ішкі нарыққа тасымалдау және оны мемлекет территориясынан шығару мақсатында магистральды құбыр көлігі жүйесін қолдану теңдей қол жетімділік қағидасы негізінде жіберу мүмкіндігін ескере отырып жүзеге асырылады.

Тасымалданатын өнімді мемлекеттің кедендік территориясынан өткеннен кейін магистральды құбыр көлігіне рұқсат құқығы және құқықтардың ауысу реті мемлекетпен анықталады.

Сонымен қатар, Модельдік Заңда атқарушы билік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, және қоғамдық немесе басқа да ұйымдар магистральды құбыр көлігі операторларының өнімді тасымалдау және оған қатысты қызметті жүзеге асыру барысында қолсұғуына құқығы жоқ.

Магистральды және трансшекаралық құбыр көлігінің басқа мемлекет территориясынан өту кезіндегі төлем-ақыны мемлекеттердің билік органдарымен келісіледі. Субъектілер келісілген төлемнің жасау түріне қарамастан, сол мемлекеттің субъектілері келісілген «транзит үшін ақыдан» жоғары ақы алуға жол берілмейді.

Осы Модельдік Заңнаманың қабылдануымен көптеген ТМД-мемлекеттері ішкі заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар жүргізе бастады.

Мысалы Ресей Федерациясында осы Модельдік Заңнамаға сәйкес «Магистральды құбыр көлігі көлік саласында» атты заң жобасы дайындала бастады. Бұл заңнамада құбыр көлігі арқылы тасымалдау кезіндегі барлық жағдайларды реттейтін нормалар көрініс табады. Заңнамада құбыр көлігінің түрлерін магистральды және аймақтық деп бөлген. Құбырды магистральды түріне жатқызу құқығы Ресей Үкіметінің құзыреттілігіне берілген. Аталмыш заңның нормаларын талқылай келе, құбыр көлігін магистральды түріне жатқызуын стратегиялық маңызы жағынан анықталады және энергетикалық жүйедегі орны жағынан, көлік инфрақұрылымын жасаудағы ауқымдылығымен белгіленеді. Бұнымен қоса Мемлекеттік Думаның энергетика, көлік және байланыс Комитетінің аясында құрылған құбыр көлігі арқылы тасымалдау комитетінің төрағасы Л.Я. Симоновскийдің пайымдауы бойынша техникалық сипаты жағынан магистральды құбыр көлігіне ұқсас келетін құбыр көліктері де бар дейді. Алайда мұндай құбыр көліктер жұмыс істеп тұрған магистральды құбыр көліктерімен технологиялық жағынан байланысты емес және территорияның ауқымы жағынан аса маңызды емес бір немесе бірнеше ұйымдардың қажеттіліктерін реттеу үшін арналған. Сондықтан олар әр түрлі құқықтық мәртебе ие болуы мүмкін. Дегенмен осы күнге дейін заң жобасы бірінші оқылымда ғана талқыланды. Заңнама өз күшіне енген жоқ [5].

Белоруссия Республикасы 2002 жылдың 9 қаңтар айында «Магистральды құбыр көлігі арқылы» атты заңды қабылдаған болатын. Заңның атына сәйкес, ол тек магистральды құбыр көлігіне қолданылады. Заң бойынша магистральды құбыр көлігі және оның жүйесі мемлекеттік және жеке меншікте бола алады.

Заңнаманың 4-бабында магистральды құбыр көлігінің объектілер тізімінде «лупингпен» белгіленген. «Лупинг» деп отырғанымыз, жаңа құбыр көліктерінен бұрын салынған құбырларға параллель орналасқан және олармен технологиялық жағынан байланысты құбыр көліктерінің жер телімдері. Бұл заңнама 2011 жылдың наурыз айында жасалған сараптама бойынша Модельдік Заңның нұсқасымен сай келеді [6].

1996 жылы Украинада «Құбыр көлігі атты» атты заң қабылданды. Заң құбыр көлігі жүйесін реттестіреді, ол тек қана магистралды емес, сонымен қатар өнеркәсіптік құбыр көліктерін де қарастырады. Оның ішіне өндіріс ішіндегі құбырлар, қалалық газ құбырлары, су құбырлары, жылу құбырлары, кәріз желісі, мелиорация желісі және т.б. [7].

Заң бойынша магистралды құбыр көлігі аса маңызды халықтық шаруашылық және қорғаныс маңыздылығына ие, және ол Украинаның мемлекеттік меншігі болып табылады. Мемлекеттік мекемелердің магистралды құбыр көлігіне меншігін ауыстыру және жекешелендіруге тыйым салынады (7-бап).

Заң құбыр көлігін басқару саласындағы мекемелердің, ұйымдардың шаруашылық қызметін құқықтық ұйымдастырушылық қатынастарын регламенттейтін нормалардан тұрады. Заңда әр түрлі категориядағы тұтынушылардың құбыр көліктерін қолдану рұқсаты, сонымен қатар мемлекеттік тарифтік реттеу саясаты туралы көрсетілмеген.

Қазақстан Республикасы магистралды құбыр көлігіне қатысты бірнеше сатыдан өтті десек болады. 2012 жылға дейін ешқандай арнайы заңнама да, Модельдік Заңның түпнұсқасын да қабылдаған жоқ. Дегенмен магистралды құбыр көлігіне қатысты алғашқы заңнамалық акт 1995 жылғы 28 маусымда қабылданды. Ол заң «Мұнай туралы» деп аталды. Бұл заңда «Арналы труба құбыры көлігі» атты тарау болды. Заң бойынша магистральдық құбыр дегеніміз – мұнайды мердігердің құбырынан көліктің басқа түріне аудару, өңдеу немесе тұтыну орнына дейін тасымалдауға арналған желілік бөліктен және онымен іргелес жатқан жер үсті объектілерінен, коммуникациялардан, телебасқару мен байланыстан тұратын инженерлік құрылыс. Құрастырмалы коллектор режимінде жұмыс істейтін құбыр магистральдық құбырға жатпайды.

Заңға сәйкес магистралды құбыры бөлінбейтін технологиялық жүйе болып табылады және ол мемлекеттік меншікте де, сондай-ақ өзге меншікте де болуы мүмкін. Магистралды құбырының өткізу қабілетінің резерві болған жағдайда оның иесінің жүк жөнелтушіге мұнайды тасымалдаудан бас тартуға құқығы жоқ. Бұл ретте жүкті жөнелтушілердің біркелкі тарифтер бойынша көлік қызметінің көрсетілуіне тең құқығы болады.

1998 жылы ҚР Табиғи монополиялар (қазіргі атауы Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы) атты заң қабылдады. Бұл заңға сәйкес мұнайды магистралды құбыр көлігі арқылы тасымалдау табиғи монополия саласындағы қызметке жатқызған. Ал табиғи монополия дегеніміз – көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) белгілі бір түрін өндіру мен ұсынудың технологиялық ерекшеліктеріне байланысты көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) осы түріне сұранысты қанағаттандыру үшін бәсекелестік жағдай жасау мүмкін болмайтын немесе экономикалық жағынан тиімсіз болатын көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) нарығының жай-күйі.

Жоғарыда келтіріліп кеткен Мұнай туралы заң уақыт өте өз күшін жойды. Осы магистральды құбыр көлігі арқылы тасымалдауға қатысты мәселе 2010 жылдың 24 маусым айында өз заңи күшіне ие болған «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану» (бұдан әрі – Жер қойнауы заңы) туралы заңнамалық актіде нормалары көрсетілген. Бұл заңнамалық акт жер қойнауын пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғауға, жер қойнауын ұтымды әрі кешенді зерттеу мен пайдалануға бағытталған. Жер қойнауы заңының 10-тарауы магистральды құбыр көлігіне арналған. Дегенмен магистральды құбыр көлігіне арналғанымен тасымалдау қатынасына тоқталып кетпеген. Бұл заңның бір кемшілігі деп атап кетуге болады.

Жер қойнауы заңы мен Модельдік Заңды салыстыратын болсақ, магистральды құбыр көлігі туралы берілген анықтамалар әр түрлі. Яғни, Модельдік Заңда магистральды құбыр көлігі дегеніміз – техникалық сақтауға немесе басқа көлік түріне құюға, тауарды жүк жөнелтушіден нақты белгіленген қабылданып алынатын жерден жүкті қабылдап алушының тауарды нақты белгіленген жерге дейін жеткізуге арналған тасымалдау болып табылатын жер асты, су үсті және жер бетінде құрылыстары бар бірегей өндірістік-технологиялық құбырлардың кешені делінсе, ал Жер қойнауы туралы заңда магистральдық құбыр-желілік бөліктен және өзімен ұштасып жатқан жер үсті объектілерінен, коммуникациялардан, телебасқару мен байланыстан тұратын, мұнайды жер қойнауын пайдаланушының құбырынан көліктің басқа түріне аудару, өңдеу немесе тұтыну орнына дейін тасымалдауға арналған инженерлік құрылыс деген ұғым берілген. Сонымен қатар магистральды құбырды пайдалану, жергілікті өкілді және атқарушы органдарымен өзара қарым-қатынасы, күзет аймақтары туралы айтылып кеткен. Сонда аталмыш заң құбыр көлігі арқылы мұнай, мұнай өнімдерін және газды тасымалдау қатынастарын реттемейді.

Алайда құбыр көлігі бөлек заңнамалық актімен реттелуі қажеттілігі тәжірибемен дәлелденді. Осылайша Қазақстан Республикасы 2012 жылдың 22 маусым айында «Магистральдық құбыр туралы» заңын қабылдады [8]. Аталмыш заң магистральдық құбырды жобалау, салу, пайдалану, консервациялау және жою

кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді және магистральдық құбырды тиімді, сенімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған. Заң бойынша магистральдық құбыр дегеніміз – өнімді қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ететін желілік бөліктен және объектілерден тұратын, техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес келетін бірыңғай өндірістік-технологиялық кешен. Бұл анықтама жоғарыда аталып кеткен заңнамалардан өзгеше деп айтуға болады. Заңның қолдану аясына қатысты ерекшеліктері де бар: Осы Заңның күші магистральдық құбыр саласындағы қоғамдық қатынастарға қолданылады.

1) Заңның күші магистральдық құбыр саласындағы (мұнай, мұнайөнімдерін және газды тасымалдау) қоғамдық қатынастарға қолданылады.

2) Магистральдық құбырларға жатпайтын құбырды, магистральдық су құбырын салу және пайдалану кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарға, сондай-ақ магистральдық құбырдың әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілерін салуға, олардың жұмыс істеуіне және оларды жоюға байланысты қатынастарға;

3) 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданғанға дейін трансшекаралық құбыр мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі жасасқан үкіметаралық келісімдер және олармен байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қатысқан кейінгі шарттар шеңберінде туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылмайды.

4) Осы Заң «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында реттелмеген бөлігінде магистральдық газ құбыры саласындағы қатынастарға қолданылады.

5) Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Заңда көзделгеннен өзге қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

Сонымен қатар заңда мемлекеттік құзыретті органдардың құқықтары мен міндеттері жайлы тоқталып кеткен. Және магистральдық құбыр саласындағы халықаралық ынтымақтастық Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді қорытындылайтын болсақ, 1993 жылы ТМД шеңберінде «Мұнай және газ бойынша» Үкіметаралық Кеңес құрылған болатын. Оған ТМД мемлекеттері мүше болып табылады. Одан кейін 1995 жылдың 3 қараша айында ТМД мемлекеттері Мәскеу қаласында Табиғи газды транзит арқылы өткізу саласында келісілген саясатты жүргізу туралы Келісімге қол қойды. Сонымен қатар, құбыр көлігі арқылы тасымалдау саласына қатысты 1996 жылдың 12 сәуірде «Мұнай және мұнай өнімдерін магистральды құбыр көлігі арқылы тасымалдау саласындағы келісілген саясатты жүргізу» атты ТМД қатысушылары арасындағы Келісімді атап кетуге болады. 2001 жылдың 19 сәуірінде Санкт-Петербург қаласында мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясының XVII пленарлық мәжілісінде «Құбыр көлігі» атты Модельдік Заңы қабылданды.

Ал ішкі мемлекеттік заңнамаларды айта кетсек, ТМД мемлекеттерінің ішінде Қазақстан Республикасы, Молдова, Украина және Белоруссия елдерінде арнайы нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

Достастық елдер арасындағы энергетикалық бірлестіктердің даму перспективаларын, қабылданған заңдарын бағалай отырып, олардың әр түрлі деңгейде және әр түрлі жылдамдықта дамып жатқанын айтуға болады.

1 Перчик А.И. Трубопроводное право. – М., 2002. - С. 343.

2 [www.online.zakon.kz](http://www.online.zakon.kz)

3 Егоров О.И. Выход казахстанской нефти на мировые рынки: проблемы, варианты // Рыночная экономика Казахстана: проблемы становления и развития. – Алматы, 2001 Т.1. - С. 280-311.

4. [www.cis.minsk.by](http://www.cis.minsk.by)

5 Перчик А.И. Правовые проблемы развития трубопроводного транспорта в России // Нефть, Газ и Право, 5/2005.

6 Закон Республики Беларусь от 9 января 2002 г. №87-3 "О магистральном трубопроводном транспорте", База данных <http://www.levonevski.net>

7 О трубопроводном транспорте: Закон Украины от 15.05.96, №192/96 – ВР // Ведомости. 1996. №29 – Ст. 139.

8 Қазақстан Республикасы 2012 жылдың 22 маусым «Магистральдық құбыр туралы» Заңы.

## К ВОПРОСУ О ТЕРРОРИЗМЕ

**А.А. Белялов** – старший преподаватель кафедры «международных отношений» КазНПУ им. Абая

Аталмыш мақалада автор әлемдік қоғамдастыққа төніп тұрған ХХІ ғасырдың қауіптердің ішіндегі бірі – лаңкестікті және соған қарсы іс-шаралар жүргізу мәселесін қарастырады, сонымен қатар, осы құбылысқа қарсы тұру үшін біздің еліміздің басшылығының саясаты мен республикамыздың қауымдастығының, жүргізіп отырған нақты іс-шаралары, тағы да жастар арасында лаңкестікпен және экстремизммен күрес сауықтыруын туралы жазады.

**Тірек сөздер:** халықаралық лаңкестікпен және экстремизм, әлемдік қауымдастықтың халықаралық лаңкестікпен күресі, Қазақстанға лаңкестікпен және экстремизмнің тигізген әсері, жастар тәрбиесі

В данной статье автор рассматривает одну из современных угроз ХХІ века мировому сообществу – терроризма, о принимаемых против него мерах, а также политике руководства нашей страны и конкретных мероприятиях, проводимых общественностью нашей республики для противодействия этому явлению, а также профилактики борьбы с экстремизмом и терроризма среди молодежи.

**Ключевые слова:** международный терроризм и экстремизм, борьба мирового сообщества с мировым терроризмом, влияние терроризма и экстремизма на Казахстан, воспитание молодежи

In this article the author examines one of today's threats to the world community of the ХХІ century - terrorism, on measures to be taken against him, as well as policies of our leadership and the specific activities of our republic the public to counteract this phenomenon, as well as prevention of the fight against extremism and terrorism among youth.

**Keywords:** international terrorism and extremism, the struggle of the international community against international terrorism, the impact of terrorism and extremism in Kazakhstan, training young people

За несколько последних десятилетий терроризм во всем мире превратился в одно из самых опасных преступлений. Его опасность заключается в повышенной степени воздействия на общество – способности запугать значительные массы людей. Необходимость противодействия терроризму во всех его проявлениях превратилась к началу ХХІ века в одну из главных проблем современного этапа развития человеческой цивилизации на Земле [1].

Постоянно увеличивающееся количество актов международного терроризма представляет опасность для жизни людей во всем мире, а также угрожает миру и безопасности всех государств. В заявлении по вопросу о борьбе с международным терроризмом, принятом 23 сентября 1999 года министрами иностранных дел пяти государств – постоянных членов Совета Безопасности, подчеркивается, что жизненно необходимым является усиление международного сотрудничества под эгидой ООН в целях борьбы с терроризмом во всех его проявлениях. Такое сотрудничество должно прочно основываться на принципах Устава ООН и нормах международного права, включая уважением прав человека. Для такого сотрудничества всем государствам было предложено предпринять шаги по:

- «защите своих граждан от посягательств террористов;
- взаимному сотрудничеству в целях предотвращения и пресечения террористических актов, где бы и кем бы они не совершались, а также привлечению к ответственности лиц, виновных в совершении террористических актов;
- предотвращению и пресечению на своей территории деятельности по подготовке и финансированию любых актов терроризма;
- отказу террористам в убежище; те, кто планирует, финансирует и совершает террористические акты, должны быть лишены права на убежище, предоставляемое лицам, законно признанным беженцами;
- обмену информацией в соответствии с международным правом и национальным законодательством и сотрудничеству по административным и процессуальным вопросам в целях предотвращения террористических актов;
- обеспечению соблюдения международных антитеррористических конвенций и продолжению работы по усилению международно-правового режима борьбы с терроризмом» [2].

Трагические события 11 сентября 2001 года явили миру глобальную угрозу международного терроризма, борьба с которыми неотложно требует объединения усилий всех государств и международных организаций.

28 сентября 2001 года состоялось 4385-е заседание Совета Безопасности, на котором была принята комплексная и всеобъемлющая резолюция 1373 (2001), предусматривающая меры и стратегии по борьбе с международным терроризмом. Пункт 6 этой резолюции учредил Контртеррористический комитет (в



дальнейшем КТК) для контроля за осуществлением резолюции с привлечением необходимых экспертов, а Совет Безопасности призвал все государства представить не позднее, чем через 90 дней, начиная с 28 сентября, информацию о мерах, предпринимаемых ими в этой связи [3]. Резолюция также призвала к пресечению финансирования терроризма и улучшению международного сотрудничества в борьбе с терроризмом [4].

14 сентября 2001 года Конгресс США принял резолюцию об использовании американских вооруженных сил против тех, кто несет ответственность за нападение, сославшись на при этом на право на самооборону. 12 декабря 2001 года в связи с террористическим нападением на США НАТО приняла решение о применении ст.5 Североатлантического договора 1949 года, согласно которой нападение на одного из участников договора означает нападение на всех его участников и они будут использовать в ответ те средства, которые сочтут необходимыми, исходя из права на индивидуальную или коллективную самооборону. 12 сентября 2001 года СБ ООН расценил террористическое нападение на США как создающее угрозу международному миру и безопасности, подтвердив право США на самооборону, предусмотренное ст.51 Устава ООН (резолюция 1368 от 12 сентября и 1373 от 28 сентября 2001 г.) [5].

12 ноября 2001 года Совет принял резолюцию 1377 (2001), в которой заявил, что «международный терроризм представляет собой одну из наиболее серьезных угроз для международного мира и безопасности в XXI веке» [6].

В соответствии с руководящими принципами деятельности, утвержденными 16 октября 2001 года, КТК Совета Безопасности ООН осуществляет свою деятельность на основании «принципов сотрудничества и транспарентности» [7].

КТК рассматривает информацию в отношении его деятельности, полученную не только от государств-членов, но и из других источников, имеющих возможность предоставить данную информацию, в том числе от международных организаций и институтов, неправительственных организаций и физических лиц. Полученная информация считается конфиденциальной по просьбе лица или организации, предоставившей ее, либо по решению Комитета.

Комитет предоставляет в Совет Безопасности регулярные доклады (в устном или письменном виде), включая рекомендации, при необходимости в отношении исполнения и применения резолюции 1373, либо по просьбе Совета Безопасности, либо если Комитет сочтет это необходимым [8].

В своей пятой Рабочей программе, принятой 25 сентября 2002 года, КТК изъявил намерение расширить свои контакты с международными, региональными и субрегиональными организациями в уже имеющихся контртеррористических программах, в которых рассматриваются вопросы, затронутые в резолюции 1373. Диалог между КТК и данными организациями должен строиться на основе двустороннего обмена информацией, а КТК, в свою очередь, должен продолжать контролировать деятельность государств по имплементации резолюции 1373. В ходе данной деятельности КТК будет осведомлен о наилучших законодательных актах, разработанных организациями, которые имеют отношение к имплементации резолюции 1373.

В отношении международных организаций нужно сказать, что, принимая во внимание статус международных организаций, принятые на себя обязанности и опыт каждой из организаций, КТК сформулировал свое послание данным организациям в следующей форме:

- «международным организациям следует установить свои принципы в пределах их полномочий, направленные на усиление борьбы с терроризмом, а также информировать КТК о предпринятых шагах;
- в соответствии со своим статусом международные организации должны следить за соответствием деятельности своих членов установленным принципам, упомянутым выше, а также информировать КТК о предпринятых шагах;
- при возможности им следует разрабатывать свои планы по борьбе с терроризмом» [9].

Ярким примером регионального сотрудничества является СНГ. Сотрудничество государств-участников Содружества по борьбе с терроризмом осуществляется как в рамках уставных органов СНГ, таких как Совет глав государств, Совет глав правительств, Совет министров внутренних дел, Совет министров обороны, так и на уровне внутренних органов государств. В качестве примера можно привести ряд мер по борьбе с терроризмом, предпринятых в рамках СНГ.

В июне 1999 года был подписан Договор о сотрудничестве государств-участников СНГ в борьбе с терроризмом, который является правовой основой осуществления взаимодействия стран Содружества в вопросах предупреждения, выявления, пресечения и расследования актов терроризма.

В июле 2000 года была предпринята Программа государств-участников СНГ по борьбе с международным терроризмом и иными проявлениями экстремизма на период до 2003 года.

Правоохранительными органами государств-участников СНГ были проведены согласованные оперативно-профилактические и специальные операции, направленные на принятие превентивных мер и пресечение актов терроризма и деятельности транснациональных группировок, занимающихся незаконным оборотом оружия, наркотиков и нелегальной миграцией.

С 1 декабря 2000 года начал функционировать Антитеррористический центр государств-участников СНГ.

На Кишиневском саммите главы государств СНГ утвердили Положение о порядке организации и проведения совместных антитеррористических мероприятий, где предусмотрено, что страны Содружества заранее в соответствии с их национальным законодательством определяют компетентные органы, ответственные за проведение совместных мероприятий и состав специальных антитеррористических формирований.

Накопленный в СНГ опыт и принятые документы могли бы быть использованы для выработки соответствующих рекомендаций КТК.

В сентябре 2011 года представители ОДКБ приняли участие в антитеррористических учениях государств-участников СНГ «Донбасс-Антитеррор-2011» на территории Украины, посвященных предстоящему чемпионату Европы по футболу 2012 года, на которые были также приглашены представители РАТС ШОС, Интерпола, ряда стран ОБСЕ [10].

Казахстан активно поддержал меры, предпринимаемые мировым сообществом по борьбе с международным терроризмом. В качестве примера можно отметить следующее:

Казахстан ежегодно представляет Национальный доклад о проделанной работе в Контртеррористический Комитет ООН. Поддержано создание и принято активное участие в деятельности Международной контртеррористической коалиции.

Казахстан присоединился ко всем тринадцати международным универсальным конвенциям о борьбе с терроризмом.

Казахстан является членом ряда региональных антитеррористических структур, таких как АТЦ СНГ, РАТС ШОС, ОДКБ.

В соответствии с решениями Совета Безопасности ООН в стране налажена система противодействия отмыванию денег и финансированию террористических организаций.

В июле 1999 года был принят Закон «О борьбе с терроризмом», определивший правовые и организационные основы борьбы с терроризмом, порядок деятельности государственных органов и организаций, независимо от форм собственности, а также права, обязанности и гарантии граждан в связи с осуществлением борьбы с терроризмом.

В декабре 2003 года распоряжением Президента РК создан Антитеррористический центр для более эффективной работы всех силовых структур в борьбе с проявлением терроризма и религиозного экстремизма. На АТЦ возложена координация деятельности всех специальных, правоохранительных и иных ведомств по борьбе с терроризмом.

На территории Казахстана запрещены организации, деятельность которых носит террористический характер. Организации признаются террористическими, если их уставные цели и деятельность противоречат Конституции и Законам Республики Казахстан и международным договорам, участником которых является Республика Казахстан; в случае, если существует потенциальная опасность активизации функционирования этих организаций по дестабилизации обстановки в государствах центрально-азиатского региона [11].

Надо отметить, что в октябре 2006 года Верховным Судом РК, по представлению Генерального прокурора РК, признаны террористическими и запрещена деятельность на территории Казахстана следующих международ-ных организаций:

- «Аль-Каеда»;
- «Исламская партия Восточного Туркестана»;
- «Курдский народный конгресс»;
- «Исламское движение Узбекистана»;
- «Асбат-аль-Ансар»;
- «Братья мусульмане»;
- Движение «Талибан»;
- «Боз Гурд»;
- «Жамаат моджахедов Центральной Азии»;
- «Лашкар-и-Тайба»;
- «Общество социальных реформ».



кафедры международных отношений Казахского национального педагогического университета имени Абая, ветеран внешней разведки, а также председатель союза ветеранов Отряда Специального Назначения, "Сункар" МВД РК Ахметов Тлеулес Танибергенович и Пирогов Вячеслав руководитель военно-спортивного центра специальной подготовки «Маяк-спецназ» г. Москва Российская Федерация.

1 *Предупреждение терроризма в Казахстане / колл. Авт. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 444 с., с. 351.*

2 *Хлестов О., Кукушина А., Содиков Ш. Международные организации vs терроризм // Международная жизнь. 2013. №8. - С. 85-86.*

3 *Там же. - С. 86.*

4 *Пункт 3 резолюции 1373(2001), принятой Советом Безопасности на его 4385-м заседании 28 сентября 2001 г.*

5 *Хлестов О., Кукушина А., Содиков Ш. Международные организации vs терроризм // Международная жизнь. 2013. - №8. - С. 86-87.*

6 *Преамбула резолюции 1377(2001), принятой Советом Безопасности на его 4413-м заседании 12 ноября 2001 г.*

7 *Пункт 1 (с) Руководящих принципов деятельности Контртеррористического комитета Совета Безопасности ООН, утвержденных 16 октября 2001 г.*

8 *Там же. Пункт 9.*

9 *Заявление КТК «КТК: контакты с международными, региональными и субрегиональными организациями». 17.12.2002.*

10 *Хлестов О., Кукушина А., Содиков Ш. Международные организации vs терроризм // Международная жизнь. 2013. - №8. - С. 89-90.*

11 *Казахстанский институт политических решений. Доклад «Терроризм в Казахстане – 2011-2012 годы». 2012, - с. 6.*

12 *Там же. с. 7.*

13 *«Казахстанская правда» от 27 июня 2012 г.*

14 *«Мегаполис» №47(655) от 16 декабря 2013 г.*

УДК 327 (574)

## ҰЛТТЫҚ ОЙ-САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Т.З. Төлегенов** – Халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Аталмыш мақалада автор жастар және жеткіншек ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыру мәселесін қарастырады. Автор ұлттық сананың қалыптасуына тигізетін әсерлерін зерттеу негізінде бір тұжырымға келеді: осы үрдіске адамның қоршаған ортасы мен қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері елеулі, тіпті басты әсер тигізеді.

**Тірек сөздер:** ұлттық ой-сана, ұлттық мәдениет, халықтың менталитеті, патриархалдық гуманизация, гармонизация, ұлттық білім, ұлттық ақпараттар құралы, ұлттық тәрбие

В данной статье автор рассматривает вопросы формирования национального самосознания молодежи и подрастающего поколения. Автор на основе анализа факторов влияющих на формирование национального самосознания приходит к выводу о том, что на этот процесс огромное влияние окружающая среда обитания человека и национальные традиции казахского народа.

**Ключевые слова:** национальное самосознание, национальная культура, народный менталитет, патриархальная гуманизация, гармонизация, национальное образование, национальные средства информации, национальное воспитание

In this article the author examines the formation of national consciousness of youth and younger generation. Author based on the analysis of factors influencing the formation of national identity comes to the conclusion that this process is a huge influence surrounding human environment and national traditions of Kazakh people.

**Keywords:** national identity, national culture, national mentality, patriarchal humanization, harmonization, national education, national media, national education

Ұлттық мәдениет – халықтың өзін-өзі тұрақтандыратын және оның барлық әрекеттеріне негіздеме беретін әсіресе, жастардың асақ мұраттарын қалыптастыратын рухани ізденіс аймағы. Ұлтымыздың мәдениетін дүниетанымын зерделеудегі басты мәселе біздің өскелең ұрпаққа басқа елдермен тең боларлық рухани қор жинай алдық па деген сұраққа барып тірелетіні рас.

Кеңестер Одағының жойылуына байланысты Одақтағы Республикалардың әрқайсысы жеке мемлекет болып қалыптасты, халықтардың ұлттық сана-сезімдері қалыптасты. Бұл процесстің ерекшелігі, ұлттық сана-сезімнің дамуы нәтижесі Кеңестер Одағы халықтарын біріктірген татулықтың, ұйымшылдықтың жойылуына, бұрынғыдай бағалы, рухани құндылықтардың келуіне әкеліп соқтырды. Бұл орайда, біріншіден, ұлттық сананың жеке адамдағы қалыптасуының объективті қажеттілігін іздеуді атап өткен жөн.

Барабарлық өзіндік мәдени, лингвистикалық, және басқа да ерекшеліктер басқа топтардан ерекшелендіріп те байланыстыра да отырып ниеттестікті білдіріп тұруы қажет. Оны жүзеге асыруда жеке адамдағы ұлттық сананың қалыптасуы іштей және сырттай, этникалық және азаматтық ұстанымдармен тығыз байланысты.

Біз мемлекет туралы айтқанда, тек оның жері туралы ғана емес, сонымен қатар, барлық саяси-құқықтық қатынастары туралы, әлеуметтік, рухани-мәдени бастамалары туралы да айтуымыз керек. Себебі, дәл осы құндылықтар негізінде қоғам толыққанды жүйеде қалыптасады. Мемлекеттің саяси-құқықтық білімін дамыту – бөлек мәселе. Бұл мәселе XV ғасырда бастау алғаны белгілі.

Әр ұлыстың тарихи тағдыры, халықтығы жай ғана физикалық табиғатқа емес, сондай-ақ ұрпақаралық дәстүр мен салт жалғастығына, мәдени-рухани құндылықтардың дамуына, ұлттық мінездің қалыптасуына, халықаралық байланысқа, мәдени-рухани құндылықтардың кезеңділігіне, жалғастығына байланысты болады.

Зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғандай бүгінгі таңда жаңа мәдени құндылықтардың мәдени ара қашықтығы мен типтік тұрғыдағы этнос аралық ұқсастықтардың пайда болғанын айтуға болады. Мәдени этнос аралық қарым-қатынаста бұл өзгеріс әсіресе жастар арасында ерекше байқалады. Бұл өзгерістерге басты факторлар келтірген қолданыстармен байланысты жаңа азаматтықты құрастырушы талаптармен ұлттық қолданыста жаңа формалық негізі болды. Сонымен, 46% пайыз жастар өздерін мұсылман дініндеміз деп есептесе, ал 40,2% пайызы өздерін ұлт өкілдеріміз деп есептейді екен. Берілген ерекше мінездеме мәлімет көп тұрғыда қазақ ұлтының жастарына тән.

Ал егер қазақ жастары арасында ұлттық және діни факторлар алдыңғы қатарға шықса, орыс ұлты жастарының арасында тілдік және территориялық факторлар жетекші рөл атқаратынын байқауымызға болады. Байқап отырғандай этнос арасындағы мәдени қашықтық бір ғана азаматтық қоғамның өзінде едәуір маңыздыды.

Осылайша, қалыптасып келе жатқан қоғамда мәдени фактор үлкен рөл атқаратынына көзіміз жетті.

Біздің жағдайда этнос арасындағы интеграцияның базасы (негізі) ретінде жалпы азаматтық, адамдардың орнығуы саяси өз құқығы, болуы шарт. Қазақстан мемлекетінің жалпы айтқанда басты идеялогиялық жұмыстың негізі ретінде, азаматтардың этика саласында ғана емес, сонымен қатар азаматтық өзіндік көзқарасының қалыптасу ұстанымы болуы тиіс.

Қазақстанда жаңа азаматтықты қалыптастыру процесі мемлекеттіктің негізгі басты ең бір көкейкесті, өзекті мәселесі болмақ. Қазіргі мәселе көкейкесті ерекше туындаған мәселе, ол жастар арасындағы мемлекеттің бізге қандай қымбат екенін, ортақ жалпы мемлекет ұғымына көңіл бөлу. Қазақстанның гүлденуі, прогрессивті тұрғыда алға жылжуы көбінесе сол мемлекеттің гүлденуіне жастардың қандай қарқынмен, қандай азаматтық көзқараспен қатысуына, алдағы жас ұрпақтың санасында азаматтық басым құндылықтарға байланысты.

Жалпы жастардың құлықтары олардың тұжырым болжамдары азаматтық байланыста және өз құқығына қарап белгілі болады. Қазақстан халқы оның болашақ жағдайының көрінісі жастар қолында, азаматқа, тарихқа сай келетін құлыққа жағымсыз қайдағы жаңа этникалық ортада емес екені белгілі. Қандай да болсын мемлекеттің жалпы міндеттерінің бірі – бізге белгілі азаматтық, оның бүкіл тарихы, мәлімет – бағдары күші мемлекетке мәлім болуы тиіс. Сонымен қатар міндетті түрде әсіресе азаматтық ең басты да жалғыз болатынын атап өту керек. Оған Қазақстан мемлекетінің азаматығы қосылатындығы сөзсіз.

Зерттеу барысындағы сұрақ-жауаптың нәтижесі көрсетіп отырғандай, жастардың азаматтық деген ұғымға деген көзқарастарын төмендегі келтіріп отырған мысалдар арқылы байқауға болады. Сонымен 82,1% жастар Қазақстан Республикасымен үзіліссіз азаматтық байланыстылығын көрсетті. Ұлттық белгілерге қарай бөлуде шамалы айырмашылықтар байқалады.

Қазақстандағы жастардың 1,2%-ы өздерін Ресей азаматтарымыз деп есептейді. Қазақтардың ішінде мұндайлардың саны 0,4%-ға дейін жетеді. Қазақстандағы орыстар өздерін Қазақстанның азаматы деп есептейді, яғни орыстардың ішінде егеменді Қазақстанда өздерін жеке тұлға ретінде қалыптасушылардың дәйекті түрдегі саны бүкіл халықтың 25%-ын құрайды.

Зерттеу барысындағы сұрақ-жауаптың нәтижесі бойынша өздерін Кеңес өкіметі кезіндегі тұлға деп танушы жастар саны 5,9%-ті құрайды. Өзін Кеңес азаматына жатқызушылардың ішіндегі орта жастағы жастар (26-29 жас) – 70%, ал 26 жасқа дейінгі жастар – 4% ды құрайды. Сараптамаға сүйене отырып, біздің ойымызша бұл көзқарас әлеуметтік жағдайларға материалдық жағдайлар, (әлеуметтік қорғау, ақысыз білім беру, ақысыз емдеу), сондай-ақ этнодемографиялық ерекшеліктерге байланысты қалыптасқан. Берілген категорияға нақтылатындардың ішінде орыс ұлтынан 11,8% қарапайым шаруа отбасыларынан 10% анықталады.

Өмір тәжірибесінен байқағанымыздай халықтың менталитет, азаматтық адамда бірдей қалыптаспайды. Олардың қалыптасуы әлеуметтік тәжірибенің, терең білімінің болуына байланысты. Бұл байланыста азаматтық патриотизм, ұлттық бірлік, қазақ ұлтының айналасына жаңа халықтың құрамының жиылуы негізгі ұғымға ие болып отыр. Сұхбат алудың социометриялық мәліметтері жастардың 81,3%-ы «Отан» ұғымын Қазақстанмен байланыстырады.

Осылайша, белгіленген дәйектер мен Қазақстанды Отаны ретінде бағалаушы жастардың жеке тұлғаны қалыптастыру заңдылықтары Қазақстан мемлекетінің күшеюінде үлкен рөл атқарады. Осыны сезінгенде ғана жастар патриот, нағыз азамат бола алады. Бүгінгі таңда жастардың азаматтық тұлғаны қалыптастыруы тәуір нәтиже көрсетуде. Жастардың көпшілігі өздерінің Отаны Қазақстан деп біледі. Сонымен қатар, Қазақстанды Отан ретінде бағалаушыларда аз емес.

Қазақстанның мемлекеттік дәрежесін күшейтуде қазақ ұлты өкілдерінің аз болуы немесе көбейуі маңызды рөл атқарады. Қазіргі заманның жаңа талаптарына сай Отан ұғымымен байланысты бағаланатын құндылықтар сарапталуда.

Этностар арасындағы мәдени арақашықтықтың дәрежесін айқындайтын рухани және мәдени келісім орнатылуда.

Геосаяси жағдайдың өзгеруі Қазақстанның және басқа республикалардың егеменділігі айнымас объективті шындық болып қалыптасты, КСРО заманындағы мәдени-ұлттық автономияның сталиндік жоспары жоғалды. Ол кезде барлық одақтас республикалар «мемлекеттік дәрежеде» болды, бірақ «тәуелсіздік» туралы ешкімде тіс жарып айта алмады, өйткені бәрін Орталық шешетін. Одақтың таралуы нәтижесінде онжылдықтар сайын жүргізілетін сессиялар да тоқтатылды. «Барлығымыз бір ғана кеңес халқына жатамыз» деген көзқарас теріс болып шықты.

Прогрестің тарихи кезеңдері арқылы ұлттардың, халықтарды тез арада қосылуына талпыну, олар арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды жою жолымен іске асқан әкімшіл-әміршілдік жүйені қабылдауға әкеліп соқтырды. Мұндай механизмнің астында теориялық және тәжірибелік түрде де астыртын жүзеге асқан «орыстандыру» жасырынып жатты.

Өткен замандағы Қазақстандық жастардың мәдени-рухани келбеті осындай «ғылыми» ережелердің басшылығымен қалыптасқандығы енді ғана белгілі болды. Өкінішке орай, кеңестік дәуірдегі қоғамдық мәдени өмірдегі тәрбие беру ісі адамды өз ұлтының, өз тілінен алшақтатуға арналған. Мәселен, Қазақ азаматы құранмен, хадистермен қалай таныса алады? Ол қай жерден халықаралық балеттің жетістіктерін көре алады? Оның кинематография әлемінің Филлини Бергман, Пазолини, Коппола тәрізді жарық жұлдыздардың фильмдерін көруге мүмкіншілігі болды ма? Қанша адамдар әлемдік мұражайларды аралай алды ма? Жас ұрпақ Үндістан, Қытай, Жапония т.б. елдердің ұлы мәдениетімен таныса алды ма? Қазақстанның мәдени жағдайы осылай төмендеді. Сондай-ақ сталиндік «тілдік» саясаттың нәтижесінде ана тіліміздің жағдайы нашарлап кетті. Қазақ халқының мәдени-рухани дамуына бағытталған зерттеулер ұлттық тілдің қолданылу аясының және жағдайының нашарлап кеткендігін дәлелдей түсті.

Тарихи шындықтың шынайы келбетін зерттемей тұрып, халықтың тарихи тағдырына көз тастамайынша, әрине, бүгінгі таңдағы жас ұрпақтың рухани-мәдени өркендеуіне жол ашылуы мүмкін емес. Біздің ойымызша, тарихи білімділік ұрпақтар арасындағы тарихи үндестікті танытады. Сонымен қатар тарихи мұра ұлттық әдет-ғұрыптың сақталуы мен этникалық тәртіптің қадағалауына үлкен септігін тигізеді.

Өкінішке орай, қазақ жастары күллі ұлт секілді, ұзақ уақыт бойы тарихи шындықтан алшақ болды. Бұл, түптеп келгенде, қазақ жастарының халқының тарихы туралы мағлұматтан тыс қалғандығына әкеліп соқтырды. СОКП тұсында қалыптасқан идеология шынайы тарихты жан-жақтан мүжіп тастады. Халықтан тарихи дәлелдер мен оқиғалар тізбегі жасырынып, халқы жүріп өткен жолды саяси тұрғыдан кемсітіп тастады. Бір сөзбен айтқанда, сол кездегі жастардың ой-өрісі империялық идеологиядан арыла алмады.

Біздің зерттеулер осындай қорытындыларды толығымен дәлелдеп берді. Жастарды ұлттық тарихтан алшақтату ісі түрлі бағытпен жүзеге асты.

Ұлттық салт-дәстүрдің қоғамдық маңыздылығына баға бере отырып, ұлттық руханият негізінде әр халықтың өзіндік ерекшелігін айқындауға септігін тигізетінін көруге болады. Берілген зерттеулердің мәліметтері, ұлттық бірлік пен ішкі ынтымақтастықтың негізгі әдет-ғұрып болып табылатынын дәлелдейді. Оларға деген құрмет ұлтаралық сыйластық пен түсінушіліктің негізі бола алады.

Қазақ жастары арасындағы ұлттық әдет-ғұрыпты ұстану өте жоғары дамыған.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе жастар сана-сезімінің өсуі мәдени өркендеуінен басталатындығын атап өткен жөн. Республиканың нарықтық саясатқа ауысуы жастар санасын ұлттандыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың өзгергендігін көрсетеді. Бұл келесі факторлармен байланысты:

- біріншіден, меншік формаларының түрліше дамуымен жастар санасының адами құндылықтарға бағытталуы түбегейлі өзгерді;

- екіншіден, кенес дәуірінің жетістіктері қайта бағаланып, соңғы 70 жыл ішіндегі мәдени жетістіктер қайта қарала бастады;

- үшіншіден, ұлттық құндылыққа көп көңіл бөліп, лақап ат жамылған құндылықтардан бас тартылуы тиіс.

Осыған байланысты, жастарды ұлттық-мәдени негізде тәрбиелейміз деп кереғар жағдайларға тап болуымыз мүмкін. Өткенге бас иіп, патриархалдық жүйеге қайта ораламыз деп ислам мен шариятты енгіземіз деп мәдениеттің тәрбиенің қауіпті шектелуіне әкелуі мүмкін.

Патриархалдық қатынастардың басым болуынан, жастар жөніндегі заңдар мен нормалар жойылуы мүмкін, бұл жастар мен ұлт, мемлекет арасындағы қатынастардың нашарлауына соқтырады. Модернизациясыз патриархалдық гуманизация, гармонизация қатынастары үйлесімділікке әсер етеді. Бұл өз кезегіндегі ұлтшылдыққа, өркөкіректікке, шыдамсыздыққа әкеледі. Қазақстан жастарының ұлттық-мәдени белгілерін қайта жаңғырту – мемлекеттің жаңа экономикалық базасын құрудан да күрделі жұмыс. Бұның қиыншылығы: сана-сезімді, діни танымды, ойлау қабілетті өзгерту тез арада болатын мәселе емес.

Дегенмен, кәрілерге қарағанда жастар мәдени-рухани өзгерістер процесіне жақсы бейімделеді. Сонымен қатар КСРО-ның ыдырауына қарамастан, Қазақстанда әр түрлі ұлттардың достық, бауырмалды, түсінушілік қатынастар сақталуда. Бұл әрине жастарға да қатысты.

Ұлтаралық қатынастардың жақсаруына үлкен үлесін қосатын Қазақстан халықтар Ассамблеясы. Бүгінгі таңда бізде қалтарыс қатпары көп қанқұйлы өткеннің, ғасырлар бойы қордаланып қалған жаман әдеттердің проблемаларына байланысты мәселелерді шешуден сапалық жағынан басқа, өзекті міндетті - осы заманғы Қазақстанның барлық ұлттық топтарының жаңа азаматтық үйлесімі мәселелерін шешуге ойысатын мүмкіндік бар. Саясатұрақтылық та, экономикалық өрлеу де, мәдениеттің жай - күйі де біздің осы міндеттерді қалай шеше алатынымызға байланысты. Н.Ә. Назарбаев халықтар Ассамблеясына «ұлтаралық қатынастарды жақсартатын ұлы институт» деген анықтама берді. 1995 жылы болған халықтар Ассамблеясының бірінші сессиясында елбасшы бес жылдағы жетістіктер жөнінде баяндамасында: «Ұлтаралық достық қатынастар саясатынсыз біз ешқандай қиыншылықтарды шеше алмаймыз. Сол себептен өз білім беру жүйесі бар бұқаралық ақпараты бар ұлттық мәдени орталықтардың тығыз қызмет-тестіктерін ұйымдастыру керек. Бұл көптеген мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі:

- Қазақстанның көптеген халқының тілдері дамуына;
- Ұлттық білім берудің жетілдіруіне;
- Ұлттық ақпараттар құралының қызметінің жақсаруына;
- Ұлттық мәдениеттің құқықтық механизмнің дамуына түрткі болады – деп атап көрсетті.

Қазіргі таңда біздің республикамыздың қоғамдық өмірін ұлттық-мәдени орталықтарсыз елестетуге болмайды. Қысқа мерзім ішінде мемлекетте жүздеген ұлттық-мәдени орталықтар пайда болды. Олар өз елінің салт-дәстүрін, мәдениетін қайта жаңғыртады, ұлтаралық бейбітшіліктің тұрақтылығына, нығайуына өз үлесін қосады. Тек Астананы алатын болсақ, онда балалармен жастармен толыққанды жұмыс атқаратын бірқатар мәдени ағартушылық мекемелер бар. Оның қатарында корей, украин, татар-башқұрт жексенбілік мектептері сөйтіп корей жексенбілік мектеп бітірушісі Сеул университетіне, поляк мектеп бітірушілердің Польша университеттеріне өз күшімен түсті. Қазақстан Корей Ассоциациясының қалалық филиалының тұсында жастар қанаты, ал неміс орталықтарының тұсында «Видергербург» атты жастар қанаты бар.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев мемлекеттік тілге мынадай баға берді: Басқа ұлт өкілдеріне ғасырлық ұлттық салт-дәстүрін қайта жаңғыртуға жол ашуымыз керек. Қазақстан азаматтары мемлекеттік тілді қастерлеуі тиіс, сонымен қатар оны үйренуге әрқашан дайын болуы қажет, себебі, ол алдыңғы уақытта дамығанды мемлекет рөлін атқарады.

Бүгінгі таңда кириллицадан-латынға өту жөнінде түрлі ұсыныстар туындауда. Бұл процес әрине, қазақ тілін меңгерушілердің басқа тілдерді қастерлеуіне де көмек көрсетеді. Әрі ғаламдану мәселесі де шет қалмайды. Біз енді экономикамызды түзеп, жедел жаңару жолындағы жоспарларымызды орындаудамыз. Сол себептен де бізге ұлтаралық достық тұрақтылық ауадай қажет.

Н.Ә. Назарбаевтың пікірінше мемлекеттегі демократияны дамыту елдегі бірлікті сақтауға көмек көрсетеді. Мемлекет – бұл тек территория және қоғамдық бірлестік, заң, экономикалық жүйе ғана емес, сонымен қатар мемлекет – бұл өздерін оның азаматы екендігін түсініп, сезінетін саяси қоғам бірлестігі.

Сол себептен, егер саяси құқықтық және экономикалық мемлекет құрылымын қалыптастыруға қарағанда қоғамның азаматтық сана-сезімін, көзқарастарын қалыптастыру аса ауыр міндет. Азамат әрқашан өзін мемлекеттің бөлшегі ретінде танып, өз тағдырын ел тағдырымен байланыстырып, біріктіруге міндетті екендігін ұмытпауы тиіс.

Қазақстанның жаңа зиялы қауымы шын мәнінде демократиялы болуға тиіс. Сондықтан да, белгілі бір саланың айналасында тар шеңбердегі оқшау орта оны көрсете алмайды. Жастар Батыс пен Шығыстың мәдениетін тел игерген білімді жандар бола отырып, өз халқының дәстүрін, оның тілі мен мәдениетін жалғастыратын және қадір тұтатын шынайы Қазақстандық болып қала беруге тиіс.

УДК 327: 341.43

## АЗАМАТТЫҚ АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚЫРЛАРЫ

**Т.Е. Жабелова** – саяси ғылымдар кандидаты

Мақалада әлемнің жаһандану жағдайында азаматтықтың халықаралық-құқықтық мәселелері қарастырылады. Аталмыш мәселе, адамның азаматтық құқығы мен бостандығын қорғау жөнінде мемлекеттердің қол қойған халықаралық-құқықтық келісімдерін бұлжытпас жәрі нақты орындау тұрғысынан қарастырылған, тағы да осы мәселе шешу жөнінде талдау жасалған.

**Тірек сөздер:** жаһандану, азаматтықтың халықаралық-құқықтық мәселелері, халықаралық-құқықтық келісімдер, адамның азаматтық құқығы мен бостандығын қорғау

В статье рассматриваются международно-правовые проблемы гражданства в условиях глобализующегося мира. Данный вопрос рассмотрен под углом четкого и неукоснительного выполнения взятых обязательств странами, подписавшими международно-правовые соглашения по защите гражданских прав и свобод человека, а так же дан анализ по решению данной проблематики вопроса.

**Ключевые слова:** глобализация, международно-правовые проблемы гражданства, международно-правовые соглашения, защита гражданских прав и свобод человека

The article deals with international legal problems of citizenship in a globalizing world. This issue is discussed at an angle of clear and strict implementation of the commitments made by the signatories of international legal agreements for the protection of civil rights and freedoms as well as the analysis to address this problematic issue.

**Keywords:** globalization, international legal problems of citizenship, international legal agreements, protection of civil rights and freedoms of man

Азаматтық деп Халықаралық құқықта тұлғаның мемлекетпен өзара құқықтар мен міндеттемелер жиынтығынан құралған тұрақты байланысын айтады.

Азаматтық институтының қалыптасып, дамығанына салыстырмалы түрде алғанда, көп уақыт бола қойған жоқ. Тарихи тұрғыда қазіргі күнге дейін монархиялық басқару түріндегі мемлекеттерде сақталған «қол астындағы азаматтық» институты алғышарт болды. Алғаш рет «азамат» түсінігі Ұлы француз төңкерісі кезінде 1789 ж. 26 тамызда қабылданған Адам мен азамат құқықтары туралы Декларацияда ресми қолданылды.

Құқықтық жіктеу тұрғысынан алғанда, біруақытта халықаралық және ұлттық құқық нормаларымен реттелетін *азаматтықты* халықаралық құқықтың жеке институты ретінде қарастырған жөн. Сөйте тұра, азаматтық жеке адамға ғана тиесілі субъективті құқық ретінде сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, азаматтықты азаматтық алу құқы ретінде қарастыруға тура келеді. Осы тұжырымның дәлелдемесі ретінде бірқатар халықаралық келісімдердегі, мысалы атап айтқанда, 1948 ж. Жалпыға бірдей адам құқығы Декларациясы, 1966 ж. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіде «әрбір адам азаматтық алуға құқылы» деп көрсетілген.

Халықаралық келісімдерді негізге ала отырып, азаматтық адамға туған кезінде берілуі мүмкін (*филиация*). Азаматтық алудың бұндай түрі өте жиі кездеседі және бірқатар халықаралық-құқықтық актілерде көрініс тапты. Олардың арасында: 1966 ж. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пакті, 1989 ж. Балалар құқы туралы Конвенция. Оларда жаңа туған нәресте қандай жағдай болмасын азаматтығы жоқ тұлғаға (*апатридке*) айналмауы керектігі туралы ережелер бекітілген.

Дүниеге келген сәбиге азаматтық беру құқы әлемдік тәжірибеде екі түрлі негізде жүргізіледі: «қан құқы» (*jus sanguinis*) және «жер құқы» (*jus soli*). Бірінші негіз бойынша туған мекен-жайына қарап емес, ата-анасының азаматтығына қарай (Австралия, Норвегия, Италия, Финляндия және т.б.) азаматтық беріледі. Ал, жер құқы бойынша нәрестенің қай мемлекеттің аумағында туғаны негізге алынады да, ата-анасының азаматтығы назардан тыс қалады. Бұл қағидатты Латын Америкасының көптеген мемлекеттері ұстанады. Қазақстан Республикасында қандық құқық негізге алынады.

«Жер құқы» қағидаты дипломатиялық агенттіктер мен консулдық мекемелердің қызметкерлеріне қолданылмайды.



«Қол астына алу» (натурализация) жолымен азаматтық алу екінші бір елдің азаматтығын алу үшін өтініш білдірумен жүзеге асырылады. Жеке тұлғаның өз еркімен екінші бір елдің азаматтығын алуы үшін білдірген еркін негізге алады. Қол астына алу мемлекеттің міндетті келісімімен жүргізіледі. Мемлекет өз тарапынан азаматтық алуға өтініш білдірген тұлғаға арнайы талаптар қояды. Ондай талаптардың бірі – сол мемлекеттің аумағында тұрғылықты тұруы (домицилия). Әртүрлі елде тұрғылықты тұру мерзімін ұлттық заңнамамен әркелкі белгілейді (Швейцария мен Испанияда – 10 жыл, Франция, Ресей, АҚШ – 5 жыл, Ұлыбритания мен Норвегия – 7 жыл). Сондай-ақ, бұл шарттың халықаралық-құқықтық маңызы бар. БҰҰ-ның 1961 ж. Азаматсыздықты қысқарту туралы Конвенциясында тұрғылықты тұру мерзімін бес жыл мен он жыл аралығында қысқарту ұсынылған.

Натурализация арқылы азаматтық алудың мынадай қосымша талаптары да бар: мемлекеттік тілді білу, тұрақты табыс көзінің болуы, мемлекетке адалдығы жолында ант беру (АҚШ, Ұлыбритания).

Мемлекеттің аумағының бір бөлігінің екінші бір мемлекеттің аумағына өтуі кезінде, сонымен қатар мемлекеттердің аумақтарын өзара алмастыруы кезінде халықаралық келімідер негізінде азаматтық алу қарастырылған (*цессия*). Мемлекеттің аумағының өзгеріске түсуі барысында азаматтықты еркін таңдау құқығы (*оптация*) немесе оны автоматты түрде өзгерту құқығы қарастырылған (*трансферт*).

Азаматтықтан айырылу жолдары: *экспатриация және денатурализация*.

Экспатриация – азаматтықтан өз еркімен бас тартуды білдіреді. Оның *еркін және рұқсатты* түрлері бар. Денатурализация – заңға негізделіп, азаматтықтан күшпен шығарып тастауды білдіреді. Ол автоматты түрде азаматтың ұзақ уақыт бойы шетелде жүруі, натурализация кезінде жалған мәлімет беруі себепті, азаматтық міндеттерін дөрекі бұзған жағдайда азаматтығы тартып алынады.

Кейбір мемлекеттерде қос азаматтық алуға рұқсат берілген.

Көп азаматтық институты бірқатар мемлекеттерде мойындалған (Англия, Бангладеш, Беларусь, Германия, Израиль, Ресей, Тәжікстан, Франция, Латын Америкасы елдері).

Бипатризм тұлғаның бірмезгілде өзі азаматы болып табылатын мемлекеттердің алдында бірдей құқықтары мен міндеттемелері бар екендігін білдіреді. Осы уақытқа дейінгі тәжірибе көрсеткеніндей, қос азаматтық мәселесі жағымсыз құқықтық салдарымен де халықаралық қатынастарда бипатризмнің мемлекеттері арасында қиыншылықтар туындатады.

Бұндай келеңсіздіктер көптеген мемлекеттердің қос азаматтыққа қатысты ұстанымын айқындап, ұлттық заңнамада өз азаматтарына өзге елдің азаматтығын алу мәселесіне тиым салуына негіз болды.

Азаматтық – қоғам мүшесінің белгілі бір мемлекетпен құқықтық байланысы. Кез келген азамат қандай да бір құқықтарға ие және өз мемлекетінің алдында борышты әрі міндетті. Бұл құқықтар мен міндеттер елдің ішкі заңнамасымен: конституциямен, азаматтық туралы заңмен және басқа да құқықтық актілермен белгіленеді. Мемлекет өз азаматының заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге, қорғауға және оған шетелде қамқорлық жасауға кепілдік береді. Өз кезегінде азамат мемлекеттің заңдарын, өкімдерін бұлжытпай орындауға міндетті. Қазақстан Республикасының Ата Заңында: «Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады, ол қандай негізде алынғанына қарамастан бірыңғай және тең болып табылады. Республиканың азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны

Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды» делінген (10-бап).

Дүниеге келген сәбиге азаматтық алу құқы әлемдік тәжірибе екі түрлі негізде жүргізіледі: 1) қандық; 2) түп-тамыр құқықтарына сүйенеді. Бірінші негіз бойынша туған мекен-жайына қарап емес, ата-анасының азаматтығына қарай (Австралия, Норвегия, Италия, Финляндия және т.б.) азаматтық беріледі. Ал, түп-тамыр құқы бойынша нәрестенің қай мемлекеттің аумағында туғаны негізге алынады да, ата-анасының азаматтығы назардан тыс қалады. Қазақстан Республикасында қандық құқық негізге алынады.

Сонымен қатар, азаматтық тек заңнамалық-құқықтық қана емес, сондай-ақ әлеуметтік сипат алады, яғни, кез келген жеке тұлға саяси тұрғыда ғана емес, әлеуметтік тұрғыда да азамат болып танылады.

Азамат – ол өз іс-әрекеттеріне жауап бере алатын, өзін өз елінің бір бөлігі ретінде сезінетін, ондағы болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарай алмайтын еркін адам.

Шет мемлекеттердің, монархиялық басқару формасы бар мемлекеттерде, мысалға алатын болсақ Ұлыбритания да, Жапония да "бодандық" термин пайдаланылады. Ал, басқа мемлекеттерде "азаматтық" терминін қолданады.

Азаматтық "бодандықтан" кейін пайда болды. Азаматтық – тек міндеттерді ғана емес, жеке адамның құқын ұсынатын демократиялық институт.

Енді азаматтықты алудың, өзгертудің, жоғалтудың тәсілдерін қарастырып көрелік.

Азаматтық туылғанынан бастап, халықаралық шарт негізіндегі натурализация әдісімен, арыз беру және қайта құру жолымен алынуы мүмкін.

Көптеген мемлекеттердің заңдары, азаматтықты туылғаннан бастап алуды екі принципте жүйеленеді деп көрсеткен; "қан құқығы", "жер құқығы". "Қан құқығы" принципі тұлғаның азаматтығы ата-аналардың азаматтығыны байланысты, туылған жерінде байланысты емес екенін білдіреді. Көптеген мемлекеттер Европаның осы принципке сүйенді (Австрия, Норвегия, Италия, Финляндия, және т.б.).

"Жер" құқы принципіне байланысты ең меңыздасы болып, адамның туылған мемлекеттің территориясы болады, бұнда ата-анасының азаматтығының қатысы болмайды. Мысалы, Бразилия мен Аргентинаның заңы бойынша, осы мемлекеттердің аумағында туылғын, бала, ата-аналарының азаматтығына қарамастан, осы Бразилия немесе Аргентинаның азаматы болып саналады. Жер құқы принципіне әсіресе Латын, Америка елдері сүйенеді.

Кей мемлекеттердің заңдылығына 2 принцип те жүріп отырады (АҚШ, Франция, Индия және т.б.).

Азаматтықты қабылдау, немесе натурализация, – бұл белгілі бір мемлекеттің азаматтығы жоқ тұлғасының немесе басқа мемлекет азаматтығы бар тұлғаның азаматтық алуы. Азаматтық алу немесе натурализация Қазақстан Республикасының азаматтық туралы заңның 30 бабына сәйкес мына жағдайларда;

а) Тұлғаның оған азаматтық беру туралы арызы;

ә) Бір мемлекеттік азаматының (азаматшасы), екінші бір мемлекеттің азаматымен (азаматшасымен) некеге тұруы;

б) Бір мемлекеттің азаматтарының, басқа мемлекеттің азаматы болып табылатыны баланы асырап алғанда;

Осыдан, егер әйел басқа мемлекеттің азаматына күйеуге шыққан, жағдайда, онда ол азаматтығы жоқ немесе екі азаматтыққа ие болады, бұл оны қиын жағдайда әкеліп соғады, 1957 жылы күйеуге шыққан әйелдің азаматтығы туралы Конвенция қабылданады онда әйел некеге тұған жағдайда немесе некені бұзған жағдайда автоматты түрде ауыспауы керек. Бұл бірақ айтылған, өз еркімен натурализация тәртібімен, күйеуінің азаматтығын ала алмайды.

Халықаралық шарттардың негізінде азаматтықты алу немесе өзгерту, халықаралық шарттардың негізінде, аумақтық келісімдер, сессия жүзінде бірнеше мемлекеттер қосылған немесе бір мемлекет өзінше бірнеше учасоктерге бөлінген жағдайда, яғни мемлекеттің бір аумағы басқа мемлекетке өткенде, сонымен қатар көрші мемлекеттер кейбір бөліктермен ауысқан жағдайда жүзеге асырылады.

Азаматтықты жоғалту келесі негіздерге асырылуы мүмкін;

а) Азаматтықтан өз еркімен бас тартып, басқа мемлекеттің қол астына өтуі кезінде;

ә) Аумақ статусы өзгерген жағдайда;

б) азаматтықты жоғалтқанда;

Бипатризм натурализация кезінде, егер тұлға басқа мемлекеттің азаматтығын қабылдай отырып, өз мемлекеттің азаматтығын сақтай алатын болған жағдайда пайда болуы мүмкін. КСРО ыдырағаннан кейін, екі азаматтықтың проблемасы туды, яғни орыс ұлттылар – Қазақстанда тұрғылықты тұратын қазақстандық азаматтары өздерінің табиғи отаны Ресейден тағы азаматтығын алсын деген ұсыныс болды.

Бұл проблема өз уақытында қызу пікірталас пәні болды, бірақ 1994 жылы екі мемлекет Президенттерінің қол қойған «Қазақстан Республикасы және Ресей азаматтарының құқықтық статусы туралы» Меморандумда өз шешімін тапты. Онда екі мемлекеттің азаматтарының Қазақстан мен Ресейге тұрақты тұру мақсатында келген жақын туыстарының жеңілдетілген түрде азаматтық алу поцедурасын қабылдау көзделді.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасында қабылданған Келісім-шартты Ресей Федерациясының аумағында тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматтық құқықтық статусы және Қазақстан Республикасының аумағында тұрып жатқан Ресей Федерациясы азаматтарының құқықтық статусы туралы 1995 жылы 20 қаңтарда бұл поцедуралар қабылданды.

Екі азаматтық әдетте заңда адам некеге шетел азаматтарымен (ҚР, АҚШ, Швеция) тұрған жағдайда, ал күйеуінің елінің заңында автоматты түрде әйелге осы елдің азаматтығы берілуі қажет болғанда (Бразилия) автоматты түрде азаматтықтан айырмайды.

Екі азаматтығы бар тұлғаның әскер қатарына қабылдау кезінде, осы тұлғаларды дипломатиялық қорғау жағдайында проблемалар тууы мүмкін. Сондықтан бұл жағдайларда әдетте "эффективті азаматтық" қолданады; Бұл дегеніміз бипатризм өзі тұрақты тұрып жатқан мемлекеттің аумағында әскери міндеттілігін өткереді және сол елдің азаматы болып табылады.

Азаматсыздық, басқаша айтқанда апатризм қандайда болсын мемлекеттің азаматтығында жоқ тұлғаның құқықтық жағдайын білдіреді; Азаматтығы жоқтық мына жағдайларда пайда болады;

а) егер тұлға өз еркімен өз мемлекетінің азаматтығынан шыққан жағдайда;

ә) егер мемлекет азаматтық беруден бас тартқан жағдайда, бұл КСРО кезінде болды;

б) Егер әйел мемлекет тұлғасымен некеге тұрған жағдайда автоматты түрде азаматтығын ұсынбайтын болса, ал әйел шетел азаматымен некеге тұрған кезде мемлекеті автоматты түрде азаматтығын алып қойған жағдайда пайда болады.

Апатридтер толығымен өздері тұрып жатқан мемлекеттің заңдылығына сүйенеді. Екінші дүние жүзілік соғыстың алдында фашистік режимін пайдаланған мемлекеттер (Италия, Германия) адамдарды саяси және ұлттық негізге сүйене отырып, азаматтығын алып қойып отырған.

Қазақстан Республикасының Азаматтығы туралы заңы – Қазақстан Республикасының азаматтығы адамның мемлекетпен тұрақты саяси-құқықтық байланысын айқындайды, бұл байланыс олардың өзара құқылары мен міндеттерінің жиынтығынан көрінеді.

Қазақстан Республикасында әрбір адамның азаматтық алуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының азаматтығы осы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады. Қазақстан Республикасының азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды.

Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары арқылы Республика азаматтары алдында жауапты, ал Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасы алдында жауапты. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауға, Қазақстан Республикасының мүдделерін, оның территориялық тұтастығын қорғауға, мемлекеттік тіл мен оның аумағында тұратын барлық ұлттардың тілдеріне, әдет-ғұрпына, дәстүрлеріне құрметпен қарауға, Қазақстан Республикасының күш-құдіретін, егемендігін және тәуелсіздігін нығайтуға жәрдемдесуге міндетті.

Қазақстан Республикасының азаматтығы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен және Қазақстан Республикасының соған сәйкес шығарылатын басқа да заң актілерімен реттеледі. Осы Заң күшіне енгізілген күнге дейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын; Қазақстан Республикасының аумағында туған және шет мемлекеттің азаматтығында тұрмайтын; осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады. Қазақстан Республикасы азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды. Қазақстан Республикасы жаппай қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру кезеңдерінде, адамгершілікке жат өзге де саяси шаралар салдарынан Республика аумағынан кетуге мәжбүр болған адамдар мен олардың ұрпақтарының өз территориясына қайтып оралуы үшін, сондай-ақ басқа мемлекеттерде территориясында тұратын қазақтар үшін жағдай жасайды. Қазақстан Республикасының азаматтығы: 1) тууы бойынша; 2) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау нәтижесінде; 3) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша; 4) осы Заңда көзделген өзге де негіздер бойынша алынады.

Қазақстан Республикасы Азаматтарының саяси құқықтары, бостандықтары мен міндеттері – мемлекет тарапынан кепілдік беріліп, қорғалатын және әркім сақтауға тиіс конституциялық нормалар. ҚР азаматтарының негізгі құқықтары, бостандықтары мен міндеттері ҚР Конституциясының II бөлімінде бекітілген. Конституцияда бекітілген құқықтар мен бостандықтар: жеке, саяси және әлеуметтік экономикалық құқықтар мен бостандықтар болып үш топқа жіктеледі. Саяси құқықтар мен бостандықтар адамның белгілі бір мемлекеттің азаматтығына ие болуымен байланысты. ҚР-ның азаматы емес адамдар Қазақстан заңдарында көрсетілген саяси құқықтарға ие бола алмайды. Бұл құқықтар мен бостандықтар мемлекеттің саяси өміріне, мемлекеттік билікті жүзеге асыруға азаматтардың қатысуын қамтамасыз етеді.

1 *Қазақстан Республикасының Ата заңы, 1995.*

2 *«Сборник международных документов по правам человека» в 11 томах - Алматы: Фонд «XXI век», 2001-2007 г. / Сост. Е.А. Жовтис. (Права человека).*

3 *Қазақстан Республикасының Азаматтығы туралы заңы, 1991 ж.*

УДК 327: 341.43

## **БІЛІМ АЛУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ – АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ**

**Ж.Қ. Садвақасова** – з.ғ.м., *Абай ат. ҚазҰПУ-ң «Халықаралық құқық» кафедрасының оқытушысы*

Аталмыш мақалада автор халықаралық жүйесіндегі адамның құқықтары мен бостандықтары тұрғысынан адамның білім алу құқығы мәселесін қозғайды. Автор адамның білім алу құқығын зерттеу негізінде толыққанды, әрі пәрменді үйлесімді дамыған мемлекет құру негізі және адамның құқықтары мен бостандықтар жүйесінің халықаралық-құқықтық базасы ретінде адамның білім алу құқығын қорғаудың маңыздылығы мен қажеттілігін көрсетеді.

**Тірек сөздер:** халықаралық жүйесіндегі адамның құқықтары мен бостандықтары, адамның білім алу құқығын қорғау, халықаралық-құқықтық база, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар

В данной статье автор затрагивает проблему прав человека на получение образования в международной системе прав и свобод человека. Автор на основе изучения прав человека на получение образования приходит к выводу о необходимости и важности защиты прав человека на получение образования как основу создания цельного, гармоничного развитого общества и как прочного фундамента международно-правовой базы системы прав и свобод человека.

**Ключевые слова:** международная система прав и свобод человека, права и свободы человека, защита прав человека на получение образование, международно-правовая база, экономические, социальные и культурные права

In this article, the author addresses the issue of human rights to education in the international system of human rights and freedoms. Author based on the study of human rights to education concludes on the need and importance of human rights to education as a basis for creating a solid, harmonious development of society and as a solid foundation for the protection of the international legal framework of human rights and freedoms.

**Keywords:** international system of human rights and freedoms, human rights and freedoms, protection of human rights to receive education, the international legal framework, economic, social and cultural rights

Адам қоғамы мыңдаған жылдар бойы сонау көне дәуірден қазіргі заманға дейін әлеуметтік нормалар арқылы басқарылып келді. Сондықтан, жеке адамның құқығы мен бостандығы туралы теорияның мыңдаған жылға созылған тарихы және мол тәжірибесі бар.

Біз тарихқа, мол тәжірибеге сүйене отырып, әлеуметтік нормалардың диалектикалық объективтік даму процесімен таныса аламыз. Адам қоғамының әр формациясында азаматтардың қандай құқығы, қандай бостандығы болғанын білеміз.

Адам құқығы – тарихи, табиғи, объективтік құбылыс. Сондықтан, әлеуметтік норма әруақытта даму процесінде болады. Әлеуметтік норма адам қоғамымен бірге дамып, бірге өзгеріп, бірге өмір сүріп келеді. Қоғамдағы жүздеген, мыңдаған қарым-қатынасты реттейтін, басқаратын әлеуметтік норма. Қоғамдамып, нығайып, жақсарған сайын әлеуметтік норма да дамып, нығайып жақсарады, оның әділеттік, бостандық, демократиялық шеңбері де, кеңістігі де молаяды, күрделенеді.

Жеке адамның құқығы қоғамдағы құқықпен тығыз байланысты. Бірі болмаса екіншісі де болмайды. Бұл екеуін бір-бірінен ажыратып қарауға болмайды.

Сонымен адамның құқығы, бостандығы олардың мазмұндық дәрежесі қоғамның даму деңгейімен байланысты.

Мысалы: Алғашқы қоғамдағы бостандық:

- құлиелену қоғамдағы бостандық пен шектеулер;
- феодалдық қоғамдағы бостандық пен шектеулер;
- буржуазиялық қоғамдағы бостандық пен шектеулер;
- қазіргі замандағы бостандық түсінігі мен мазмұны.

Құқық пен жеке тұлғаның өзара байланысын тек құқықтық мәртебе арқылы толық түсінуге, білуге болады. Онда олардың санқырлы байланысының түсінігі, мазмұны, құрылымы, мақсаты, талаптары, мемлекет пен қоғамдық ұйымдар мен арақатынасы көрсетіледі.

Құқықтық мәртебе жеке тұлғаның қоғамда заңды түрде қалыптасқан бостандығы, табиғи және саяси құқықтары, әлеуметтік кемеліне келген жағдайы, рухани, мәдени білімі. Бұл мәртебенің мазмұны адамның қоғамның әлеуметтік құрылысындағы алатын орны, ал мәртебенің нысаны сол адамның қоғамдағы алатын орнын заңды түрде сипаттауы [1].

Қазіргі заманда жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі заң ғылымының бір саласына айналды және жалпы теорияның жеке тақырыбы болып отыр.

Адамдар тек құқықтық жүйедегі қоғамда өмір сүре алады. Бұл объективтік тұжырымға адамдар мыңдаған жылдар өмір тәжірибесінен сезініп білді. Біздің заманымыздан бұрынғы V-IV мыңжылдығынан бастап адам қоғамы әлеуметтік нормасыз өмір сүре алмайды.

Норма объективтік тұрғыдан қоғамның өмір сүруінің ең қажетті құралы болды. Осы тәжірибеге сүйене отырып гректің ойшыл ғалымдары Ликофрон, Антифон (V-IV мыңжылдықта) адамның табиғи бостандығы, құқықтары бар, оны ешкім жоя алмайды деген. Бұл пікірді кейін Аристотель, Локк, Монтескье, Руссо, Канттар да қостаған. Сөйтіп "Табиғи құқықтық теория" өмірге келген [2].

Бұл теория Англияның 1215 ж. бостандық партиясында, 1689 ж. құқық петициясында; АҚШ 1776 ж. декларациясында, 1791 ж. Конституциясында, Францияның 1789 ж. Конституциясында мемлекеттік заңға айналды. Біріккен Ұлттар Ұйымының 1948 ж. – Декларациясында адамның "Табиғи құқық теориясы" қабылданып, әр мемлекеттің құқығының негізі болсын деп қаулы қабылдады. 1966 ж. БҰҰ Халықаралық пакт атты қаулы қабылдап, онда адамдардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын әлем көлемінде дамытуды, жақсартуды міндеттеді.

Қазіргі заманда адамдардың бостандығы мен құқықтары барлық мемлекеттердің Конституциясына

енгізіліп, ең негізгі ресми саясатқа айналды. Қазақстан Республикасының 1993-1995 жж. және 2007 жылғы Конституцияларында адамның бостандығы мен құқықтарына арнаулы бөлім беріліп бұл мәселені жан-жақты дамыту, жақсарту өзінің мемлекеттік міндеті деп жариялады.

Жеке адамдардың құқықтарында объективтік және субъективтік, сонымен қатар позитивтік, бұқаралық және жеке құқық деген түсініктер бар. Енді солардың мазмұнына тоқтайық [3].

Объективтік құқық – бұл қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған, мемлекетпен орнықтырылатын және қамтамасыз етілетін, жалпыға міндетті, формальды анықталған заң нормаларының жүйесі. Объективтік құқық – бұл нақты бір мемлекеттегі белгілі бір кезеңдегі заңнама, заң әдеттері, заңды прецеденттер және нормативтік шарттар. Оның объективтілігі жеке тұлғаның еркі мен санасынан тәуелсіз болып, оған тиесілі болмауынан көрініс табады.

Субъективтік құқық – бұл тұлғаның жеке мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған, заңды мүмкін жүріс-тұрыстың шамасы. Субъективтік құқықтар ретінде адамның нақты құқықтарын (еңбек етуге, білім алуға және т.б. құқық) атауға болады, олардың субъективтілігі тұлғамен байланыстылығынан, оған тиесілігінен және оның санасы мен еркінен тәуелділігінен көрінеді.

Заңды мағынадағы құқықпен (объективтік және субъективтік құқықтар) қатар табиғи құқық та болады, ол өмір сүруге, бостандыққа және т.б. құқықтарды қамтиды. Табиғи құқықтың қатарына жататын құқықтар бір жерде бекітілген-бекітілмегеніне қарамастан өмір сүреді, олар өмірдің өзінен тікелей туындайды.

Позитивтік құқықтың негізгі сипаттары:

а) оны адамдар немесе қоғамдық құрылымдар – заңшығарушылар, соттар, құқық субъектілер қалыптастырады, яғни, олардың шығармашылығының, мақсатты ерікті қызметінің нәтижесі болып табылады;

ә) ол заңдар немесе басқа да қайнар көздер түрінде, яғни, жай ой, идея түрінде ғана емес, нақты сыртқы көрінісі бар ақиқат ретінде өмір сүреді.

Бұқаралық құқық – бұл мемлекеттік істер саласы, яғни, билік пен бағыныстылық қатынастарына негізделген мемлекеттің бұқаралық билік ретіндегі және барлық бұқаралық институттардың құрылымы және қызметі.

Жеке құқық – бұл жеке істер саласы, яғни, дербестік, субъектілердің заңды теңдігі бастамаларына негізделген еркін тұлға, институттар мәртебесі.

Азаматтардың, адамдардың негізгі құқықтарымен бостандығы халықаралық актіде және әр мемлекеттің Конституциясында толық көрсетіледі. Оның түрлері: азаматтық, экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени, экологиялық, ақпараттық құқықтар [4].

Әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар кешеніндегі әлеуметтік құқықтардың алатын орынына тоқтала кетіп, оның негізгі түсінігін ашу қажет. Аталған құқықтық кешеннің негізгі белгілері:

- адамның физикалық, материалдық, рухани және басқа да әлеуметтік маңызды қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағыттылығы;

- азаматтығына қарамастан әр адамға тиесілігі;

- басқа тұлғаның бостандығын шектеумен ғана емес, қоғамдық байлық мөлшері мен экономикалық даму деңгейімен де, және барлық қорлардың шегінде қамтамасыз етілуі.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар – бұл физикалық, материалдық, рухани және басқа да өмір қажеттіліктеріне бағытталған, әр бір адамға тиесілі құқықтар мен бостандықтар жиынтығы. Олардың жүзеге асырылуы адамның азаматтық қоғамның мүшесі болуына себепші болады.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ олардың ішінен әлеуметтік құқықтарды бөліп қарастыруға болады.

Әлеуметтік құқықтар – бұл физикалық, материалдық, рухани және басқа да өмір қажеттіліктерін қоғамының мүмкіншіліктері шегінде және қоғамдық байлықтың мемлекетпен бөлінуі, адамның белсенді қызметі арқылы қамтамасыз етілетін табиғи құқықтар кешені.

Жеке құқықтар мен бостандықтар адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің түп қазығы болып табылады. Оларды шектеуге болмайды. Сондықтан Қазақстан Республикасы Конституциясының 15-23 баптарында аталған құқықтар мен бостандықтар кейде «азаматтардың өздік құқықтары мен бостандықтары» деп те аталады, оларға мемлекет тарапынан берілген кепілдіктің деңгейі өте жоғары. Жеке құқықтар мен бостандықтарға адам азаматтығына қарамай ақ ие болады. Бұл тумысынан тиесілі құқықтар, олар мемлекеттің не басқа тұлғалардың еркі бойынша аластатылуы мүмкін емес. Бұлар адамның өмірімен, бостандықтарымен, ар ожданымен және басқа табиғи құқықтарымен байланысты құқықтар.

Азаматтардың жеке құқықтары мен бостандықтары өмір сүру (15-бап); жеке бас бостандығы (16-бап); адамның қадір қасиетіне қол сұқпау (17-бап); жеке өміріне қол сұғылмау, өзінің және отбасының құпиясы болуы, ар намысы мен абыройын қорғау (18-бап); өзінің қай ұлтқа, қай дінге жататынын анықтау және

оны көрсетпеу, ана тілі мен шығармашылық тілін еркін таңдап алу (19-бап); заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алу және тарату т.б. құқықтар жатады.

Соның ішінде, білім алуға құқықтылық (30-бап). Қазақстан Республикасында білім алудың бірнеше жолы бар. Біріншіден, азаматтардың мемлекеттік оқу орындарына тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Ол дегеніміз жасөспірім балалардың орта білім алуға міндеттілігі. Екіншіден, азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Ал жеке меншік оқу орнында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздермен тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Қалай болғанда да мемлекет білім берудің жалпыға міндетті нормалырын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі сол нормаларға сай болуы керек [5].

Білім алу құқығын әлеуметтік және мәдени құқық ретінде қарастыруды жөн көрдім. Әлеуметтік құқық сияқты білім алу құқығы да, мемлекеттің әр адамды осы құқықпен қамтамасыз ету міндеті болып табылады. Білім алу құқығының міндеті әр адамның білім алуының мемлекеттік кепілдіктер жүйесін құруда. Дегенмен, білім алу құқығы тек мемлекетпен берілетін әлеуметтік кепілдіктермен ғана шектелмейді, оның айтарлықтай мәдени маңыздылығы бар. Мәдени құқық ретінде білім алу құқығы – әрі құқық, әрі бостандық болып саналады. Мәдени құқықтардың ерекшелігі, ол мемлекетпен қамтамасыз етілуге тиісті емес. Бірақ, мемлекет оның жүзеге асырылуына еш кедергі жасамауы қажет, дегенмен, мемлекет пен азаматтардың мүддесінде бұл бостандыққа шектеу орнатуы тиіс.

Әлеуметтік тұрғыдан қарастырғанда, білім алу құқығы – бұл білім саласындағы адамның заңды міндеттері мен бостандықтары, сонымен қатар мемлекеттің әр адамның білім алу құқығын қамтамасыз ететін қарсы міндеті мен субъективті құқықтарын қамтитын әлеуметтік феномен.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан бастап білім қатынастарын реттейтін заңнамасы, республиканың басқа заңнамалары сияқты, даму мен қалыптасу кезеңдерінен өтті. Білім саласындағы заңнамасын реформалаудың бастапқы кезеңі Қазақстан Республикасының 1992 жылғы «Білім туралы» және 1993 жылғы «Жоғары білім туралы» Заңдарының қабылдануымен байланысты.

1999 жылы білім қатынастары заңнама базасының реформалау мен дамуының жаңа кезеңін ашқан, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы әзірленіп, қабылданды.

Қазақстан Республикасы «Бала құқықтары туралы» Конвенциясын ратификациялаумен байланысты 2002 жылы «Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Дүниежүзілік бала құқықтарын қорғауға бағытталған заңнама базасын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Парламентімен «Отбасы типтегі ауылдар мен жасөспірімдер үйлері туралы», «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және дәрігерлік-педагогикалық түзетуге жәрдем көрсету туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары қабылданды.

Білім саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін жеке нормалар Қазақстан Республикасының мынадай заңнама актілеріне енгізілген: «Білім туралы», «Неке және отбасы туралы», «Жалпыға бірдей әскери міндет пен әскери қызмет туралы», «Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы», «Қазақстан Республикасында ауыл, село және агроөнеркәсіп кешенін дамыту артықшылықтары туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңдары және басқалары.

Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық актілері білім саласындағы заңнама жүйесінде айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасы Президентінің нұсқаулары мен өкімдермен білім саласындағы мемлекеттік саясатын анықтайтын «Білім» Мемлекеттік бағдарламасы; Орта білім жүйесін информатизациялау бағдарламасы; Оқушы жастарға құқықтық білім беру, этномәдени білім және мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамалары сияқты құжаттар бектілі [6].

Жас ұрпақты қалыптастырушы жоғары оқу орындарына талапты заманның өзі қояды. ХХІ ғасыр білімнің, ақпараттың, жаңа технологияның өрістеу ғасыры. Ендеше, мамандарға қойылатын заман талабы – кәсіби жоғары білім, түрлі күрделі жағдайлардан шығып кетудің ойлы жолын таңдап ала білу. Осыған байланысты жоғары оқу орындары алдындағы міндет тек білім берумен ғана шектелмейді. Әрбір жас ұрпақ жоғарғы оқу орнының қабырғасынан ұлтжандылық, отансүйгіштік, тағы да басқа адами қасиеттерді бойына сіңіріп, заман талабына сай жұмыс істей білудің әдістемесін игеріп шығуы қажет.

Халықтың білім деңгейіне мемлекеттің мәдени, әлеуметтік-экономикалық дамуын ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің тәуелсіздігін сақтап қалу да тәуелді.

2007 жылдың 7 шілде айында қабылданған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы білім саласындағы қоғамдық қатынастарды реттей отырып, Қазақстан Республикасы азаматтарының білім алуға конституциялық құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді. Бұл заң ұлттық және жалпы адамдық құндылықтар, ғылым мен тәжірибедегі жетістіктер негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуы, дамуына қажетті жағдайларды жасаудың құқықтық негізін қалады.

Қазіргі таңда қоғамның экономикалық, саяси және мәдени бағыттардағы үдемелі даму «Білім туралы» Заңға тиісті түзетулер енгізу қажеттілігін туғызады. Осыған орай, ұсынылған заң жобасының оң жақтарына атап өту қажет: «Тұңғыш Президенттің 20 интеллектуалды мектептері» атты жобасын жүзеге асыру мақсатында құқықтық базаны бекіту; білім алушылардың мемлекеттік шәкіртақысы мөлшері мен оған қосылатын үстемелерді бекітетін сұрақтарды, мемлекеттік білім беру мекемелерінің жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін ие болған гранттарын қолдану тәртіптері, сонымен қатар білім алу үшін әлеуметтік көмек алатын азаматтар санатының тізімін бекітуді реттейтін жеке нормаларын енгізу» [7].

Қорыта келгенде, адамның білім алу құқығы табиғи құқық болып табылады. Әр бір адам азаматтығына карамастан бұл құқықтарын еш кедергісіз жүзеге асыруға құқылы. Ал, мемлекет, өз тарапынан барлық адамдарға бұл құқықтарын жүзеге асыруға тиісті жағдайлар жасауы тиіс. Дегенмен, өз мүддесі мен азаматтардың да мүддесінде кейбір шекетулер жасауы қажет.

Жаңа замандағы әлеуметтік-экономикалық және техникалық қайта жанарулар оңай емес міндеттерді алға қояды, олардың көбісі білім институтын қалыптастырумен байланысты. Осыған орай, қазіргі заманғы қоғамдық дамудағы білім, бүкіл мемлекеттің және әрбір адамның бәсекелесуге қабілеттігін арттырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады.

Ұлттық білім беру жүйелері дүниежүзілік білім кеңістігіне ықпалдаусыз дами алмайды.

Қазақстан білімге негізделген қоғамды құрудағы ең тиімді әлемдік тәжірибелерді өз білім жүйесінде қолдануда.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, білім реформасы «мемлекетіміздің әрбір азаматы, тиісті білім және біліктілікті алғаннан кейін, әлемнің кез келген мемлекеттерінде талап етілетін маман бола алатындай» деңгейге жетуі тиіс [8].

Қазақстан Республикасын әлемдік қоғамдастық нарықтық экономикалы мемлекет ретінде таныды. Тәуелсіздігінің қысқа тарихи кезеңінде еліміз әлемдік қоғамдастыққа ықпалдаса отырып, экономикада айтарлықтай өсуге қол жеткізді.

Осы орайда, қоғамдық даму деңгейінің, елдің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің өлшемдері ретінде білім беру жүйесінің, адам ресурстарының рөлі мен маңызы арта түседі. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білім беруге, одан ұтқырлықты, жаңа тарихи кезеңнің болмысына барабар әрекет етуді және экономиканың даму қажеттіктеріне сай болуды талап ете отырып әсерін тигізеді.

Жалпы, Қазақстан Республикасы-Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде ең алғашқылардың бірі болып, 2010 жылы Боллон декларациясына қол қойып, Еуропалық білім беру кеңістігінің толыққанды мүшесі атанды. Бүгінгі күні Боллон декларациясына 47 мемлекет қол қойды. Соның арқасында, 2013 жылдың ішінде сыртқы академиялық ұтқырлықпен 746 студенттер мен магистранттар оқуларын Ресей, АҚШ сияқты Еуропа елдерінде оқып келді. Сонымен қатар, 1100-дей студент дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орындарында оқып келді.

Статистикаға сәйкес, 2013 жылы арнайы шақыртумен отандық жоғарғы оқу орындарында 1533 шетелдік профессор дәріс оқып, ғылыми семинарлар мен кеңестер берді [9].

1 Корельский В.М., Первалова В.Д. «Теория государства и права». - М., 1998.

2 Лукашева Е.А. «Общая теория прав человека». - М., 1996.

3 Джефферсон Т. «О демократии». – СПб., 1992.

4 Булгакова Д.А. «Мемлекет және құқық теориясы». Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2004.

5 2007 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы.

6 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми сайт материалдары. [www.edu.kz](http://www.edu.kz)

7 Поправки в Закон об Образовании – круглый стол в мажилисе. Цель – реализация программной установки НДП «Нур Отан» – «Приближение казахстанского образования к мировым стандартам». [www.parlament.kz](http://www.parlament.kz) ресми сайтының материалдары.

8 Выступление Министра образования и науки Республики Казахстан Ж.К. Түймебаева на тему: «Цели высшего образования Республики Казахстана на пути к Болонскому процессу» 5 февраля 2009 г., Алматы КазНУ им. Аль-Фараби.

9 ҚР БҒМ-нің, Боллон процесі мен академиялық ұтқырлық орталығының директоры, Сейдахметова Р.Г. берген сұхбатынан үзінді. «Казахстанская правда» газеті, 13 ақпан 2014 жылы жарияланған.

## АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ ДЕТЕЙ-СИРОТ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

**А.Б. Ордабаева** – ст. преподаватель кафедры международного права КазНПУ им. Абая

Мақалада жетім балалардың құқығын қорғаудың, баспанамен қамтамасыз етудің өзекті мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, автор дүниежүзілік тәжірибені көрсете келе, балалардың құқығын қорғаудың қазақстандық тәжірибемен салыстырады да оның оң тұстарымен бірге қазіргі қазақстандық тәжірибеде сақталып отырған келеңсіз жақтарын сыңға алып, оны оңалту шараларын қолдану мүмкіндіктерін іздестіреді.

**Тірек сөздер:** жетім балалардың құқығын қорғау, жетім балаларды баспанамен қамтамасыз ету, балалардың құқығын қорғаудың әлемдік тәжірибесі

В этой статье рассматриваются актуальные вопросы защиты прав и обеспечения жилищ детей-сирот. Вместе с тем, автор статьи, показывая мировой опыт защиты права ребенка сравнивает его с нашим казахстанским опытом, выявляя их положительные и отрицательные моменты, и на этой основе ведет поиск возможных путей и возможностей для улучшения положения защиты прав детей.

**Ключевые слова:** защиты прав детей-сирот, обеспечения жилищей детей-сирот, мировой опыт защиты права ребенка

This article discusses topical rights protection orphaned children, in particular the housing problem. In addition, the author of the article showing the world experience protection. rights of the child compares it with our Kazakh experience, revealing their positive and negative points, and on this basis, looking for possible ways and options for improving the situation of children's rights protection.

**Keywords:** protection of the rights of orphans, providing apartment orphans world experience in protecting the rights of the child

Обеспечение и защита прав ребенка относится к глобальным проблемам современности, в решении которых заинтересовано все мировое сообщество. Это объясняется определяющей ролью подрастающего поколения в гарантировании жизнеспособности общества и прогнозировании его будущего развития. Однако следует признать, что ни одно государство в мире не может претендовать на роль образца в области соблюдения прав ребенка.

Каждый ребенок имеет право на заботу, воспитание и поддержку со стороны государства, родителей и общества в целом.

Особую актуальность занимают – дети отказные, брошенные или дети, чьи родители находятся в заключении, на длительном лечении, пропали без вести, лишены родительских прав.

Охрана прав и защита законных интересов детей, в том числе детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, является одним из основных приоритетов политики нашего государства. Сегодня в Республике Казахстан создана необходимая нормативная правовая база в области защиты прав детей этой категории. Согласно действующему законодательству каждый ребенок имеет право жить и воспитываться в семье. Семья является основной ячейкой общества, именно в семье человек получает первое материнское тепло, любовь, постигает навыки человеческого общения, усваивает язык, культуру, традиции своего народа, мировоззренческие и религиозные установки, то есть все то, что делает человека членом данного конкретного общества и одновременно частью цивилизации, учит его жить в этом мире. В связи с этим усилия государства должны быть направлены на укрепление семейных устоев, на обеспечение возможности каждого ребенка воспитываться в семье. Развитие современного мирового сообщества, делающее прозрачными границы между государствами, свобода общения между людьми разных стран, национальностей, этнических групп приводит к росту интереса и к нашей стране, в том числе в вопросах международного усыновления.

По окончании интернатного учреждения воспитанники-сироты лишаются привычного, более или менее безопасного окружения, четкого распорядка, особого типа организации жизни. Они сталкиваются с проблемами, связанными с получением жилья, поиском работы, организацией быта, питания и свободного времени, взаимодействием с социумом, получением медицинской помощи, созданием и сохранением семьи и другими. Как правило, выпускники интернатных учреждений испытывают дискриминацию со стороны общества, для них велик риск вовлечения в криминальное сообщество.

В соответствии с требованиями норм международного права ребенок, который временно или постоянно лишен своего семейного окружения или не может более оставаться в таком окружении, имеет право на особую защиту и помощь, предоставляемые государством (статья 20 Конвенции о правах ребенка) [1]. Наиболее значимым международным документом в области защиты прав детей, нормы которого приме-



нимы на территории Казахстана, является Конвенция о правах ребенка. Ратификация Республикой Казахстан без каких-либо оговорок Конвенции о правах ребенка обозначила те границы, в рамках которых государство должно предоставить обществу гарантии обеспечения защиты прав детей.

Правовая защита охватывает все сферы жизнедеятельности ребенка: воспитание, образование, медицинское обслуживание, трудовую занятость, социальное обеспечение и др.

Немаловажной остается проблема по обеспечению детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, жильем.

Конституцией Республики Казахстан установлено, что каждый гражданин имеет право на жилище. Согласно статьи 25 Конституции Республики Казахстан «в Республике Казахстан создаются условия для обеспечения граждан жильем. Указанным в законе категориям граждан, нуждающимся в жилье, оно предоставляется за доступную плату из государственных жилищных фондов в соответствии с установленными законом нормами» [2]. Каждый ребенок имеет право на жилище в соответствии с жилищным законодательством Республики Казахстан.

К сожалению в Республике Казахстан недостаточно внимания уделяют выделению жилья детям-сиротам. Кроме того, при оформлении право собственности на жилище детей-сирот наследников уполномоченными органами нарушаются права детей и требования законодательства о регистрации недвижимости.

Данный вопрос не урегулирован ни законодательно, ни на практике. Из-за несвоевременной постановки на учет детей-сирот, они при выпуске из детского дома остаются без жилья, в результате им негде жить и они оказываются на улице.

Основным нормативным актом, регламентирующим жилищные правоотношения, является Закон Республики Казахстан «О жилищных отношениях», который регулирует отношения с участием граждан, юридических лиц, государственных органов, связанные с основаниями возникновения и прекращения права собственности на жилища и права пользования ими; осуществлением права пользования жилищами; требованиями к жилищам; контролем государственных органов за соблюдением прав граждан в жилищной сфере и использованием жилищного фонда.

Дети-сироты относятся к социально уязвимым слоям населения и ставятся на льготную очередь для получения жилья из государственного жилищного фонда наряду с другими категориями граждан, отнесенными в данную группу. Они не имеют приоритетного права в предоставлении жилья.

Дополнительные гарантии прав на имущество и жилое помещение определены в п. 2 ст. 14 Закона РК «О правах ребенка» [3]. Так, ребенок-сирота, ребенок, оставшийся без попечения родителей и находящийся в воспитательных, лечебных и других организациях, в том числе обеспечивающих временную изоляцию от общества, сохраняют право собственности на жилое помещение или право пользования жилым помещением, а при его отсутствии имеют право на получение жилого помещения в соответствии с жилищным законодательством Республики Казахстан (пп. 2 п 1 ст. 67, пп. 6 ст. 68.) [4].

Кроме того, законодательство об образовании также закрепляет гарантии на получение жилья названной категорией детей посредством закрепления нормы об обязательном государственном обеспечении жильем детей-сирот.

Вопросы ведения учета населения, нуждающегося в предоставлении жилья из государственного жилищного фонда, а также предоставление им жилья непосредственно возлагается на местные органы исполнительной власти за счет средств местного бюджета.

На органы опеки и попечительства, которые входят в структуру органов образования на местном уровне возлагается осуществление контроля за сделками купли-продажи, отчуждением доли, постановкой запрета на отчуждение (продажа, залог, дарение и другие сделки с недвижимостью), направлением охранных писем в департаменты юстиции для наложения запрета на куплю-продажу жилья, за постановкой на учет детей-сирот. Также ими должна проводиться работа по возврату и сохранению жилья детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей [5].

В любом государстве, в любом обществе особой заботой и покровительством должны пользоваться дети. В целях оказания социальной поддержки детям необходимо государству обеспечить жильем всех детей-сирот. Необходимо взять под жесткий контроль за осуществлением своевременной передачи жилья детям-сирот, в связи с этим необходимо данный вопрос урегулировать в нормативном акте.

*1 Конвенция «О правах ребенка». 20 ноября 1989 года.*

*2 Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 г.*

*3 Закон Республики Казахстан «О правах ребенка» от 8 августа 2002 г.*

*4 Закон Республики Казахстан «О жилищных отношениях» от 16.04.1997.*

*5 Анализ жилищной политики по реализации прав на жилье детей-сирот в Республике Казахстан // <http://do.gendocs.ru/docs/index-381141.html?page=2>*

## МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСТАНА В ЦЕНТРАЛЬНО-АЗИАТСКОМ РЕГИОНЕ В БОРЬБЕ С МЕЖДУНАРОДНЫМ ТЕРРОРИЗМОМ И РЕЛИГИОЗНЫМ ЭКСТРЕМИЗМОМ

**Н.С. Кужукеева** – к.ю.н., кафедра «международное право» КазНПУ им. Абая

Бұл мақалада автор Қазақстанның Орталық Азия аймағында халықаралық лаңкестікпен және діни экстремизммен күресу қызметінің халықаралық-құқықтық негіздерін талдайды. Сонымен қатар, автор ШЫҰ қызметіне назар аударып, осы ұйымның ОА бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуда, әсіресе халықаралық лаңкестікпен және діни экстремизммен күресуде алатын орны мен маңызын ашады.

**Тірек сөздер:** халықаралық лаңкестік, діни экстремизм, Шанхай ыңтымақтастық ұйымының лаңкестікпен, сепаратизммен және экстремизммен күресу жөніндегі Конвенция

The SCO can play significant role alongside NATO and in general international community. Shanghai Cooperation Organization can realize it's role by pushing the tow its observer members Pakistan and Iran to work with Afghanistan Peace process, specially Pakistan should honestly cooperate with peace talk, the success of the peace talk will be in favor of all countries, which are being affected by threats of terrorism.

A stable, developed and prosperous Afghanistan is in need of SCO member states, International community and Iran and Pakistan.

1 The official site of SCO; <http://www.sectsco.org/EN123/>

2 The Shanghai Cooperation Organization's momentum towards a mature security alliance, Paper by Dr.Marcel de hass, Netherlands Institute of International Relations, The Hague.

3 The Shanghai cooperation organization and Afghanistan: challenges and opportunities? Paper by Richard Weitz. Afghanistan Regional forum, no.3, December 2012

4 The Shanghai cooperation organization and Afghanistan: challenges and opportunities? Paper by Richard Weitz. Afghanistan Regional forum, no.3, December 2012

5 The Shanghai cooperation organization and Afghanistan: challenges and opportunities? Paper by Richard Weitz. Afghanistan Regional forum, no.3, December 2012

6 <http://www.unodc.org/unodc/en/drug-trafficking/legal-framework.html>

7 [http://www.un.int/russia/new/MainRoot/docs/off\\_news/270309/newen4.htm](http://www.un.int/russia/new/MainRoot/docs/off_news/270309/newen4.htm)

8 <http://www.unodc.org/unodc/en/drug-trafficking/legal-framework.html>

9 The Constitution of Islamic Republic of Afghanistan , January 26,2004

УДК 327 (574)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ «БАЛАМАЛЫ ЖАСЫЛ» ЭНЕРГЕТИКА МӘСЕЛЕСІ

**И.С. Дуйсенова** – Абай атындағы Қаз ҰПУ, Магистратура және PhD Докторантура институты,  
«Халықаралық қатынастар» мамандығы, 2 курс магистранты,  
Ғылыми жетекшіі: **Л.Х. Матакбаева** – с.ғ.д., доцент

Бұл мақалада автор Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігі пен және баламалық энергетика мәселесін қарастырады. Қазіргі таңда бұл адамзаттың ең өзекті мәселесі болып табылады және ол Астанада «ЭКСПО-2017» өткізу жоспарынан көрініс тапты.

**Тірек сөздер:** Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігі, баламалық энергетика мәселесі, Астанада «ЭКСПО-2017» өткізу жоспары, Қазақстанның біртұтас электроэнергетикалық жүйесі

В данной статье рассматриваются проблемы энергетической безопасности и альтернативной энергетики в Казахстане. На сегодняшний момент эта проблема является самой актуальной проблемой всего человечества, что подтверждено планом проведения «ЭКСПО-2017» в Астане.

**Ключевые слова:** энергетическая безопасность Казахстана, альтернативная энергетика, план проведения «ЭКСПО-2017» в Астане, единая электроэнергетическая система Казахстана

This article discusses the problems of energy security and alternative energy in Kazakhstan. To date, this problem is the most pressing problem of all mankind, which is confirmed by the plan of "EXPO-2017" in Astana.

**Keywords:** energy security in Kazakhstan, alternative energy, a plan of "Expo-2017" in Astana, Kazakhstan Unified Energy System

Электр энергетикасын дамытуды ішкі және сыртқы саясатымыздың аса маңызды іске асырылу керек жоба екені бәрімізге белгілі. Көршілес елдердің қуаттарын тарту арқылы өзіміздің энергиясы мол және энергиясы тапшы өңірлеріміздің арасында электр қуатын бөлу мәселесін теңдестіре шешіп, энергия үнемдейтін технологияларға көшуіміз қажет. Электр энергетикасы саласын дәйекті түрде жаңарту, қуаттардың тозуы мен жетімсіздігі проблемасын шешу, жаңа өндірістерді дамыту, жұмыс істеп тұрған жабдықтар мен электр энергиясын беретін желілерді кеңейту мен қайта жаңғырту міндеттері тұр. Бүгінгі өмірді электр қуатынсыз елестету мүмкін емес. Қала көшелерінде жарқырап жанып тұрған аспалы шамдар, пәтерлердегі тоңазытқыш, теледидар, үтік, электр плитасы мен пеші секілді кеңінен қолданысқа ие тұрмыстық заттар, ой еңбегі иесінің басты жұмыс құралына айналған компьютер мен түрлі есептеу мәшинелері – міне, осылардың барлығы электр қуатымен жұмыс істейді. Ал зауыттар мен фабрикаларда электр қуатының бірер сағатқа үзілуінің өзі үлкен дүрбелең тудырып жатады. Өйткені, олардағы кез келген өнімдер мен тауарлар электрдің қатысуымен әзірленеді.

XXI ғасырда әлемде энергетика мәселесінде үлкен өзгерістер болуда. Энергетика мәселесі ең маңызды рөл атқаратынымен қоймай, ол бүкіл әлемнің жаңа геосаяси және геоэкономикалық құрылым факторына айналды. Энергетикалық ресурстар барлық мемлекетте жаңа заман талабына сай, жаңа әлемнің даму процесіне үлкен септігін тигізді. Сондықтан энергияны, мұнайды үнемді тұтынбағандықтан, экологиялық қауіпсіздік энергия ресурсына деген бағаның күрт төмендеуі, мұнай өнімін өндіруден асып түскендігімен байланысты болып отыр. Энергия ресурстарын иелену үшін бәсекелестік күрес күрт өсті. Дамуы өз энергия ресурстарымен қамтамасыз етілмеген елдер мен ірі өңірлер санының ұлғаюынан көрінген өңірлік энергиялық теңсіздіктің өсуі энергиялық қауіпсіздікке айтарлықтай қауіп келтіріп отыр.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында: «2050 жылға қарай энергияның кем дегенде жартысын жаңартылған энергия көздерінен алуымыз керек» деп атап көрсеткені тағы бар[1]. Зерделей қарасақ, абыройдың ғана артқанын емес, ахуалымыздың да жақсара түсетінін айқын бағамдаймыз. Өйткені, жаңа дәуірге орай жаңаша бастамалар легін 2017 жылы Астанада өтетін «ЭКСПО» көрмесінен көретін боламыз. «Болашақтың энергиясы» тақырыбындағы шара Елбасы жиырма бірінші ғасырдың тап бесінші сын-қатері деп таныған жаһандық энергетикалық қауіпсіздіктің алдын алады. Бұл жөнінде елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Елдің дамудың «жасыл» жолына көшуіне Астанадағы алда тұрған «ЭКСПО-2017» қуатты серпіліс беруі тиіс. Астанада ғылым мен техниканың үздік әлемдік жетістіктері ұсынылатын болады. Көптеген қазақстандықтар біз қол созып отырған «болашақтың энергиясын» өз көзімен көре алады» дейді. Ал, меніңше, тек қазақстандықтар емес, күллі әлем халқы көре алады. Сонымен қысқасы алдағы «ЭКСПО-2017» объектілері де жаңартылған энергия қуатымен қамтамасыз етілетін болыпты[2].

Электр энергетикасы базалық салалардың бірі бола отырып, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік саласында маңызды рөл атқарады. Сондықтан электр энергетикасы Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларының бірі ретінде айқындалып, жаңа тиімділігі жоғары технологиялар мен елдің жалпы ішкі өніміндегі энергия қажетсінуді тұрақты төмендету базасында электр энергетикасының орнықты дамуы кезінде энергетика-экономика-табиғат-қоғам серпінді теңдестірілген жүйе ретінде қарастырылады [3].

Қазіргі жағдайға «энергетикалық қауіпсіздік» деген ұғымның түсінік аясы да өзгеріп отырғанын аңғаруға болады. Мәселен, бұрын бұл тұтынушыларды энергетикалық ресурстармен тұрақты қамтамасыз ету деген мәселені ғана білдіретін еді. Қазір оған қуат көздерін халықаралық нарықта өндіру, тасымалдау мен сату шаралары да қосақталып, энергетикалық қауіпсіздік үшін жауапты болатын жайттар кеңі бастады [4]. Елдің энергетика саласын дамыту ісі бұрыннан қолға алынып келеді. Солардың ішінде Қазақстанның 2020-жылға дейінгі индикативті даму стратегиясы, «2010-2014 жылдарға арналған елдің үдемелі индустриялды-инновациялық даму бағдарламасы», «ҚР электро-энергетикасын дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасы» бар [5]. Алайда қордағылар бұл құжаттардың барлығы саланы ұзақ мерзімге дамытудың барлық қырларын қамтымайды деп тұжырымдайды. Ал 1999 жылы қабылданған «Электроэнергетика саласын 2030-жылға дейінгі дамыту бағдарламасы» ескіріп кеткен. Яғни бұрынғы бағдарламаларда бүгін туындап отырған мәселелер мен қауіп-қатерлер ескерілмеген. Алайда энергетика саласында қазір шешуді талап ететін түйінді мәселелер жетерлік. Қазақстанның біртұтас электроэнергетикалық жүйесі – орталықтандырылған диспетчерлік басқаруға бағындырылған электростансалар мен жүйелердің өте ірі кешені болып табылады. Электростансалардың ең шекті қуаттылығы 19,4 гигаватт болып белгіленген. 2030 жылға қарай электр энергиясын тұтыну қазіргі 84 миллиардтан 145 миллиард киловатт/сағатына өсетін болса, оның шегінен шығып кетуі мүмкін. Қазақстандық энергетиканың қазіргі болашағы қандай болмақ? Бұл сұрақтың жауабы бізді ойландыратын мәселе болып табылады. Электр энергиясына деген күннен-күнге өсіп отырған қажеттілікті негізгі екі шешімнің арқасында қамтамасыз

ету жоспарланған. Біріншісі – қазіргі таңда жұмыс істеп тұрған электростансаларды қайта құрылымдау болса, екіншісі – жаңа стансаларды салу [6]. Дамыған елдермен салыстырғанда, Қазақстанда ДЖӨ-нің 1 долларына 5 есе көп электр қуаты жұмсалады. Энергетиканың маңызды салаларының бірі өңірлік электр жүйесі болып табылады. Кезінде Қазақстанда қуаты 110 кВт болатын ұзындығы 370 мың шақырымға созылған электр қуатын тарату жүйесі салынған болатын. Қазіргі таңда бұл айтылған электр тарату жүйесі өзінің нормативтік қызмет мерзімін толық атқарып бітті, моральдық тұрғыдан әбден ескірді. Электр стансаларын, таратушы және жылу жүйелерін қайта жарақтандырудағы қанағаттанғысыз жұмыс қуат көздерінің орасан зор мөлшерде шығындалуына әкеліп соқты. Мәселен, биылғы жылдың басындағы өндірілген энергия қуаты 18992,7 мВт болса, оның нақты тұтынылғаны 14558 мВт болды. Яғни, өндірілген электр энергиясының 23 пайызы немесе 4435 мВт шығынға ұшыраған. Қазақстанда электр энергиясының жетімсіздігі қазірдің өзінде алаңдатарлық жағдайға жетіп отыр. Энергетика саласы ешқандай резервсіз жұмыс істеуде. Сондықтан қазіргі таңда қолда бар энергетикалық қуат көздері ертеңгі энергия тұтыну мөлшерін қанағаттандыра алмайды. Жұмыс істеп тұрған электр стансаларын қайта жарақтандыру және жаңа электр стансаларын салу қазір еліміз үшін кезек күттірмес өміршең міндетке айналды [7].

Алайда кез келген ЖЭС-ке қаржы салынбайтыны анық. Құрал-жабдығы ескірген стансаларды қайта жөндегеннен гөрі, жаңасын салған тиімдірек. Балқаш ЖЭС-нің бірінші блогы 2017-2018 жылдары іске кіріседі деп жоспарланған. Болашақта бұл жүйені Торғай ЖЭС-де де қолдану көзделген. Ал Батыс аймақта «Қазатомпром» МАЭК стансасын пайдалану мерзімі аяқталып келе жатқандықтан, Ақтау атом электр стансасын салу жоспарланған. Жапониядағыдай қасіретті апат болмас үшін бұл бағытта соңғы үлгідегі заманауи технологиялық шешімдер қолданылатын болады. 20-50 жыл бұрын салынған ядролық бастауларды пайдаланудың қайғылы оқиғаларын ескерсек, қазақстандық атом энергетикасын дамытудың негізгі шарты – қауіпсіздік болу керек [8].

Үкіметіміз Қазақстанда баламалы жаңартылатын энергетиканы дамытудың 2020 жылға дейінгі жоспарын бекіткені белгілі. Қазақстанда 2013-2020 жылдарға арналған баламалы және жаңартылатын энергетиканы дамыту шаралары жоспары бойынша 2020 жылға қарай біз жаңаратын энергия көздері 1040 МВт қуат көлемінде болады деп күтудеміз. Оның ішінде 13 жел стансасы (793 МВт), 14 ГЭС (170 МВт), сондай-ақ 4 күн электр стансасы (77 МВт) жасақталатын көрінеді. 2015 жылға дейін республикада жалпы белгіленген қуаты 100 МВт-тан жоғары, электр энергиясының болжанатын жасалуы – 300 млн. кВт.ч. жаңа шағын ГЭС пайдалануға ендіру жоспарлануда. Қауіп-қатері төмен энергия қорларын кәдеге жарату маңызды әрі басты орынға шықты. Қазақстан Республикасына жаңартылған баламалы энергетикаға көшу басты мәселе болып тұр. Жел энергетикасы дамыту, еліміздің қай аймағын алып қарасаңыз да анырып тұрған жел, күн сәулесінің энергиясын да қалағанымызша алуға болады, әсіресе республикамыздың оңтүстігінен. Жалпы елімізде баламалы энергетика көзі аз емес, оның үстіне бұлар экологиялық таза, әрі автономды түрде әркім өзінше пайдаланады, бір рет орнатады қондырғыны, әрі қарай керегінше энергия жұмсайды.

Атомдық энергетиканың дамуы, нәтижесі келешекте энергия өндірісінің әртараптандыруынсыз мүмкін болмайтын, елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Бұл шикізатқа бағаның мүмкін болу тербелістерінде және болжамдалған электр энергияға қажеттіліктің бірнеше рет өсуі үлкен артықшылық болып табылатын шарттарда, электр энергия импортына тәуелділікті төмендетіп немесе толығымен жоюға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда АЭС ең таза экологиялық энергия өндірушілердің бірі. Ядролық энергетика өндірілген энергия көлемін, экологиялық теп-теңдікті бұзбай ұлғайтуға мүмкіндік береді дегенімен зиянды жақтары артығырақ [9].

Радиация алған жанар май қауіпті, қайта өңдеу және сақтау бойынша күрделі әрі қымбат шараларды қажет етеді. Ықтималдығы төмен оқиғаларда олардың зардаптары аса қауіпті. Үлкен көлемді қаржы жұмсау АЭС-тің өзіндік кемшіліктері болып табылады [10]. Экологияның бұзылғаны соншалық, жер жаһанды көмірқышқыл газы басып, ауаның ластануынан жасыл желектің 70 пайызы уланған, планета қызып келеді, адамзатқа үлкен қауіп төніп тұр. Сондықтан атом электр станциясын салуға қатысты жүріп жатқан шараларға бірқатар шет мемлекеттердің қарсы болып жатқаны бізге мәлім. Ол мәселеге мысал ретінде Германия алдағы 10-15 жылда одан толық бас тартпақшы, жел, күн станцияларын жаппай салуда, ғылыми жұмыстарын шығаруда, тәжірибелерін көбейтуде. Жалғыз Франция ғана әлі ойланып отыр, жапондар да Кукусима станцияларындағы апаттан кейін мәселеге басқаша көзқарас танытуда. Қазір Германияның жел станциялары мен күн жүйелерін орнатуға қатысты ауқымды жобалары іске асырылуда, біздің елгеде сол жобаларды алып келу керек делінді [11].

Алайда, Қазақстанның қазіргі электр энергиялық рыногында жел энергетикасының ресурстары мүлде пайдаланылмайды. Оның басты себебі, электр энергетикалық рыноктағы жел энергетикасы бәсекелестігі-

нің төмендігі болып отыр. Жел электр стансаларын салу арқылы жел энергетикасын дамытуға жұмсалатын инвестицияның қайтарымын есептегенде, 1 кВт/сағ. электр энергиясының құны 8-10 теңге болатын көрінеді. Ал қазіргі уақытта электр энергиясын өндіруші ұйымдар шығаратын 1 кВт/сағ. электр энергиясының құны 2-4,5 теңгені құрайды. Ал 2015 жылға таман дәстүрлі энергия өндіруші мекемелердің шығаратын электр энергиясының құны Оңтүстік өңірде 5,5 теңге, Батыс өңірде 5,6 теңге, Ақмола облысында 5,5-7,9 теңге болады деп күтілуде. Міне, осыдан-ақ жел электр стансаларын салуға жұмсалатын инвестицияны қайтарғаннан кейін жалпы электр энергиясын өндіру рыногында жел энергетикасына бәсекелестік болмайды. Қазақстанның басым өңірлері бір орталықтан өндірілетін электр энергиясын тұтынады. Бұл электр қуатын тарату үшін 370 мың километр тарату жүйесі салынған. Міне, осындай қашықтыққа созылған электр қуатын тарату жүйесінің тиімділігі төмен. Электр энергиясын тарату кезінде шығындалатын энергия қуаты 25-40 пайызды құрайды. Сонымен бірге бірқатар селолық өңірлердегі электр тарату желілері ескірген. Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегі бойынша, елімізде 255 ауылдық елді мекендері орталықтандырылған электрмен жабдықтау жүйесіне қосылмаған. Оған қазіргі уақытта құрыла бастаған көптеген фермерлік шаруашылықтарды қоссақ, қаншама елді мекеннің орталықтандырылған электр қуатымен қамтамасыз етілмейтінін байқаймыз. Осы орайда әр өңірдің табиғи мүмкіндіктеріне сәйкес салынатын жел электр стансаларының тұрғындарды электр қуатымен қамтамасыз етудегі аса зор мүмкіндіктерін болжауға болады.

Қазақстанда электр энергиясын өндірудің балама көздерінің бірі ретінде таяу болашақта жел энергетикасына басымдық беріліп отыр. Онымен қоса жел энергетикасы саласын дамыту энергия өндірудің басқа балама көздерімен салыстырғанда шығынды аз қажет етеді. Жел энергиясын өндіру жөнінде әлемде қалыптасқан бай тәжірибенің де бұл саланы жетілдіруге оң ықпал ететіндігі сөзсіз. Елімізде 2015 жылға таман жалпы қуаты 300 мВт болатын жел электр стансаларын салу көзделінуде. Атап айтқанда, Жоңғар қақпасында қуаты 50-100 мВт, Шелек дәлізінде 100-200 мВт, Астана қаласында 20 мВт болатын жел электр стансаларын салу жоспарланған.

Жел энергетикасын пайдалану шалғай жатқан ауылдар үшін тиімділігінің бір мысалы, электр желілерін салуға қаржы көп жұмсалыуы. Оның үстіне алыс қашықтықтағы ауылдарға жарық жеткізу кезінде электр жоғалуы арта түседі. Өңірге жеткілікті энергия бере алатын жел қондырғыларын орнатуға болады. Біршама ауылдар орталықтандырылған электр желісіне қосылмаған. Осындай аймақтарға жел қондырғыларын орнату қымбатқа түскенімен, халыққа тиімді. Жаңғыртылатын электр энергия көздерін қолданудың басты артықшылығы – сарқылмайтындығында. Сонымен қатар қоршаған ортаға зиянсыз, табиғи тепе-теңдікті сақтап, балансты, үйлесімділікті бұзбайды. Бірақ біздің елде дәстүрлі арзан энергетика қоры мол. Мұнайдың қоры 50 жылға, көмір қоры 150 жылға жетеді. 2030 жылдардың өзінде жобалар бойынша 75 пайыз электр энергиясы дәстүрлі энергетикадан алынады деген болжам бар. Жел энергетикасының да өзіне тән кемшіліктері бар. Турбиналардың қалақшалары айналғанда, ауамен әрекеттесіп шу шығарады. Шудың деңгейі адам ағзасына зиян болмау үшін тұрғындардан белгілі бір қашықтықта орналасуы керек. Қондырғы айналғанда, жерге діріл беріледі. Мұның да денсаулыққа, психикаға зияны бар. Діңгек түрінде бірнеше жел қондырғысы орнатылып, ол желмен айналғанда, сырт адамның қабылдауына, көзінің үйренуіне де уақыт керек. Яғни адам бойында қандай да бір қорқыныш пайда болуы мүмкін. Қыс кезінде қалақшаларға мұз қатады, ол ұшып кетсе, сол маңдағы адамдарды жарақаттауы мүмкін. Қондырғылар орнатылғанда, біраз жерді алады. Әсіресе күн энергиясын пайдалану кезінде үлкен панельдер қойылады. Олар өте үлкен аумақты қажет етеді. Қапшағайда салынғалы жатқан 2 МВт күн энергиясы стансасы бірнеше гектар жерді алады. Бірақ Қазақстанның жері кең, халқының саны аз. Сондықтан жерді баламалы энергия стансаларын салуға ешқандай қиындықсыз пайдалануға болады. Шетелде желдің жылдамдығы аз, бізде жел жылдамдығы 4-5 м/с асатын жерлер өте көп. Өз елімізде жел қондырғысын орнатуға болады деген сегіз аймақ белгіленген. Оның ішінде Шелек аймағы, Алакөлдегі Жоңғар қақпасы, Қордай, Оңтүстік Қазақстан жеріндегі Жүзімдік, Ерейментау, Атырау, Қарқаралыға қоямыз деген болжамдар бар. Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің мәліметі бойынша, Корея елінен үлкен көлемдегі жел электр стансаларын салуға ұсыныс түсті деген хабар бар. Маңғыстауда 19,5 МВт, Алматы облысы Шелек ауданында 51 МВт станса салуға ынталы Кореямен алдағы уақытта тығыз жұмыс жасалмақ [12].

Энергетиканы дамыту елдің тәуелсіздігін нығайтудың негізгі факторы. Энергетика мәселесі әрбір жеке адамға қатысты себебі ол экономиканың ғана емес ол сонымен бірге экологияның да мәселесі сондықтан да біз энергия ресурстарын дұрыс пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды ескеруіміз қажет. Әрбір елдің ұлттық қауіпсіздігі оның энергетикалық қауіпсіздігінің деңгейімен анықталады. Энергетикалық қауіпсіздіктің негізгі субъектісі болып мемлекеттік органдар. Әр түрлі деңгейдегі энергетикалық қауіпсіздік саласындағы барлық шараларды іске асырады, яғни жалпы ұлттық, аймақтық және жергілікті деңгейлерде.

1 2050-стратегиясы Қазақстан халқына жолдауынан.

2 [www.astana-akshamy.kz](http://www.astana-akshamy.kz)

3 "Kazakhstan Today"

4 [ru.wikipedia.org](http://ru.wikipedia.org)

5 Қазақстан Республикасында 2010-2014 жж. энергетикалық саланы дамытудың 2020 ж дейінгі бағдарламасы.

6 <http://aikyn.kz/articles/view/31341>

7 <http://www.egemen.kz>

8 <http://aikyn.kz/articles/view/31341>

9 Қазақстандағы атомдық энергетика <http://old.kazatomprom.kz/>

10 Атомдық энергетика <http://www.powerexpo.kz/ru/nuclearpower;>

11 "Жебе" газеті, 21 қараша 2013 жыл.

12 <http://kaz.classtime.kz/node/1689>

УДК 327 (574)

## ДИНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ – АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ, АСА КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ӘРІ ӘЙГІЛІ ДИПЛОМАТ РЕТІНДЕ

**Т.З. Төлегенов** – Халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы, Абай ат. ҚазҰПУ,  
**Д.Жарасов** – Халықаралық қатынастар бөлімінің 3-ші курс студенті, Абай ат. ҚазҰПУ

Мақала қазақ халқының ардақты ұлы, мемлекеттіміздің бірінші басшысы және үлкен әріппен жазылатын дипломаты – Динмухаммед Ахмедұлы Қонаевқа арналды. Д.А. Қонаевтың барлық саналық көпқырлы қоғамдық-саяси қызметі халыққа адал қызмет жасауға арналды.

**Тірек сөздер:** Алаштың ардақтысы, халқымыздың біртуар перзенті, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үлкен әріппен жазылатын дипломат – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев, әлемнің әйгілі саяси қайраткерлері Қонаев туралы

Статья посвящена славному сыну казахского народа, первому руководителю государства и дипломату с большой буквой – Динмухаммед Ахмедовичу Кунаеву. Вся многогранная общественно-политическая деятельность Д.А. Кунаева была посвящена делу служению народа.

**Ключевые слова:** Конаев – славный сын казахского народа, первый руководитель государства и дипломат с большой буквой, выдающие мировые политические деятели о Кунаеве

The article is devoted to the glorious son of the Kazakh people, the first head of state and diplomat with a capital letter - Dinmuhammed Akhmedovich Kunayev. All multifaceted political activity D.A. Kunaev was dedicated to serving the people.

**Keywords:** Konaev – the glorious son of the Kazakh people, the first head of state and diplomat with a capital letter, outstanding politicians of the world Kunayev

Алаштың ардақтысы, халқымыздың біртуар перзенті, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты жиналыста Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Дінмұхамед Ахметұлы – айрықша ардақтауға лайықты аса көркем қайраткер. Сондықтан, біз оны Тәуелсіздікке дейінгі тарихымыздың тегеурінді тұлғасы деп бағалауымыз керек. Дінмұхамед Қонаевтың үлкен мәдениеті, терең білімдарлығы мен мол өмірлік тәжірибесі ерекшелік тұратын. Ол өзіне біздің халқымыздың, сол уақыттағы қазақ зиялыларының ең жақсы қасиеттерін сіңіре білді» – деп, сөзін бастаған еді. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – өз заманының перзенті болған ірі тұлға, көрнекті қайраткер. Бұл есімді білмейтін қазақ жоқ десек, қателеспейтін шығармыз. Қонаев жоғары қызметке келген уақытың аса күрделі де, күрмеулі, қайшылығы көп кезең болғанын білесіздер. Бірақ, осындай қайшылықтарға қарамастан, Қонаев елдің дамып, алдыңғы қатарға шығуы үшін қолынан келгенін жасады. Елімізде құрылыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы салаларының дамуы қарқыны байқалды. Елсіз жерлерде жаңа қалалар мен елді мекендер пайда болды. Сонымен қатар, Дінмұхамед Ахметұлы ғылымның, өнер мен мәдениеттің қарыштап қанат жаюына өлшеусіз еңбек сіңірді.

Халық арасында Димаш атанған, бұл ардақты да, асыл адамның жеке өміріне қысқаша тоқтала кетсек. Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы ата-анасының үлкен үміт күттірген, болашағы зор ұлы еді. Ол 1912 жылдың 12 қаңтарында Алматы қаласында қызметкерлер отбасында дүниеге келіп, жасынан білімге аса зерек болады да, 1930 жылы Мәскеу қаласындағы түсті металдар мен алтын институтына оқуға түседі. Болашақ ғалым еңбек жолын Балқаш мыс комбинатының Қоңырат кенішінде бұрғылау станогінің машинисі болып бастайды, одан цех бастығы, сол кеніштің бас инженері, кейін директоры болып қызмет

атқарады. «Алтайполиметалл» комбинатында, Риддер кенішінде, Лениногор кен басқармасында басшы қызметтер атқара жүріп, ғылым саласында жасаған ерліктері де өте көп. 1968 жылдан техника ғылымдарының докторы. Дінмұхамед Ахметұлы өмірінің 45 жылға жуығын ел басқару ісіне арнады, 25 жылдан аса Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Тау ерен еңбегі таусылмайтыны ақиқат. Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын алған, сегіз рет Ленин орденімен марапатталған жанның рухани жан дүниесі бай, терең ілімді ғалым екендігін де атап өткен жөн.

Дінмұхамед Ахметұлы басшылық жасаған жылдары Қазақстан Республикасының абыройы асқақтап, дамыды. Ол ел басқару ісіне білікті, білімді мамандарды тарта білді. Д.Қонаев өз еліне, жеріне деген шынайы сүйіспеншілігі арқасында халықтың ықыласына бөленген адам. Ол ғылымға көп көңіл бөлді. Жалынды жастардың ғылым-білім қууына көп қамқорлық танытқан жан. Үндістанның тәуелсіздігін алып, көркеюіне, оның кең қанат жайып, әлемнен өз орынын алуына теңдесіз күш салған үнді халқының көсемі Джавахарлал Неру Димаш Қонаев туралы былай деген екен: “Мейірім-шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан асқан арман жоқ. Сол халық – қазақ халқы. Елінің өткенін ұмытпай, келешегі үшін қалтқысыз еңбек еткен перзенті бар халық та бақытты. Сол перзент – Д.Қонаев”. Нерудың бұл сөзі бүкіл қазақ халқын арқаландырып, өз ұлтын мақтан тұтатын жағдайға жеткізеді. Таулар алыстаған сайын асқақтай түсетіні ақиқат. Қазақ үшін Д.Қонаев – тау тұлға. Қанықпаған құлақ пен айтылмаған ауыз қалмаған ерен есім. Қазақ қана емес, өзге ұлт та ұлықтай түсетін басшының қамқорлығына бөленгендер басым. Дінмұхамед Ахметұлының елі үшін, жері үшін атқарған жемісті жетістіктерін саралап, санап айту мүмкін емес. Өз уақытында Брежневпен етене достық қарым қатынаста болып, көптеген ел басшыларының құрметіне ие болған Қонаевтың дипломатия саласында атқарған еңбектерін, дипломатиялық сапарларын көп адам біле бермейді.

Дінмұхамед Қонаевтың алғашқы дипломатиялық сапарлары және шет елдегі кездесулері кеңес үкіметінің басшы делегациялары қатарында басталды. Әр сапарлары өзіндік ерекшеліктерімен көрініп, қызықты болғаны сансыз. 1960 жылдың қаңтарында Қонаев, кеңес билік басшыларының құрамында АҚШ-қа сапар жасады. Бұл, кеңес делегациясын Нью Йорк қаласында, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының БҰҰ-дағы тұрақты өкілі А.А. Соболев және БҰҰ-ның бас хатшысының орынбасары А.Ф. Добрынин қарсы алды. Истривер алып ғимаратындағы БҰҰ-ның штаб-пәтерін көріп, БҰҰ-ның бас хатшысы Хаммаршельданың кабинетіндегі Эндрю Кордемен кездесу кеңес делегациясы мүшелерін қатты таң қалдырды. Сол күні, Нью Йорк қаласының губернаторы, атақты миллиардер Н.Рокфеллер делегацияны қабылдады. Американдықтардың бастамасымен АҚШ-тың жоғарғы сотының өкілі Э.Уорренмен кездесіп, кейін Америка Құрама Штаттарының бас хатшысының К.Гертердің қабылдауында, Қонаев жерлесі М.Әуезовті кездестіріп, таң қалған болатын. Бұл сапардың соңында, яғни 1960 жылдың 18 ақпанында, кеңес делегациясын АҚШ президенті Д.Эйзенхауер қабылдаған болатын.

1966 жылдан бастап, Дінмұхамед Ахметұлы аз уақыт ішінде, мұсылман мемлекеттері Алжир, Иран, Египетте сапармен барды. 1970 жылы Д.Қонаев Египетке Кеңес Одағы парламенттік делегациясын бастап апарды. Каирдегі қаланы таныстыру бағыты бойынша ұйымдастырылған серуеннен кейін, Біріккен Араб Республикасының (Қазіргі Египет) бұрынғы президенті Анвар Садатпен кездесті. Әңгіме барысында Анвар Садат КСРО-мен Араб республикасының арасындағы қарым-қатынасты дамытуды атап өтіп, осы сапарда араб халқымен жиі кездесіп, БАР-ның Кеңес халықтарына деген достық көзқарастарына көз жеткізуді сұрап, тілек білдірген еді.

КСРО-ның Жоғарғы кеңесінің, КОКП ОК-нің тапсырмалары бойынша Д.Қонаев 1970-1978 жылдар арлығында Урагвай, Италия, Индия, Корея мемлекеттерінде іскерлік сапармен болды. 1971 жылы КОКП-ның делегациясымен, Италия Кеңес партиясының елу жылдығы мерейтойына барса, 1978 жылы Кореяда ел басшысы, Ким Ир Сеннің қабылдауында болған.

Брежнев бастаған Кеңес үкіметінің, Үндістанға баратын сапарына Д.Қонаевты 24 қараша күні арнайы, жедел Мәскеуге шақыртып алады. Д.Ахметұлы партиялық-үкімет басшылар қатарында Үндістанға аттанады. Индира Ганди қарсы алып, кейін Л.Брежнев құттықтау сөзін сөйлейді. Гандимен болған келіс-өз өте жоғары дәрежеде өтеді. Кеңес делегациясы Достық үйінде мемлекет басшысымен кездесу болып, 30 қарашада Мәскеуге қайтып оралады. Д.Қонаев 1974 жылы Л.Брежнев, А.Громыко, Т.Усубалиевпен бірге Монғолия астанасы Ұлан Батырда мемлекет басшысымен кездесуге барған делегация қатарында болды.

Дінмұхамед Қонаевтың дипломатиядағы бәсекеге қабілетті адам ретінде, халықаралық қатынастарда атқарған еңбектері өте зор. Өзі басшылық қылып, Иранға барған сапары туралы толық айта кетсек. 1968 жылы қаңтар айында КСРО Жоғарғы Кеңес қаулысымен Д.Қонаев Иранға Кеңес Одағы парламенттік делегациясын бастап апарды. Сол уақытта Иран елі мемлекет болып құрылуының 2500 жылдығын тойлаудың алдында ерекше бір мерекелік көңіл-күйде болатын. Иран мұсылман елі – Кеңес делегациясын зор

құрметпен қарсы алады. Иран астанасы Тегеранда құрметті қонақтарды қабылдау мен қонақасы беру – алғашқы күннен-ақ басталып кетті. Екі ел арасындағы қарым қатынасқа, достыққа байланысты әңгімелер, ежелгі Шығыс салты сақталып, кең жайылған дастарқан басында жалғасты. Д.Ахметұлы Иран премьер-министр Әмір Аббас Ховейдмен, сенатор Амонолла Жаханбанимен кездесулер өткізді. Екінші күні Кеңес делегациясы Иранды аралау сапарын бастады. Димаш Ахметов өзі жазған естелігінде алдымен Иранның өзі барған уақыттағы саяси өміріне шолу жасап, тарихына да тоқталады. Иранға келген делегация, алдымен, Реза Пехлеви мазаратына келіп, тағзым етті. Қонақтар мазар тұрған жерге келіп, Реза шаһтың атақ-даңқы туралы мәлімет алады. Реза Пехлевидің бойының ұзын болғанын және қару жарақты көп жинап, сансыз медальмен орденге ие екеніне көз жеткізеді. Реза шаһтың мұрагері Мұхаммед Реза Пехлеви шаһ делегация басшысы Д.Ахметұлын қабылдап, едәуір сұхбаттасады. Д.Қонаев атақты Ниаваран сарайында байлық пен сән-салтанатқа қайран қалады. «Алтынмен апталып, күміспен күптелген» орданы тұңғыш көруім. Кірсе шыққысыз деп сірә, осындай үлде мен бүлдеге оралған жерді айтатын шығар» деп, еске алады өзінің естелігінде. Мемлекет басшысы алтыны жарқыраған сарайында отырып, Димаш Ахметұлымен бір сағаттай әңгімелеседі. Елдің ішкі жағдайын толықтай баяндап, Иранда «Ақ революция» атанған төңкеріс жөнінде айтады.

Кеңес үкіметінен бұрын патшалық Ресей империясы да бұл елмен тығыз дипломатиялық қатынаста болған. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі «Тегеран конференциясы» КСРО мен Иран арасындағы қарым-қатынастың қандай болғанынан хабар береді. Д.Қонаевтың сапары кезінде Иран елінде қырғи қабақ соғыстың күшейіп тұрған кезі болатын. Осы елдің мұнайы үшін АҚШ үстемдік құра бастап, әлем капиталистік және социалистік жүйе болып екіге бөлінген еді. Мұхаммед Реза делегация басшысынан Чехословакиядағы оқиға байланысты сауалдар қойып, түпкілікті сұрайды. Д.Қонаев Кеңес елшісі екеуі бұл оқиғаның мән-жайын егжей-тегжейлі түсіндіріп, ұтымды жауап береді. Туа біткеннен «дипломаттық қасиеті» бар басшыға көңілі толған Иран шаһы Қонаевтың сенатта сөз сөйлеуін сұрайды. Кейін Д.Қонаев сенатта сөз сөйлеп, терезесі тең, өзара сыйластығы бар достық жайында әңгімелеп, Кеңес-Иран қарым-қатынасын жақсартуға байланысты әңгімені баяндайды. Кеңес басшысының Сенатта сөйлеген сөзі ертеңінде Тегеранның барлық газеттерінде жарық көрді.

Осы таңғажайып мұсылман мемлекетінің біраз ежелгі шаһарларын аралаған Д.Қонаев «Исфаһан, Шиروز, Аббадан шаһарларын аралап, Парсы шығанағындағы Харк аралын тамашалаған тұста, қуана көріп, сүйсіне таңданған шақ аз болған жоқ» – деп әсерлі ойын осылай түйіндейді. Д.Ахметұлы Ирандағы атақты мешіттер мен ғибадатханаларды, Шираз қаласында атақты Хафиз ақынның зираты мен мұражайын көреді. Кеңес үкіметіне елеулі үлес қосқан Қонаевтың Иранға барған сапарына байланысты мұсылман елдеріне аңыз болып тарап кеткен бір оқиға бар. Иран мемлекетін аралап жүргенде «Сіз мұсылмансыз ба?» – деп сауал білдіреді Ислам жолын ұстағандар. Димаш Ахметұлы «Әлхамдулилла мен мұсылманмын» дейді. «Бұл өзі тегін адам болмады» деп Қонаевқа қайран қалады олар. Д.Қонаевтың жүрегінде жаратушы Алла тағалаға деген сүйіспеншілігі бар екенін сезіп, одан сайын құрмет көрсетеді. Димекен өзіндік құран оқу мәнер – қирағатыменде ерекшеленген. Ирандықтардың сенімсіздігін жойып, мұсылмандығын дәлелдеу үшін Құран сүрелерін жатқа оқып береді. Осылайша бұл оқиғаны бірінен-бірі естіп, мұсылман елдеріне аңыз болып тарайды. «Дінмұхамед» деп азан шақырып қойған аты да оның о бастан мұсылман екенін айғақтап, Иран зиялы қауымының арасында ерекше құрметке ие болды.

Кейін Иран шахы Алматыға жеке сапармен келіп, Д.Қонаевпен ел аралап, сұхбаттасып, Димекен Ирандағы қазақтардың жайын сұрайды. Шах бұл міселенінің шешімін толық білмейтінің, елге барғасын арнайы қазақтарды тауып, кездесуді уәде қылады. Д. Қонаевқа берген уәдесін «құдай сөзі» деп есіне сақтаған Мұхаммед Реза қазақтар жайында толық біліп, Ирандағы Горган облысында тұратын қазақтардың ақсақалдарын «патша ордасына» арнайы шақырады. Шах Қазақстанға барғанын, ел басшысы әлемге аты әйгілі Саясибюро мүшесі Дінмұхамед Қонаевтың қабылдауында болғанын ерекше еске алып, әңгімелейді. Осы кездесуге қатты риза болған қазақтар патшаны «қазақ ауылына» қонаққа шақырады. Кейін патша мен оның әйелі Мәлике қазақтар тұратын Горган қаласына келіп, олармен кездесіп, онда жанадан ашылған мешітке кіріп, Иран кілемін тарту етеді.

Ирандағы қазақтарға байланысты олардың тағдырын ойлаған Димекен қатысты бұл оқиға «Иран шаһының кілемі» деген атпен кезінде белгілі басылымда жарияланған болатын. Осы сапарды қортындылай келе КСРО-мен Иран арасындағы екі жақты байланысты дамыту жолының ашық , мемлекеттер халқының достық қарым – қатынасынқа құштар екенің сенімді түрде айтуға болады.

Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев қазақтың мыңжылда бір туатын қайталанбас перзенті. Халқы еркелетіп, Димаш деп атаған ардақты азаматының, ел жағдайын жақсартуға атқарған еңбектерімен қатар, халықаралық қатынастар саласында да жеткен жетістіктері өте жоғарғы бағаға ие. АҚШ президенті

Д.Эйзенхауэр: «Ол КСРО-ның сирек кездесетін тұлғасы», – деп кезінде Қонаевты осылай бағалаған еді. Ел еңсесін асқақтатқан ардақты да, асыл ұлын, қазақ халқы ешқашан ұмытпайтынына мен сенемін.

Қонаевтың рухы – қазақтың рухы.

УДК 327: 341.43

## УЧАСТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОМ СОТРУДНИЧЕСТВЕ ГОСУДАРСТВ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА

**А.Д. Бойко** – студентка 2 курса, специальность “Международное право”,  
Научный руководитель – д.ф.н., ассоц. профессор – **Ш.А. Сабитова**

Білім беру кеңістігін қалыптастыру мәселелері бойынша мемлекеттердің халықаралық-құқықтық әріптестігіне Қазақстан Республикасының қатысуы жоғары білімнің сапасың және халықаралық еңбек нарығында мемлекеттің жоғары оқу орының түлектердің бәсекеге жарамдылықты көтеруге жолданады.

**Тірек сөздер:** білім беру кеңістігін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының білім беру кеңістігін қалыптастыруға атсалысуы, Лиссабон хаттамасы, Болон үдерісі

В статье одной из основных проблем международного сотрудничества в области образования является интеграция системы высшего образования Казахстана в мировое образовательное пространство, участия Республики Казахстан в международно-правового сотрудничества в области образовательного пространства, направленного на совершенствование качество высшего образования и конкурентоспособности выпускников высших учебных заведений на международном рынке труда.

**Ключевые слова:** формирование мирового образовательного пространства, участие Казахстана в формировании мирового образовательного пространства, Лиссабонский протокол, Болонский процесс

The article one of the major problems of international cooperation in the field of education is the integration of the higher education system of Kazakhstan into the world educational space participation of the Republic of Kazakhstan in the international legal cooperation in the field of educational space aimed at improving quality of higher education and competitiveness of graduates of higher educational institutions on the international labor market.

**Keywords:** formation of world education, Kazakhstan's participation in the formation of world education, the Lisbon Protocol, the Bologna process

Президент нашей страны Н.А. Назарбаев в Послании своему народу "Казахстан-2050. Единая цель, единые интересы, единое будущее" четко определил миссию государства и стратегические приоритеты развития республики на будущие десятилетия, где образование и наука поставлены во главу угла. Знания и профессиональные навыки – ключевые ориентиры современной системы образования, подготовки и переподготовки кадров. Чтобы стать развитым конкурентоспособным государством, мы должны стать высокообразованной нацией.

В современном мире простой поголовной грамотности уже явно недостаточно. Наши граждане должны быть готовы к тому, чтобы постоянно овладевать навыками работы на самом передовом оборудовании и самом современном производстве [1]. Так как в ближайшие годы мировое лидерство в хозяйственной, социальной, культурной и других жизненно значимых областях будет принадлежать странам с преимущественно развитым интеллектуальным потенциалом.

"Мировое сообщество на пороге XXI века выдвинуло программу устойчивого человеческого развития, являющуюся венцом постиндустриальной концепции. Глобальными факторами перспективного развития современного общества заявлены образование, наука, демографическая устойчивость человека. Не может быть развитого государства без развитого образования" [2].

"В новых условиях нас должна объединить идея формирования не просто образованного, профессионально подготовленного человека, а личности с богатым духовным и социально-нравственным потенциалом, способной воспринимать и развивать национальные и мировые достижения во всех сферах общественной жизни" [2].

Одной из важнейших задач международного сотрудничества в области образования является интеграция системы высшего образования Казахстана в мировое образовательное пространство. С этой позиции особую значимость приобретает работа по признанию казахстанских документов об образовании и аналогичных иностранных документов в Казахстане. Данному процессу способствует подписание 11 апреля 1997 года, ратификация и утверждение Указом Президента РК от 13 декабря 1997 года Лиссабонской конвенции о признании квалификаций, относящихся к высшему образованию, Конвенции о признании



учебных курсов, дипломов о высшем образовании и учёных степеней в государствах Азии и Тихого океана, Конвенции о борьбе с дискриминацией в области образования. В этой же связи планомерно продолжается работа по подписанию двусторонних соглашений по признанию документов об образовании со странами, не подписавшими указанный рамочный документ, и странами, которые не присоединились к каким-либо международным соглашениям. Кроме того, между Правительствами Республики Беларусь, Кыргызской Республики, Российской Федерации и Правительством Республики Казахстан подписано Соглашение о взаимном признании и эквивалентности документов об образовании, ученых степенях и званиях от 24 ноября 1998 года. Данное соглашение депонировано в Министерстве иностранных дел Казахстана и вступило в силу 1 октября 1999 года. Также в Астане, 15 ноября 2004 года было подписано соглашение между странами СНГ о взаимном признании и эквивалентности документов о среднем (общем) образовании, начальном профессиональном и среднем профессиональном (специальном) образовании [3].

11 марта 2010 года Комитетом Министров образования стран-участниц Болонского процесса (46 стран) было принято решение о присоединении Казахстана к Болонскому процессу.

Цель участия Казахстана в Болонском процессе – расширение доступа к европейскому образованию, дальнейшее повышение его качества, а также повышение мобильности студентов и преподавательского состава посредством принятия сопоставимой системы ступеней высшего образования, использования системы кредитов, выдачи выпускникам казахстанских вузов общеевропейского приложения к диплому.

В соответствии со взятыми на себя обязательствами по присоединению к Болонской Декларации, Казахстан должен до 2020 года осуществить ряд мероприятий. Болонской декларацией устанавливается принятие системы легко понимаемых и сопоставимых академических степеней, основанных на двух основных циклах – достепенном и послестепенном. В этой связи в Казахстане с 2004 года введена многоступенчатая структура высшего и послевузовского образования: бакалавриат-магистратура-докторантура (PhD). Данная структура нашла свое правовое закрепление в новом Законе Республики Казахстан «Об образовании» [4].

Согласно Болонской Декларации признание образовательных программ обеспечивается введением системы зачетных единиц или кредитов. Поэтому для международного признания национальных образовательных программ, обеспечения мобильности студентов и преподавателей, а также повышения качества образования и обеспечения преемственности всех уровней и ступеней высшего и послевузовского образования в вузах республики внедрена кредитная технология обучения.

Присоединение Казахстана к Болонскому процессу позволит обеспечить признаваемость казахстанских образовательных программ, учебных планов, академическую мобильность студентов и преподавателей, конвертируемость отечественных дипломов в европейском регионе, право выпускников на трудоустройство в любой стране. «Академическая мобильность» отличается от традиционных зарубежных стажировок прежде всего тем, что, во-первых, студенты едут учиться за рубеж хоть и на ограниченные, но длительные сроки – от семестра до учебного года, и, во-вторых, во время таких стажировок они учатся полноценно, не только изучают язык и ознакомительно отдельные дисциплины, а проходят полный семестровый или годичный курс, который им засчитывается по возвращении в базовый вуз. «Базовым вузом» мы предлагаем называть тот вуз, куда студент поступал и чей диплом он изначально хотел получить.

Вступление Казахстана в Болонский процесс открывает большие возможности для казахстанских университетов в реализации совместных образовательных проектов, такие как двудипломное образование, взаимное признание академических курсов, международных аккредитации и др.

С 2009 года 5 национальных университетов Казахстана (КазНУ им. аль-Фараби, КазНТУ им. Сатпаева, КазНПУ им. Абая, КазНАУ, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева) начали прохождение международной аккредитации по 10 образовательным программам. Заключены договора между названными вузами и зарубежными аккредитационными агентствами ASIIN (Германия), ACQUIN (Германия) и АБЕТ (США). В настоящее время вузы проходят консультационный этап и процедуру самооценки. В рамках развития международных связей отечественных вузов с зарубежными университетами осуществляется программа «двудипломного» образования, когда выпускник получает на руки два диплома – казахстанского вуза и вуза-партнера.

В настоящее время программа двудипломного образования реализовывается в 37 вузах и осуществлен выпуск в следующих вузах: Евразийский национальный университет им. Л.Гумилева – 31 человек (по специальности Экология с Университетом Нью-Мексика (США); Казахский национальный технический университет им. К.Сатпаева – 6 человек (по специальностям Экономика и Информационные системы совместно с Американским университетом в г. Гирне на Кипре); Казахский институт экономики, менедж-

мента и прогнозирования – 2 человека (по магистерским программам по экономике совместно с Университетом Сан-Франциско, США); Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина – 2 человека по магистерским программам по специальности аграрный менеджмент совместно с Университетом прикладных наук Германии Вайенштефан; Университет международного бизнеса – 72 человека (по магистерской программе МВА с Московской международной высшей школой бизнеса). Благодаря реализации программы двудипломного образования совместно с зарубежными университетами в перспективе будет решаться задача конвертируемости казахстанских дипломов о высшем образовании, их признании на международном уровне, вовлечения отечественных университетов в международные рейтинги и другие образовательные проекты [5].

Таким образом, присоединение РК к Болонскому процессу, как отмечают международные эксперты, дает реальные преимущества для казахстанских вузов и студентов. Это: приведение отечественных образовательных программ и учебных планов в соответствие с европейскими стандартами; признание отечественных квалификации и академических степеней; обеспечение академической мобильности студентов и преподавателей; принятие образовательных кредитов студентов казахстанских вузов в зарубежных университетах; реализация программ двудипломного образования; конвертируемость казахстанских дипломов о высшем образовании в еврозоне, право выпускников на трудоустройство в любой из стран-участниц Болонского процесса.

Участие Республики Казахстан в международно-правовом сотрудничестве государств в сфере образовательного пространства направленно на повышение качества высшего образования и конкурентоспособности выпускников высших учебных заведений республики на международном рынке труда.

1 [www.strategy2050.kz](http://www.strategy2050.kz)

2 “Приоритетные направления развития образования и науки на ближайший период” К.Е. Кушербаев, 2000 - №1, 4, - стр. 15.

3 “Международные соглашения по признанию документов об образовании”, 2009 – стр. 45

4 Закон Республики Казахстан “Об образовании” от 7 июня 1999/ Казахстанская правда, 11 июня 1999. - С. 3-4.

5 [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz)